

БАС РЕДАКТОР

С.Ж. ПИРӘЛИЕВ

Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА құрметті мүшесі

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Нурiev М.А. – Абай ат. ҚазҰПУ Жаңартпа технологиялар және білім беру мазмұнын ҒЗИ директоры, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, профессор, бас редактордың бірінші орынбасары; **Сейсенбаева Ж.А.** – Абай ат. ҚазҰПУ Жаңартпа технологиялар және білім беру мазмұнын ҒЗИ оқу үдерісін жетілдіру бөлімінің басшысы, филология ғылымдарының кандидаты, жауапты редактор; **Айтбаев Ө.А.** – Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті, Тіл білімі институты ғылыми-терминологиялық орталығының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымының докторы, профессор; **Айталы А.** – Қазақ заң гуманитарлық университетінің әлеуметтік психологиялық пәндер кафедрасының профессоры, философия ғылымдарының докторы, профессор; **Әлмұхамбетов Б.А.** – Абай ат. ҚазҰПУ көркем сурет-графика факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Баймырзаев Қ.М.** – Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры, география ғылымдарының докторы, профессор; **Бөлеев Қ.** – Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының «Педагогика және этнопедагогика» кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Бейсенова А.С.** – Абай ат. ҚазҰПУ-дың «География және экологиядан ғылыми-әдістемелік орталығының» меңгерушісі, география ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының акедемигі; **Берікханова А.Е.** – Абай ат. ҚазҰПУ «Ұлттық тәрбие» кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент; **Ғаббасов С.** – жазушы, КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі, медицина және педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Есім Ғ.** – ҚР сенат депутаты, философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Есполов Т.И.** – Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА-ның академигі; **Жарықбаев Қ.К.** – Т.Т.Тәжібаев атындағы этнопсихология және этнопедагогика орталығының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, психология ғылымдарының докторы, профессор; **Иманбаева С.Т.** – Абай ат., ҚазҰПУ «Ұлттық тәрбие және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д., профессор; **Қирабаев С.С.** – М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, Абай ат. ҚазҰПУ ректор кеңесшісі, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Қасқабасов С.А.** – М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Қыдырәлиев Д.** – ҚР Президент Әкімшілігінің сарапшысы, философия ғылымдарының докторы; **Қозыбаев І.М.** – ҚР Мәдениет министрлігінің Мәдениет Комитетінің төрағасы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; **Қалиев С.К.** – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Жалпы педагогика кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Қойгелдиев М.Қ.** – Абай ат. ҚазҰПУ Магистратура және докторантура РnD институтының Гуманитарлық мамандықтар кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор; **Мырзахметов М.** – Абай ат. ҚазҰПУ жанындағы «Абайтану ғылыми-зерттеу орталығының» директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор; **Мұтанов Ғ.М.** – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ректоры, техника ғылымдарының докторы, профессор; **Молдабеков Ж.Ж.** – философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби ат. ҚазҰУ «Мәдени-антропология» кафедрасының профессоры; **Нөкетаева Д.Ж.** – Қазақ Мемлекеттік Қыздар педагогикалық университетінің ректоры, педагогика ғылымдарының кандидаты; **Нәрібаев К.Н.** – ҚР ҰҒА қоғамдық және гуманитарлық бөлімше төрағасының орынбасары, экономика ғылымдарының докторы, профессор; **Сарыбеков М.Н.** – ҚР Білім және ғылым вице-министрі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Сманов Б.Ө.** – Абай атындағы ҚазҰПУ-дың әкімшілік басқармасының бастығы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Табылдиев Ә.Т.** – әл-Фараби ат. ҚазҰУ профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Түрікпенов Ж.** – Абай ат. ҚазҰПУ Магистратура және докторантура РnD институтының педагогикалық мамандықтар кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ Гуманитарлық академиясының академигі; **Шаханова Р.Ә.** – Абай ат. ҚазҰПУ-дың магистратура және докторантура РnD институтының филология мамандықтар кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д., профессор; **Шолпанқұлова Г.К.** – Абай ат. ҚазҰПУ «Ұлттық тәрбие» кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты; **Құрманғали А.К.** – жауапты хатшы.

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

С.Ж. ПИРӘЛИЕВ

Ректор КазНПУ имени Абая, доктор педагогических наук, профессор,
почетный член НАН РК

СОСТАВ РЕДАКЦИОННОГО СОВЕТА:

Нурiev М.А. – директор НИИ инновационных технологий и содержания образования КазНПУ им. Абая, профессор, Заслуженный работник высшей школы РК, первый заместитель главного редактора; **Сейсенбаева Ж.А.** – руководитель отдела исследования, разработки и совершенствования уровней образовательного процесса и их содержания НИИ инновационных технологий и содержания образования КазНПУ им. Абая, кандидат филологических наук, ответственный редактор; **Айтбаев О.А.** – президент международного сообщества “Қазақ тілі”, главный научный сотрудник Научно-терминологического центра института языкового образования, доктор филологических наук, профессор; **Айталы А.** – профессор кафедры социально-психологических дисциплин Казахского юридического гуманитарного университета, доктор философских наук, профессор; **Альмухамбетов Б.А.** – декан художественно-графического факультета КазНПУ им. Абая, доктор педагогических наук, профессор; **Баймырзаев К.М.** – ректор Костанайского государственного педагогического института, доктор географических наук, профессор; **Бөлеев К.** – зав. кафедрой “Педагогика и этнопедагогика” Таразского Государственного Педагогического Института, доктор педагогических наук, профессор; **Бейсенова А.С.** – зав. кафедрой «Научно-методический центр по географии и экологии», доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК; **Берікханова А.Е.** – доцент кафедры «Национальное воспитание» КазНПУ им. Абая, кандидат педагогических наук; **Ғаббасов С.** – писатель, Заслуженный работник здравоохранения КСРО, доктор медицинских и педагогических наук, профессор; **Есполов Т.И.** – ректор Казахского национального аграрного университета, доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК; **Есім Ғ.** – депутат сената РК, доктор философских наук, профессор, академик НАН РК; **Жарықбаев Қ.К.** – директор Центра этнопсихологии и этнопедагогике имени Т.Т. Тажибаева, доктор педагогических наук, доктор психологических наук, профессор; **Иманбаева С.Т.** – зав. кафедрой «Национального воспитания и самопознания» КазНПУ им. Абая, д.п.н., профессор; **Қирабаев С.С.** – советник ректора КазНПУ им. Абая, главный научный сотрудник Института литературы и искусства им. М. Ауезова, доктор филологических наук, профессор, академик НАН РК; **Қасқабасов С.А.** – директор Института литературы и искусства имени М.Ауезова, доктор филологических наук, профессор, академик НАН РК; **Қыдырәлиев Д.** – эксперт администрации Президента, доктор философских наук; **Қозыбаев И.М.** – председатель Комитета культуры Министерства культуры и информации РК, доктор исторических наук, профессор; **Қалиев С.К.** – профессор кафедры “Общей педагогики” Казахского Государственного женского педагогического университета, доктор педагогических наук, профессор; **Қойгелдиев М.Қ.** – зав. кафедрой гуманитарных специальностей Института Магистратуры и докторантуры РnD КазНПУ им. Абая, доктор исторических наук, профессор; **Мырзахметов М.** – директор НИЦ Абаеведения КазНПУ им. Абая, доктор филологических наук, профессор; **Мұтанов Ғ.М.** – ректор Казахского Национального университета имени аль-Фараби, доктор технических наук, профессор; **Молдабеков Ж.Ж.** – профессор кафедры “Культурной антропологии” КазНУ им. Аль-Фараби, доктор философских наук; **Нөкетаева Д.Ж.** – ректор Казахского Государственного женского педагогического университета, кандидат педагогических наук; **Нәрібаев К.Н.** – зам. председателя отделения общественных и гуманитарных наук НАН РК, доктор экономических наук, профессор; **Сарыбеков М.Н.** – вице-министр образования и науки РК, доктор педагогических наук, профессор; **Сманов Б.О.** – начальник административного управления КазНПУ им.Абая, доктор педагогических наук, профессор; **Табылдиев А.Т.** – профессор КазНУ им. аль-Фараби, доктор педагогических наук; **Түрікпенов Ж.** – профессор кафедры педагогических специальностей Института Магистратуры и докторантуры РnD КазНПУ им. Абая, кандидат педагогических наук; **Шаханова Р.А.** – зав. кафедрой филологических специальности Института Магистратуры и докторантуры РnD КазНПУ им. Абая, доктор педагогических наук, профессор; **Шолпанқұлова Г.К.** – доцент кафедры «Национальное воспитание» КазНПУ им. Абая, кандидат педагогических наук; **Құрманғали А.К.** – ответственный секретарь.

EDITOR-IN-CHIEF
S.ZH. PRALIEV

the rector of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor,
dear member of NAS RK

EDITORIAL STAFF:

Nuriev M.A. – the director of scientific research institute of innovative technologies and content of education of KazNPU named after Abai, candidate of technical science, the professor, the deserved worker of the higher school of RK, the first deputy of the editor-in-chief; **Seysenbaeva Zh.A.** – the chief of department development of educational process of scientific research institute of innovative technologies and content of education of KazNPU named after Abai, the candidate of philological science, the managing editor; **Aytbaev O.A.** – the president of the international community «Қазақ тілі», the main scientific employee of the Scientifically-terminological centre of Institute of language education, the doctor of philology, the professor; **Aytaly A.** – the professor of chair of socially-psychological disciplines of the Kazakh Law Humanitarian University, the doctor of philosophy; **Almukhambetov B.A.** – the dean of art-graphic faculty KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, the academican of National Knowledge Academy named after Y.Altynsarina; **Baymyrzaev K.M.** – the rector of Kostanaysk State Pedagogical Institute, the doctor of geographical sciences, the professor; **Boleev K.** – the university chair of “Pedagogics and ethnopedagogics” of Taraz State Pedagogical Institute, the doctor of pedagogical science, professor; **Beysenova A.S.** – the chair of sud department «the scientifically-methodical centre on geography and ecology» the doctor of pedagogical sciences, the professor, academican of NAS RK; professor of a chair “National education” of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Berikhanova A.E.** – the associate professor of a chair “National education” of KazNPU named after Abai, the candidate of pedagogical sciences; **Gabbasov C.** – the writer, the deserved worker of public health services KSRO, the doctor of medical and pedagogical sciences, the professor; **Esim G.** – the deputy of senate of RK, the doctor of philosophic sciences, the professor, the academican of NAS RK; **Espolov T.I.** – the rector of Kazakh national agrarian university, the doctor of economical sciences, the professor, the academican of NAS RK; **Zharykbaev K.K.** – the director of the ethno psychology and ethnopedagogics center named after Tazhibaeva T.T., the doctor of pedagogical sciences, the doctor of psychological sciences, the professor; **Imanbaeva S.T.** – Head of the Department of “national education and samoponaniya” KazNPU them. Abaya, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Kirabaev S.S.** – the chancellor adviser of KazNPU named after Abai, the mail scientist of the Literature Institute named after M. Auezov, professor of the chair “Kazakh literature” of KazNPU named after Abai, the doctor of philology, the academican of NAS RK; **Kaskabasov S.A.** – the director of Literature Institute named after M. Auezov, the academican of NAS RK, the doctor of philology science, the professor; **Kydyraliev D.** – the expert of Presidential Administration, the doctor of philosophy; **Kozybaev I.M.** – the chairman of Culture committee of the Ministry of culture and information RK, the doctor of historical sciences, the professor; **Kaliev S.K.** – the professor of the chair “General pedagogic” of Kazakh State Female Pedagogical University, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Koygeldiev M.K.** – the university chair of humanitarian specialties of PhD studies and magistracy Institute of KazNPU named after Abai, the doctor of historical sciences, the professor; **Myrzakhmetov M.** – the director of the research center Abai-studies under KazNPU named after Abai, the doctor of philology, the professor; **Mutanov G.M.** – the rector of the Kazakh National University named after after Al-Farabi, the doctor of technical science, the professor; **Moldabekov Zh.Zh.** – the academican of social academy, the academican of Academy International acmyology, the doctor of philosophic sciences, the professor of the chair “Cultural anthropology” of KazNU named after Al-Farabi; **Nuketaeva D.Zh.** – rector of Kazakh State Female Pedagogical University, the candidate of pedagogical sciences; **Naribaev K.N.** – vice-chairman of separation of social and humanitarian sciences of NAS RK, the doctor of economics, the professor; **Sarybekov M.N.** – the vice-minister of education and science of RK, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Smanov B.U.** – the director of Republican institute of improvement of professional qualification of the scientific-pedagogical personnel, the candidate of pedagogical sciences, the professor; **Tabyldiev A.T.** – the doctor of pedagogical sciences, the professor of KazNU named after Al-Farabi; **Turikpenov Zh.** – the professor of chair of pedagogical specialties in the Institute of magistracy and doctoral PhD candidacy of KazNPU named after Abai, the candidate of pedagogical sciences, the academican of Academy of the humanities; **Shahanova R.A.** – the university chair of philological specialties of PhD studies and magistracy Institute of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, **Sholpankulova G.K.** – the associate professor of a chair “National education” of KazNPU named after Abai, the candidate of pedagogical sciences; **Kurmangaly A.K.** – the executive secretary.

Меншік иесі: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2010 жылдың 4-ші ақпанында тіркеліп, №10674-Ж куәлігі берілді.

© Абай атындағы ҚазҰПУ, 2012



«Мәселе жаңа тарих толқынында жаңа ұлттық мәдениетті жасап шығару. Сонымен, ұлтты осы заманғы магистралға ескі тәсілмен жасап шығаруға болмайды. Яғни, біз өткенімізді іздеп, болашағымыздан айырылмас үшін өткеніміз бен болашағымыздың арасында үлкен көпір жасауымыз керек. Ол көпір – ұлттық құндылықтар»

Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – А., 1997 ж.

АРМАНЫ КӨП ЕДІ ҒОЙ АЛМА АПАЙДЫҢ...

(Көрнекті ғалым-ұстаз, филология ғылымдарының докторы, профессор Алма Қыраубаева ашқан мектеп жайлы бір үзік сыр)

*Самал Дәрібайұлы –
Әл-Фараби атындағы Қазақ
Ұлттық университеті
қазақ әдебиеті кафедрасының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты*

Дана қазақтың дара жаратылған ғұламалар шоғыры сөз өнері мен саз өнерінің мөлдір бастауына қанып, қал-қадірінше елді де қандырып келе жатыр. Сол шоғырдың ішінде Алла Тағалам ерекше жаратып имандылық нұрын төккен, жылы шуағын мейірімімен шашуға пейілді жан Алма апайымыз еді.

Адамзаттың дыбыс тілін түсінгелі бергі талап-талпынысы – сауат ашу, білім алу. Даусыз нәрсе! Дауалаған жүректің дамылдағанша даңғыл жол іздейтіні және бар, ол - Ұстаздық жол! Жолы даңғыл болғанмен бұралаң бұлттарыссыз да емес. Алайда, Алла алдында да, адам алдында да дидарын ақ жапқанша сауапты іс жасатар Сара жол.

Пәни дүниеден ұстаздық ұлы көштің керуеніне көркем ойларын көмкере көшкен ардақты Ана – аяулы Алма апайымыз да осы Жолдың жолаушысы болатын. Көрікті ойларына көміліп, таланты мен тәліміне тәнті болып рахаттана тыныстайтын күндеріміздің келте болып көрген түстей келмеске кеткені тым өкінішті-ақ.

Ежелгі дәуір әдебиетінен дәріс берген Алма апайдың ұлт балаларына арнап жаңаша сипаттағы мектеп ашу қажеттілігі туралы ойларын университет қабырғасында жүрген кезімізде-ақ еститінбіз. Бірақ, шыны керек, ол қандай бағытта оқытатын мектеп, онда білім алатын шәкірттер мен ұстаздар қандай болмақ дегенді қиялдап қана қойғанымызбен, жете түсінбегеніміз тағы аян. Тағдырдың сыйы болар, Алма апай мектеп ашып, кейбірлімізді жұмысқа шақырғанда кезінде

қиялдаған кейіпкеріміздің өзіміз боларына шексіз қуандық.

1993 жылдың қыркүйегінде, жана оқу жылының қарсаңында, Алматының бөктерінде орналасқан Ораз Жандосов атындағы ауылда жергілікті жұртты ғана емес, қазақ зиялы қауымын елең еткізген елеулі жаңалық болды. Елеулісі сол – көрнекті ғалым-ұстаз, филология ғылымдарының кандидаты (апай бұл жылдары докторантурада болған еді. – С.Д.), Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің доценті Алма Қыраубаева осы ауылдан алаш баласына арнап ұлт мәдениеті мен әдебиетін тереңдете оқытатын мектеп-лицей ашты. Р.Бердібаев, Т.Кәкішев бастаған бір топ көрнекті ғалымдар батасын беріп, тұсауын кескен бұл киелі шаңырақтың кейін Алма апайдың мектебі аталып кетуі де заңдылық еді.

Атақтан да, абыройдан да кенде емес Алма апайдың Алматыдан арнайы келіп, алақандай ауылдан мектеп ашудағы мақсаты не еді? Басқа мектептерден ерекшелігі қандай болмақ?

Сол жылдары көпшіліктің көкейінен кетпей қойған көлденең сауал осы болатын.

Апайдың мақсаты айқын еді. Арман – Өркениет әлеміне **Қазақ құбылысы** болып кіретін **Азамат** дайындау, қазіргі қазақ азаматының мінезін қалыптастыру. Ұлтымыздың асыл қасиеттерін бойына сіңірген, заманғалайық **Тұлға** қалыптастыру. Ол үшін, ең әуелі, өз-өзіне сенімді бала тәрбиеленуі керек.

Шілденің шіліңгір ыстығында апайдың ауыл әкімшілігінен аттай қалап сұрап алған мәдениет үйін өз қолымызбен жөндеуден өткізіп, бөлмелердің көбін сыныптарға қайта лайықтап жасадық. Құрылысқа қажетті заттармен, мектеп мүліктерімен қамтамасыз ету ақшасына табыла қоймайтын алмағайып кездері онай шаруа емес тұғын. Апайдың талай мекемелер мен қалтасы қаржылы азаматтардың алдына баруына тура келді. Қазақы рухы жоқтардан қажып қайтатын қайран апайымызға қол ұшын берер күш іздеп қиналатынбыз сол бір сәт.

Тамыздың орта шенінде осы бір қиындықтардың біразы шешілгендей болды. Ауыл әкімшілігі мен осындағы мектептің, аудандық, облыстық оқу бөлімі мен білім жетілдіру институтының, демеушілік танытқан азаматтардың көмегімен мектебімізді жаңа оқу жылына материалдық жағынан да, методикалық оқу құралдарымен де жабдықтап үлгердік. Асқақ арманның жетегінде жүрген ұстаздарға бұдан артық қуаныш бар ма?!

Жұмысқа қабылданған ұстаздардың дені университет қабырғасынан жаңа шыққан жастар едік. Мұның себебі ұстазымыздың жаңаша көзқарасты жастардан іздегенінен болар. Практикада жүргенде болмаса, әлі оқушы алдында толық сабақ беріп көрмеген біздер үшін сүйікті апайымыздың қасымызда болуы қобалжыған көңілімізге медеу болатын. Әрбір сабағын сағына күтетін ұстазымызбен бірге жұмыс істеудің, оның ой-арманын өзімен қатар жүзеге асырудың сәттілік қана емес, сенім екенін түсіндік.

«Сеніміне» (апайдың авторлық бағдарламасы осылай аталды – С.Д.) серік бола алсақ, сеннің де сетінейтінін сездік. Мектептің ішкі жүйесі мен жұмыс мазмұны әміршілдік қатынастарды қажет етпейтін қағидаға құрылды. Ұстаз бен шәкірт арасындағы байланыс Адамгершілік негізді басшылыққа алды. Шәкірт көзқарасында біздің тұлғамыз білім беріп, тәртіпке салушы емес, рухани өсірушіге, үйретушіге айналуымыз бұлжымас заңдылық еді.

Адам баласын аялай білетін апай ұстаздарға аналық мейіріммен қарайтын. Тәжірибеміз жетпей тығырыққа тірелгенде өзі бас болып болған жайтты талқылап, ақылын айтып, тұңғыықтан алып шыққандай болатын.

Жұмысқа қабылданған ұстаздар терең білімімен ғана емес, баланың рухани өсуіне басшылық жасап, оған АДАМ ретінде қадірлі болуымен бағаланатын. «Балаға сыйлы боламын десең, баланы өзің сыйлай біл» дейтін апай.

Мектеп-лицейде алғашқы кездері бала саны аздау болғанымен кейін ата-аналардың сенімі күшейді ме, көрші ауылдардан, тіпті Алматы мен басқа облыстардан да оқуға тілек білдірушілер көбейді. Бірақ көп оқушы қабылдауға мектеп мүмкіндігі көтермейтін. Қабылданған оқушылардың бәрі бірдей мектептерінде жақсы оқыған оқушылар болды десек қателескен болар едік. Керісінше, білім дейгейі төмендеу, өз ортасында елеусіздеу болып жүрген оқушылар көбірек келетін. Негізгі ұстанымымыз – баланың болашағы мен мүмкіндігіне сену, сондықтан кейбір гимназиялар мен лицейлердегідей білімі мен тәртібіне қарап қабылдайтын қатаң қағидалардың қажеті бола қоймады. Апайдың авторлық бағдарламасының түпкі мұраты да баланың рухани өсуіне басшылық жасап, **Кісілік, Шығармашылық** қабілетін дамыту болатын.

Негізгі бағыты “Әлем және Мен” кеңістігіндегі танымды меңгеру болғандықтан ең алдымен ұстаз бен шәкірт арасында адамгершілік қатынас, түсіністік, мәдениетті орта жасалуы керек еді. Ал мұндай ортаны қалыптастыру үшін алдымен шәкірттерді бұйығылықтан құтқарып, өзіне деген сенімін қалыптастыру керек болды. Ішкі еркіндігі жоқ баладан білімділікті талап ету әділетсіздік болар еді.

Адам баласының өзін-өзі қадірлей білуінің өзі де үлкен мәдениет. Әлемдік мәдениетке жетудің баспалдағы өзіңді игеруде жатыр. Шәкірттің **Жеке Тұлға** болып қалыптасуы үшін өзіне деген сенімін

күшейтіп ішкі “**Менін**” ояту қажет. Бұл үшін не істеу керек?

Бұйығылықтан құтылуды, мұғалімдер, өзімізден бастадық.

Өз ұйғарымымызбен шәкірттерімізді “Қанат мырза”, “Динара бикеш” деген сияқты сыйластық сөздермен атадық. Шәкірттер де ұстаздарына “Рақым мырза”, “Алма бибі”, “Ләйлә бике” деп ілтипат етіп жататын. Алғашқы кезде өзімізге де тосындау болған осы қарым-қатынасымыз кейін ұстаз бен шәкірт арасындағы сыйластық пен құрметке дәнекер болды. Шәкірт жүрегінде бізге, ұстаздарға ғана емес, өз-өзіне деген сенім пайда болды. Шынында, осы қарапайым ғана нәрсе көбінесе фамилиясымен ғана аталып, азан шақырып қойған атын мұғалім тарапынан анда-санда бір еститін шәкірт жүрегін жылылыққа бөледі деп айтуға болар еді. Бір ерекшелігі бұл күндері алды жоғарғы оқу орнын аяқтауға жақын сол шәкірттеріміз жолай кездесіп қалсақ бізді әлі күнге осылай атап жатады.

Бұйығылықтан құтқаруды би мәдениетін үйренумен де байланыстырдық.

Балаларды былай қойғанда өзіміздің де бабына келтіріп би билейтініміз шамалы. Ата-аналар тарапынан да “бесіктен белі шықпай жатып билеген несін алған, сабағын оқыса да жарамай ма?” деушілер табылды. Биге икемсіздеу кейбір мұғалімдер де “балалармен бірге қалай билейміз, қарап тұрсақ қайтеді” деген ойларын білдіріп жатты. Бұл би мәдениетін түсінбегендіктен туған пікірталастар еді. Ақырында “балалардың жұрт алдына шығып сөйлеу, билеу мәдениетін қалыптастыру үшін өзіміздің ашылғанымыз жөн” деген ұйғарымға келдік.

Осылайша “бикеші” демектебіміздің әдемі дәстүрінің біріне айналды. Классикалық музыкадан бастап қазіргі жастардың ырғағы – бәрі қамтылды. Келе-келе алғашқы кештерде фойедегі үстелдің астына тығылып қалып, көздері жылтырап күліп қарайтын бесінші жылдықтағы шәкірттеріміз де, биге шығуы қиямет-қайымға айналатын кейбір

ұстаздар да ашылып, шама-шарқынша билей бастады. Бұдан не ұттық?

Әдетте, тек 10-11 сыныптарға ғана рұқсат етілетін би кештеріне қатаң бақылаушы ретінде ғана тұратын мұғалімдердің (көп оқушылардың түсінігінде осылай қалыптасқан) өздерімен бірге билеуі шәкірттерді шаттыққа бөледі. Мәселе қалай билегенімізде емес, би мәдениетін бірге түсінгенімізде болды. Би билеу баланың өзін сүйкімді көрсетудің тамаша мүмкіндігі екендігіне көзіміз жетті.

Баланың ішкі мүмкіндіктерінің терең ашылуына тағы бір жағдай жасалынды. Мектебімізде шәкірттер мен ұстаздар арасында терең байланыс болу үшін хат салатын жәшік ілінді. Бұл әдіс шетел педагогтарының тәжірибесінде бұрыннан бар. Арнайы орынға қойылған жәшікке шәкірттер ұстаздарына деген ойларын хатпен білдіруге де мүмкіндік туды. Алғашында кімгеренжіп жүргені, қайда барғысы келетіні, сабаққа не үшін дайындала алмағаны т.с.с. сияқты мазмұндағы хаттардың астында қалғандай болдық. Нақты біреуіміздің атымызға келген хатқа міндетті түрде жауап жазуға тырыстық. Өз арамызда әзілдеп айтатын “Үшбу хаттармен” ой бөлістік, ақыл қосқандай болдық. Кейін хаттар легі саябырсығандай болды. Хат жаза білудің де үлкен мәдениет екенін шәкірттеріміздің түсінгендігі болар. Бұл заңдылық еді. Енді тек шәкірттерден жан сезіміне әсер еткен нәрселерді жазған хаттар алатын болдық.

Сенімі бар шәкірт шығармашылықпен де жұмыс істеуге икемді. Оны дер кезінде сыртқа шығара алмаса лап етіп жанған оттай өшіп қалуы да мүмкін. Қайта тұтату қиын. Жоғары сыныпқа келген оқушының бойынан кішкентай кездеріндегідей талпынысты таба алмай қиналатынымыз қазір жасырын емес.

Сухомлинский “Бала өзін-өзі жетілдіруге икемделмесе, оны жүз мұғалім де тәрбиелей алмайды” деп бекер айтпаса керек. Мектептегі әр оқу бөлмесінің алдына орналастырылған шағын тақта мен бор шәкірттердің шығармашылық

шабыттарының оянуына өз үлесін қосты. Бұны лездеме тақта деп атадық. Түсінбеген кісілер “Осы жерге тақтаның не қажеті бар?” деп жататын. Бірақ, ойына келіп қалған сөзді немесе көріністі тежеп ұстағаннан гөрі, (мұның арты партаға немесе қабырғаларға жазылған “туындыларға” әкеліп жатады) лездеме тақтаға жазудың пайдалы жағы да болды. Бәрі бірден мәдениеттілік деңгейіне көтеріле алмайтыны сияқты, шәкірттер шығармашылығы да түрліше көрініс тауып жататын. Тақталардан өз досының суретін салған, басқа бір жылдықтың оқушысын туған күнімен құттықтаған т.б. сөздердің куәсі болатынбыз. Хал-қадірімізше бұл еңбектерді де бағалауға тырыстық.

Шәкірттің жан сезіміне әсер етіп рухтандыру әлбетте 45 минут сабақтың еншісіне ғана кірмейді. Бала шығармашылығын дәріптеп отыру - сандық түсініктен сапалы түсінікке әкелетіні белгілі. Мектебіміздегі пікірталастар, баяндамалар, ғылыми жобалар қорғау шәкірттердің шығармашылық мүмкіндіктерін ашуға септігін тигізді. Оқушылардың салған суреттері мен өлеңдері, қолөнер туындылары көп алдына күнделікті шығарылып отырады. Әр бөлменің қабырғасына ілінген өлеңдер, сөзжұмбақтар, суреттер, тіпті жақсы шығарылған есептерді де көруге болатын. Бір-бірінің шығарған туындыларымен танысып, мәре-сәре болып жататын балалар шығармашылығынан адамға ой салар мазмұндысы да, өзінен басқа өзгенің түсінуі қиын дүниелер де кездесетін. Ұнамай қалған туындыларын қайта алып тастап жататын жағдай да болды. Бұның өзі, әдетте қабырғада қатып тұратын қағаздарға қарағанда әсерлі еді.

Апайдың жетекшілігімен құрылған көркемөнерпаздар үйірмесінің жұмысы да жаңаша сипат алған. Үлкен сахналарда шәрбәт мақамымен талайды тамсандырған ұстазымыз шәкірттерінің де өнерден қара жаяу қалмағанын қалайтын. Сабақтардың да музыкамен байланыстырылуы ескерілетін. Шындалған шәкірттердің де мектеп

сахнасымен шектелмей, үлкен орталарда өнерлерін көрсетуіне жағдай жасалды. Ауыл-аймақтарды аралап, концерттік бағдарламамызды ұсындық. Ән мен күйге сусындап отырған ел-жұрт бір жадырап қалса, балалар да ауыл азаматтарының ақ батасын алып, арқаланып қайтатын. “Өнерлі бала – сүйкімді” деген осы болар.

Білімді игеру деңгейіне қарай базалық, жоғары және өте жоғары бағдарлама жасалынды. Балалар еңбегін бағалауда да рейтинг жүйесі енгізіліп, демократиялық қатынастардың орнауына қызмет етті. Тынымсыз еңбек қабілетті дамытатыны секілді, бұл жүйе де балалардың еңбектенуін бағалау басты назарда болды. Шәкірттердің **Ел – Жер Әлем** – Мен кеңістігіндегі дүние танымын кеңейту осы бағдарламаның басты мақсаты болатын. Шәкірттер “**Әлемтану**”, “**Елтану**”, “**Ислам мәдениеті**”, “**Еуропа мәдениеті**” т.б. секілді жоғары оқу орындарында оқытылатын арнайы курстармен осы киелі шаңырақта-ақ танысты. Апай қыз балалардың болашақ ана екенін ескеріп, тек жақсы маман ғана емес, отбасының ұйытқысы болуға тәрбиелейтін. Осы себепті 9 жылдықтан бастап (сынып жылдық деп аталды – С.Д.) мектебімізде қыз балаларға арналып “Қыз әдебі” сабағы жүргізілді. Бұл пәндерді жоғары оқу орындарында білім беретін ұстаздар жүргізетін. Әрине, сабақ кестелерінің ыңғайына қарай оларды отыз шақырым Алматыдан қатынатудың апай үшін оңайға түспегенін айта кеткеніміз артық болмас.

Мектепте үзіліс уақытының тиімді өтуіне ерекше мән берілді. Апай айтқандай “алақандай жұмсақтығы жоқ” шар етіп, баланы селк еткізетін электр қоңыраудың орнына үзілісте арнайы бағдарлама жасап, ұлттық ән-күйлер, классикалық музыка қоятын болдық. Оқушылар үзілістің болғанын осы қойылған музыкадан білетін. Күніне 5-6 рет құлаққа сіңген әуен жүрекке де жетеді. Ол әннің (күйдің) кімдікі, туу тарихы қалай - бұлардың бәрі фойеде арнайы орынға жазылып қойылатын.

Әр бала – Алланың ата-анаға тартқан сыйы, табиғаттың ғажайып құбылысы. Жер – Ананың адам баласына сыйлаған тағы бір тамаша тартуы – денсаулық. Оны сақтау да үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Мектептің бағдарламасына сай жүргізілетін дене мәдениеті пәнінің де дене шынықтыру сабақтарынан өзгешелеу өткізілгенінің пайдасы болды. Сол кездері республика көлемінде кеңін тарай бастаған П.Ивановтың суық сумен шынығу әдісін шәкірттермен бірге ұстаздар да осы пәннің көмегімен меңгере бастады. Ауыл маңындағы Шамалған өзенінен жан дүниеміз сергіп қайтатын сол бір кез... Шәкірттеріміздің қытымыр қыстың сары аязында салауатты өмір салтын насихаттау әдісін сол жылдары республикалық телеарналар да түсіріп, жұртшылыққа таныстырған. Осы әдістің үлкен жанашыры халықаралық “Бөбек” қорының президенті С.Назарбаева ханым да арнайы келіп, ризашылығын білдірген.

Өзіне деген сенімді сезінген шәкірттер орынсыз ұялшақтықтан, бұйығылықтан арыла бастады. Жоғары жылдық - төменгі жылдық деген шарттылық жойылып, олардың арасында аға-іні, апа-сіңілі қарым-қатынасы орнады. Бізді де тек мұғалім есебінде емес, туған бауырындай қабылдайтын. Осылайша, ұжымымызда жылы, әдемі психологиялық атмосфера қалыптасты. Мек-

тебіміз **Тәрбиелі Отбасының үлкейген Моделіне** айналды десем артық айтқандық бола қоймас. Осы сыйластығымыз бен жылы ұямыздың тыныштығын қорғауға ұстаздар да, шәкірттер де мүдделі болдық. Кез-келген ұжым үшін ең басты нәрсе ішкі ахуалдың дұрыс болуы десек, осы мақсатқа жеткендей едік. Үлкенге - құрмет, кішіге – ізет қалыптасты.

Қажыр-қайраттың да қаржыға қарап қалар кезі болады. Сол жылдары талайды тентіретте жаздаған тәкаппар тапшылық мектебімізді де терең тұңғығына тартып, тығырыққа тіреді. Халықтың игілігіне айналған мектеп нарықтың иірімінде кете барды. Қаржы мен қамқорлықтың аздығынан мектебіміз жабылды.

Әрине, толықтай бұл бағдарламамен жұмыс істеу бала саны көп оқу орындарында қиындау болуы да мүмкін. Дегенмен, бұл күндері республика көлемінде апайдың авторлық бағдарламасымен жұмыс істеп жатқан мектептердің бары көңілге жұбаныш.

Асыл қасиеттерімен адамшылық педагогикасының дәнін еккен, алаш баласын өр рухты азамат етуді армандаған аяулы апай бүгінгі арамызда жоқ.

Төрт жыл білім мен тәрбиенің тал бесігіне айналған мектебіміздің тарихын таразылатқан тағдырға не шара...

Резюме

Статья посвящена жизни и деятельности доктора филологических наук, профессору Алме Кыраубаевой.

Summary

The article is devoted to the life and work of Doctor of Philology, Professor Alma Kyraubaevoy.



«Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды»

Бауыржан Момышұлы

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ҰЛТ ҚҰРАУ МҮМКІНДІГІ

Жұматаева Е. –

педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ж.Аймауытов атындағы этнопедагогика және инновациялық технологияларының ғылыми-практикалық орталығының директоры С.Торайғыров атындағы ПМУ

Ұлттық тәрбиенің іргетасы қазақ халқының алты алашынан бастау алып, бүгінгі жаһандану дәуіріне дейін жалғасып келеді.

Бұл орайда отбасының, ел ортасының, жеке болмыстың өзіндік ерекшеліктеріне қатысты адами сананың қалыптасуы мен өркен жаюы сол ұлттың туа біткен, қанына сіңген сипатына тікелей бағынышты болуына бірталай зерттеу еңбектері дәйекті тұжырымдар түйген. Анықтап айтсақ, ұлттық ерекшелік ескерілмеген жағдайда бірден басқа халықтың өз еңбегімен тырнақтап жинақталған нәтижесіне ие болып кенелемін деу сағым қуғанмен бірдей. Бұл бағытта көптеген зиялы қауым өкілдері баспасөзде осыған орайлас пікір айтуда, бірақ оның себеп салдары тек «Басқа ұлттың моделіне көшпеу керек» деген түйінді оймен аяқталып келеді. Сондықтан бұл түйінге біздер себеп іздестіріп, ғалым С.Аязбекованың «онтология», «гносеология», «аксиология» жайлы философиялық ғылыми ұстанымын негізге алып, әсіресе «ұлттық код» сипатын ЖОО педагогикаға қалай пайдалану мәселелері зерделенді. Әлемдік өркениетті мемлекеттер қатарына қосылмау диалектика заңдылығына қайшы. Сол себепті 50 өркениетті мемлекеттер қатарына кіру – стратегиялық міндеттер.

Қазақстан Республикасында модульдік оқыту 80-жылдардың аяғынан қолға алынды. Оның бастау көзі АҚШ-та ХХ ғасырдың 60-жылдарында тәжірибеге енгізіліп, оқыту саласында Америка мен Еуропа біртұтастық іс-әрекет тұрғысында

оқыту ісіне енгізілді. Модульдік оқыту ең ұтымды технологияны оқыту үдерісінде іске асырады. Оқыту үдерісінің маңыздылығы – модульдік технологияға жүгініп, оқыту мазмұнының жеке блоктарға автономды жіктеліп келуі. Жұмыстың бұл түрінде бұрынғы тараулар жеке-жеке бір сағат көлемінде қарастырылмай, тұтас, туыстас, ұсақ тақырыптардың блокқа бөлініп, оның тұтас жүйесі бір модуль құрастырады. Болон моделіне көшу үшін ЖОО-нда барлық мамандыққа орай мемлекеттік стандарт сыйымдылығындағы пәндерден осындай модульдік жүйедегі оқулықтарды даярлау керектігі байқалып отыр. Модульдің көлемі мамандықтың оқытылатын білім мазмұнына, мақсаттарына тікелей байланысты болып келеді. Мұндай жағдайда бұрынғы стандарт пен бүгінгі стандарт арасындағы айырмашылықтарды жіктеп, әрбір ОПҚ өзінің жұмыс жобасын ұлттық мүддені негізге алып, Еуроодақ елдеріндегі тағылым мен тәжірибені зерделеп, бейімдеп жүйелеуі ұтымды көзделеді. Біріншіден, қиындығы бұндай сүбелі жұмысқа әр профессор-оқытушы өз ықыласымен бағдарлай алуы.

Екіншіден, әлеуметтік ортаға қажетті мамандықтарды кеңейтіп, жұмысқа орналасу мүмкіндігін ескеріп барып оқыту модернизация талабына сай іс-әрекетті қамтамасыз етеді.

Үшіншіден, модульдік бейімделу бағдарламалары жұмысқа тұру талаптарының құзыреттілігімен ұштастықта келуін жүзеге асыру қарастырылады.

Төртіншіден, жаңа инновациялық

технологиялардың соңғы нәтижені болжауына және оның нәтижелігіне кепілдеме беруіне бағдарлайды. Ең соңында Еуроодақ кеңістігіне бұл іс-әрекет жарайтыны мен жарамайтыны жайлы әділетті сараптама жасайтын эксперт шақырылуы керек.

Жоғарыда берілген төрт шарттың дұрыс ұйымдастырылуы жергілікті және Еуроодақ білімдену кеңістігімен қатысатын өкілеттіліктің, тренингтік семинар, конференция және т.б. белсенділігін арттыруға қозғаушы күш болар іс-шаралары бірнеше рет өткізілуіне байланысты. Модульдік парадигма екі жақты (Қазақстан және Еуроодақ) келісімде құрылуы - талаптың ең басымдығы.

Әрбір тұлғаның ой-өрісінің ұдайы алға қарай жылжуы үшін ежелден бері қаланған амалдар жинақталып, болашақ ұрпаққа рухани құндылық сапасында қорланып отырады. Өкінішке орай, формация өзгерістеріне қарай ол рухани құндылықтар кей тұста қажеттілікке қозғаушы күштік рөл атқарса, кей тұста оны елемейтін, керек қылмайтын жағдайлар кездеседі. Осындай бір жағдай білімденудің инновациялық технологиясының белді бір түрі – оқытудың модульдік амалы. Модульдік оқытудың генезисін зерттеген Д.В.Чернилевский XX ғасырдың 60-жылдары АҚШ-та Еуропада аталған оқытудың түрі кең тараған деп қорытынды жасайды. Оқытудың бұл технологиясын жүзеге асырудың нелер бір ұтымды амал-тәсілдерін іске асыратынына дәлелді пікір білдіреді.

Бүгінгі таңда модульдік оқыту үдерісін Қазақстан Республикасында қайтадан түсіндіріп жату бір жағынан қолайсыз, десек те, бұндай батылдыққа баруымыздың бірден-бір себеп-салдары – ЖОО-ндағы оқулықтардың модульдік талаппен құрылуының кемсіндігі. Егер кредитті технологияны толыққанды жүзеге асыру өз мәнінде болмай отырса, оның барлық себебі аталған талаппен оқулықтардың құрылмауы дер едік. Сонда модульдік технологияның бүгінгі «мүмкіндік теориясын» іске асырап

қандай басымдығы бар? – деген сұрақ туса, оған жауап былай болып келеді:

Ұйымдастырушылық-нұсқаулық блоктары модуль жіктелмесіне жеке-жеке бағынып тұрады.

Әрбір автономды блоктың білім және оқыту мазмұны ұштастықта келіп, дидактикалық маңыздылықты айқындайды.

Оқытудың модульдік технологиясының мазмұны мен оның көлемі кәсіби және оқытудың саралану деңгейі мен мақсатына орай бірнеше нұсқаға бағдарланып келеді.

Аталған үш ерекшелік басқа технологияларға қарағанда ұтымдылықпен ұшқырлық сапаны өркендетуге қолайлы жағдай жасайды. Бұндай сапалық көрсеткішті біздер педагогика ілімінде «траектория» дейміз. Траекторияның қазақша баламасы жоқ болғандықтан (стандартта), біздер бұл ұғымды орыс тіліндегі қолданым тұрғысында алуды жөн көрдік. Сөйтіп, әр студент кредитті технологияға сәйкес ЖОО-ның оқу курсына қарай жеке (өзінің бейіміне қатысты) траекторияны таңдауына мүмкіндік туады. Бұл стохастикалық парадигманың ең басымдықтағы индикаторы болып табылады. Модульдік технологияның (1974) зерттеушісі – американдық Дж. Рассел. «Modular instruction» терминге Дж. Рассел оқу пакетін анықтайтын, оқу материалын тұжырымдамалық бірлік (әрбір ірі тақырыптың кішісіндегі тұжырымдардың қосындысы) оқыту іс-әрекетінің қарқыны, оқу материалын толық қамтитын оқыту технологиясы деп қарастырған.

Олай болса, Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі және осы журналдың бас редакторы С.Ж.Пірәлиевтің: «Адамды ойлануға үйрету – бүгінгі ұлттық тәрбиенің ең көкейкесті де маңызды мәселесі» – деген түйінді пікірі оның басымдық мәнділігін алға тартады [1]. «Адамды ойлануға үйрету» ұғымы бүгінгі білім берудің инновациялық технологиясының міндетін атқарады деп түсінген орынды. Технология үш түрлі

дағдарысты кезеңдерден өтті. Біріншісі – XX ғасырдың 20 жылдары ойлау өнеріне қатысты әлемде, соның ішінде Джеймс бастаған АҚШ зерттеушісі ойлау, пайымдау сияқты іс-әрекеттің ішкі және сыртқы жүйесін зерделеген. Ж.Аймауытов осы білімді ағылшынша оқып, өзінің еңбегін жазған.

Екіншісі – 50-60 жылдары. Скиннер ойлау өнерін өркендетуге қатысты білім нысанын программалық жүйеге түсірген.

Үшіншісі – 70-80 жылдары кабинеттік жүйе техникалық құралдарды ойлауға үйрету іс-әрекетіне сәтті пайдалануға әрекет жасалған.

Өкінішке орай, бұл әлемдік кеңістіктегі үш кезең оқыту үдерісінде жасөспірімдерді ойлау өнеріне үйрету міндетін түпнұсқаға сәйкестіріліп атқарылмады. Оның басты себебі әрбір зерттеушінің ғылыми тұжырымдары толығымен қамтылмай, әр ұлттың ұлттық сипаты есепке алынбай, білім мазмұнының ішкі құрам-бөліктері дұрыс жіктелмей, сыртқы жүйені қамту басымдық болғаны және «технология» ұғымы техника құралдарын пайдалану машығына айналып кеткені бүгінде анықталды.

Серік Жайлауұлы «Елдік сана» ұғымын ұлттық тәрбиенің құрамдық бөліктеріне жіктеп, халықтың тарихи кезеңіне сәйкес қарастырып, арман-аңсардың мәдениет пен өнерде, салт-дәстүрде, тіл мен ділде, діни сенім-нанымдағы түрлі-түрлі көріністерін анықтауға бағдар береді. Ұлттық тәрбиенің генезисін нақтылау үдерісінде бұл тұжырым-ұсыныстың аталып өткен мәселені шешуде атқарар рөлі зор.

Біздер ғылыми еңбектердегі шегеленіп айтылатын жаңа бесбұрысқа бағдар жасалатын бағамдарды әдеттегідей сыдыртып оқып шығамыз, сол себепті, мәтіндегі ең қажетті ұғымдар тасада қалып қояды. Мәселен, қазақтың Жәнібек және Керей хандығынан басталған тарихи кезеңдерінің өзі әлі бір тұғырға, арнаға, мәмлеге түспегені бұл мәселенің жете шешілмегенін аңғартады.

«Ұлттық санадан елдік санаға өту, ұласу» ұғымын философия ғылымдарының докторы, академик Ғ. Есім қазақтың ойлау үдерісіндегі даналық дәрежесін қайта оралту тұрғысында зерделеген.

Елдік санаға өту үдерісі дегенде Ғ.Есім сөз құдыретін ұғар ұлттық сананың орнығуы дегенді аңғартады. Бұған біздер Ж.Молдағалиевтің «Ар-ұят туралы» өлеңімен анықтай аламыз:

- Ол ұят, – деді сол қазақ қарт,
- Өлсең де, ожданнан безінбе!...
Жас жігіт күлді оны мазақтап:
- Ұятың нан болса, өзің же...
- Мен емес ұят деп өлетін, -
Деді, сол айтысты тұжырып.
Қарт та жоқ оп-оңай көнетін,
Жыққандай сөзі оны жүз ұрып.
- Сен де бір өліксің ендеше,
Тірі боп жүрсең де санақта

Бұл орайда, А.Құнанбаевтың 38 кара сөзінде кемелді болмыстың 300-ден астам құрамдық бөлігінің ең біріншісі тірі болу екенін ескереміз.

Абай Құнанбайұлы өзің тірісің, тірі болсаң да өліксің деуі ойлауға мойынұсындыру алдымен рухының қайратты болуымен байланысты дегенге саяды. Сөйтіп, Абай Құнанбайұлы кемелділіктің 300 құрам бөліктерінің ең біріншісі тірі болу екеніне мән береді. Бұл орайда студенттердің «Ұлттық тәрбие» пәніне деген қажетсіну уәжін ояту – нәтижеге бағдарлаудың кепілі.

Бүгінгі күнге дейін ұлттық тәрбиеге қатысты қазақстандық зерттеушілердің бірталай еңбектерінің өзіндік үлестері жоғары оқу орындарында, қорғалған диссертацияларда ғылыми негіздің тұғырнамасы ретінде жан-жақты қарастырылды. Десек те, әрбір зерттеушінің басқаға ұқсамайтын ғылымға енгізген атауларын, ұғымдарын, тұжырым-түйіндерін қатысым құралдарына, сөйлеу тірегіне айналдыру кемсін.

Ұлттық тәрбие үдерісінде XIX ғасырдағы қазақтың сан және сапа жағынан құлдырап, бар интелектуалды әлеуетінен айрылған тұсын «надан қазақ» деген ұғыммен

ауыстыру арқылы жастардың санасында жалпы қазақ ежелден надан деген пікір туғызылуда. Бүкіл мектеп оқулығындағы әдеби нысандарда әлі күнге дейін осындай ұстаным жалғасып келеді.

Қазақ қазақ болып жаратылғаннан бері қазақ халқы надан екен деген тұжырым бірталайымыздың санамызға бекіп қалды. Надандықтың туу себеп-салдары болып отырғандығына дәйектеме жасап, бірақ сол дағдарысты өткергеннен кейін еліміз өзінің ойлау өнерін қайтарып отырғанына әр ғасырдағы топ-тобымен өмірге келген зиялылар куә емес пе?!

Мәселен, Асан Қайғыдан басталған абыздар жыраулық дәстүрге жалғасты, одан кейін ақындар легі келді. XIX ғасырдан бүгінгіге дейінгі жазушылар, зерттеушілер көшбасылық міндет атқаруда. Олай болса, сөз шырынын қанына сіңірген қазақ халқының ойлау өнері ұдайы өзімен бірге, тек сол тетікті оқыту үдерісінің инновациялық технологияларымен түртіп ояту міндеті тұрғанын ескереміз. Ж.Аймауытовша айтсақ, соқыр сезімдерді жойып, саңылау сезімдерін өркендетуді басымдықта алу көзделеді. Ж.Аймауытов жұлма жад пен пәлсапалық жадты қосақтап ұстауына, оны саналы өркендете алу іскерлігіне конструктивті ой түйеді. Автордың өз сөзіне үңілейік. Жұлма жадтың ойлау әрекеті: бір нәрсені ақылға тоқып алудың ең жақсы жолы ақылды жүйе, басқаша айтқанда «білім» жүйесіне тізбелеуі; жиған «білім» жүйесін өз тобының ішінде тиісті орынға орналастыруы; оның себебін ойға қаттап салып түсіндіруін табуы; одан керекті салдарын қорытып шығаруы; ол қорытынды-тұжырым табиғаттың қандай заңына келетінін білуі; білім қоймасы – еңбек жолының ең тиімдісі деген түсінікке келуі; толып жатқан ұсақ-түйек ойларды білім жүйесінің қууы – жабайы ұғымның орнына меңзес іліктестіктің пайда болуы: заңды білу арқылы жадты толып жатқан жеке мысалдардан құтқаруы; заң арқылы керекті нәрсені дәйім еске түсіруі; Пәлсапалық әрекеті: барлық нәрселер ақылға тірелді;

түсіндіріліп, себеп-салдар есебінде бірімен-бірі байланысуы, жүйе жаттау шарттарының ең жақсы болуы; оның сілемімен кеп нәтиже қаражатпен қолға түседі; кімде-кімнің жұлма жады кем болса, ол кемшілікгі пәлсапалы ойлауды күшейту арқылы толықтыруы; бір нәрсені үнемі бір түрмен жаттаудан сақтануы; сөз ойдың табылмайтын құралы екенін елеуі; егделенген сайын адамның көру арқылы білім жиоы кеміп, сөз арқылы көп ұғынуы; миындағы ығы-жығы бернелерді реттеуі; нобайлап айтудан арылып, дәл қып айта алуы (заңы алаңы); өрнекті, пәлсапалы ойды аудармай айтуы; мақсатқа жетудің жолын талдау, тексеру, ойлай білу екенін ұғуы; оны қайталауы, қорытуы, жинақтауы, пысықтауы, толықтыруы» [5, 115 бет].

Біздер «интеллект» ұғымын жаңада қолданымға енгізсек, Әбу Насыр әл-Фараби оның төрт түрін ұсынғаны ғылыми нысанаға орныкпағаны өкінішті.

Қорыта келгенде, «ұлттық код» ұғымын қазақшалау міндетін өзіме жүктеуді жөн көрмей, осы қалпында қолданымға ұсынып, оның онтология, гносеология, аксиология сияқты құрам-бөліктерінің маңызы ерекше екеніне мән береміз. Мәселен, актуальды интеллект, потенциалды интеллект, жүре келе дарыған интеллект, әрекетшіл интеллект.

Демек, философ-зерттеуші Ғ.Есімнің Елдік сана өлшемі – қазақ елі мәңгілік деген ұғыммен анықталмақ [2, 28 бет] – идеясын ғылыми негізге алып, дәстүрлі немесе радикалды Еуразиялық өлшеммен кетеміз бе? – деген қорғасындай салмақты өткір мәселесіне қалай жауап табамыз?

Жаһандану заңдылығын ұлттық тәрбие үдерісінде елемей, өркениетке қол жеткізбейді. Ал бірден ол кеңістікке түссек, ұлтқа қауіп төніп, дүбәралық хал кешеміз.

Дүбәралық халдың нышанын философия ғылымдарының докторы, профессор А.Айталы «толеранттықтың шегі бар ма?» – монополия заңдылығына ұлт ретінде төтеп беруге кедергілер ретінде енжарлық пен селқостықты, «ұрлады» ұғымын «алдымен» ауыстырғаны жайлы пікір түйіп, шүкіршілік

түбінің жалқаулық екеніне тоқталып, бұны көкейкесті мәселе деп есептейді [3, 50 бет].

А.Айталы тұжырымдарынан ойлауға бағдарлаудың ілгерілеу траекториясына кедергі «дарақылық» дегенді парықтау қажеттілігі туып отыр.

Бір журналдың 3-4 мақаласынан осыншама ұлттық тәрбие жайлы өткір мәселелердің беті ашылып, оның шешілу орайларын қарастырған Ел Азаматтарының ғылыми пайымдамалары бұл нысанның әдіснамалық қарымын нығайтып тұр.

«Ұлттық код» моделін фольклор мен ауыз әдебиеті материалдарынан жіктеу орынды болмақ. Өйткені оның түпнұсқасын тек қондырма көрінісінен ғана табамыз. Базистік қалып санадан өткендіктен, әдеби нысандар қондырма рөлін атқарады. Бұл мәселенің басын ашу үдерісінде біздер, менің Абай атындағы кәрі ҚазПИ тұсындағы сүйікті ұстазым, академик Серік Қирабаевтың [4, 23 бет] ұлттық тәрбие мәселелеріне қатысты мәліметтер қазақтың фольклорында, әдебиетінде, өнер туындыларында көп сақталған... Солардың біразы кейінгі жылдары жарық көрген Х.Арғынбаевтың «Отбасы» (1996), А.Сейдімбековтің «Күңгір-күңгір күмбездер» (1981), «Қазақтың ауызша тарихы» (2003) атты зерттеулерінде жинақталып берілген – деген тұжырымдары жоғарыдағы пікірімізді дәйектеуге негіз. Қаһарман кейіпкер туғызу, тіпті көзге түсе бермейтін Ғ.Мүсіреповтің «Оянған өлкесіндегі» Талтаяқ бейнесі өмірдегі бар адамдардың іс-әрекетінен көркемдік пішінге ауысатынның дәлелі. Мәдениет, тұрмыс-салт, дәстүр, ырымдар, жоралғы сияқты ұлттық тәрбиеге қатысты нысаналарының түп қазығын сол дәуірлерге сәйкестіріліп суреттеледі. Әдебиет пен тарих пәндері ұлттық тәрбиенің ақиқатты нұсқасын аудармай, уақыт пен кеңістікке үйлестіріп ұсынады. Бұл пәндерден түпнұсқалы ұлттық тәрбиенің білім мазмұны сараланады.

Ойымызды қорыта келсек, ұлттық тәрбиеге қатысты ұлттық кодтың (сипаттың) шындыққа сыйымдылығын ескеру, оның

моделін құру – бұл мәселенің алгоритмдік межеде бірінші мәселе ретінде шешілуі;

Екінші мәселе – «Ұлттық тәрбие» пәнінің білім мазмұнын хронологиялық және хронотоптық тұрғыда ширата түсірілуі;

Үшінші мәселе – оқыту үдерісінде білім мазмұнындағы таптаурын болған, санаға бекіп қалған ұғымдарды жаңа философиялық тұрғыда, парадигмамен өзгертілуі;

Төртінші мәселе – әдіснама ауқымында жатталып қалған, әбден зерттеулердегі механистік әдетпен тізбеленіп бір жұмыстан екінші және т.б. жұмыстарда қайталана беретін еңбектерді талдай берумен шектелмей, оны кейінгі жаңа тұжырымдармен толықтырылуы;

Бесінші мәселе – студенттердің жеке болмысын ескеріп, көпдеңгейлікті тапсырмалардың модульдік, программалық, проблемалық, интегративтік және т.б. инновациялық технологиялары тұрғысында тиімді пайдаланылуы (рейтинг-мониторинг);

Алтыншы мәселе – жаңа жүйедегі докторанттардың (PhD) мәселелеріндегі қазақша мәтінді ағылшынша аударуда ұлттық тәрбиедегі аударуға келмейтін тұстарды жеңілдету амалдарының қарастырылуы;

Жетінші мәселе – ойлау, бағамдау, бернелеу, тұжырымдау, пайымдау, парасаттау, түйіндеу сияқты перцептивті, апперсепселі, суггестивті, дивергентті, когвергентті қабылдауға қатысты ұғымдардың иерархиялық өрлеу желісін орнымен қолданылуы;

Сегізінші мәселе – трансформация, траектория, мобильділік, консолидация, онтология, ұлттық код, гносеология, аксиология және т.б. ғылымда шет тілдерінен кірген ұғымдардың қазақша аудармасын ресми құзыреттегі тілшілердің аударуы;

Тоғызыншы мәселе – қыз балалар мен ер балалардың арасындағы ұлт тәрбиесіне қатысты сый-құрмет секілді жағымды қасиеттерінің тәжірибе жүзінде іске асырылуы (Ер балалардың жігерлілігі мен тәуекелшілдігін орнықтыру);

Оныншы мәселе – ұлттық тәрбие жайлы

түсінігі ғылыми тереңдікте, болмыстық сараптау тобының құрылуы; бітімінде және ол қасиеттердің көрінісі Он бірінші мәселе – бұл пәннің ҚР ЖОО-айқын көрінетін тұлғалар санатынан ның мемлекеттік стандартында бекітілуі.

Әдебиеттер:

1. С.Ж. Пірәлиев. «Ұлттық тәрбие» 1 наурыз 2010 Алматы, 13 бет.
2. Ғ. Есім. «Ұлттық тәрбие» 1 наурыз 2010 Алматы, 28 бет
3. А.Айталы. «Ұлттық тәрбие» 1 наурыз 2010 Алматы, 50 бет
4. С.Қирабаев. «Ұлттық тәрбие» 1 наурыз 2010 Алматы, 23 бет
5. Е.Жұматаева. Жоғары мектепте оқытудың біртұтас дидактикалық жүйесі. Монография. Алматы, 2001 ж. 115 бет
6. Е.Жұматаева, Р.Қадысова. Қазақстан Республикасындағы білім жүйесін басқаруда білімдену инновациялық технологияларын жүзеге асыру. – Павлодар ҒӨФ «ЭКО», 2008. 215-218 беттер

Резюме

Статья посвящена национальному воспитанию. Раскрывается роль казахской литературы при изучении дисциплины «Национальное воспитание». Использование литературных источников, начиная с фольклора до современных авторов, будет способствовать более полному и глубокому пониманию предмета.

Summary

The article is devoted to national education. The role of the Kazakh literature reveals in discipline studying «National education». Use of references, since folklore to modern writers, will promote fuller and depp understanding of a subjest.

ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА КӨЗҚАРАСЫ

Совет-Хан Ғаббасов –
*жазушы-дәрігер, фантаст,
 медицина және педагогика ғылымдарының докторы,
 КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі,
 Зайсан ауданының құрметті азаматы,
 Махамбет сыйлығының лауреаты,
 профессор*

Адам тәрбиесінде осы уақытқа дейін жалғасып келе жатқан с ә й к е с с і з д і к т і ң ең тұрпайысы, бүгінге дейін ПЕДАГОГИКА мен ПСИХОЛОГИЯНЫ біртұтас бірлікте қарамай, керісінше екі бөлек байланыссыз ғылымдар тәрізді қолданылуы болып табылады. Екеуінің де шыққан тегі – АДАМ баласынан пайда болатындықтан, ендігі жерде Педагогика мен Психологияның МЕТОДОЛОГИЯСЫ –

ЖҮЙЕЛЕРІ – НЕГІЗДЕРІ – біреу-ақ екенін мойындамай болмайды. Міне, бұл да осы уақытқа дейінгі АДАМ ТӘРБИЕСІНДЕГІ аса ауыр қателіктердің бірі болып табылады. Сайып келгенде, мұны да Педагогика мен Психологияның *теориясындағы кетік* немесе *ахау* десек, артық айтқанымыз емес. Ендеше, жоғарыдағы терең талдаулардан өткен Халық педагогикасының екі деңгейлі Методологиясы /биологиялық индивид

және сананы жетілдіру/ Жүйелері /жүрек тәрбиесі мен ақыл тәрбиесі/ жеті түрлі Негіздері бұдан былай Психология іліміне де теориялық негіз болып табылмақ. Себебі, Адамның болмысындағы ЖАН мен ТӘН қандай бірлікте болса, ПЕДАГОГИКА мен ПСИХОЛОГИЯ да соншалықты ажыратуға келмейтін бірлікте екендігі – дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат. Бұларды бұрынғыша бөлек-бөлек қарастыру, бүгінгі ғылыми жетістіктермен де сәйкес келе бермейтінін түсінуіміз қажет.

**ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМНІҢ
 ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІ**

Инновация (лат., in – ша, novus – жаңа) жаңаша түсінік, жаңалық?!

Ғылыми негізге сүйенген **жаңашылдықтың** ең негізгі көрсеткіштері, мектептер мен жоғарғы оқу орындарындағы, бұрынғы қалыптасып қалған дәстүрдегі іс-тәжірибелермен салыстырғанда, мүлдем жаңа технологиядағы прогрессивтік бастамалар болып табылады. Сондықтан да, инновация бүкіл білім жүйесіндегі тәрбие мен оқытып үйретуге үлкен өзгерістер әкеледі. Ол өзгерістердің бағыттары:

- мақсаты, мазмұны, әдісі және технологиясы, ұйымдастыру түрлері мен басқару жүйелері;
- педагогикалық қызмет пен оқыту танымдылығын ұйымдастырудың стилі;
- бақылау жүйесі мен білім деңгейінің бағасы;
- қаржыландыру жүйесі;
- оқу-әдістемелігін қамтамасыз ету;
- тәрбие жұмыстарының жүйесі;
- оқу жоспары мен оқу бағдарламалары;
- оқытушы мен оқушының қызыметтері.

Тарихи көлемде жаңалық атаулының деңгейі салыстырмалы түсінікпен бағаланады. Жаңалық қашанда нақтылы тарихи кезендермен астасып, кейде «уақытынан ерте» , немесе «кеш» келіп жатады.

Мектептер мен жоғарғы оқу орындарындағы **жаңалықтың жетілуі** және

білім беру жүйесінде былайша ескеріледі:

- абсолюттік жаңалық (аналогсіз және прототипсіз);
- салыстырмалы жаңалық;
- жаңалықсымақ (ұсақ ізденулер).

Мектептер мен жоғарғы оқу орындарына енгізілетін жаңалықтар әртүрлі негізде топтастырылады. Енгізілген жаңалықтың **бірінші классификациясы**, педагогикалық процесске байланысты. Оған төмендегідей жаңалықтардың типтері жатады:

- білім мақсаты мен мазмұны;
- педагогиканың әдістемелік, құжаттық, технологиялық процессі;
- тәрбие мен оқытудың түрлері мен ұйымдастыруы;
- оқытушы мен оқушының әкімшілік қызыметіне қатысы.

Жаңалықтың **екінші классификациясы** білім беру жүйесінің көлеміне байланысты. Бұл былайша жіктеледі:

- өзара байланыссыз шағын және бірлі-жарым түрі;
- бірімен-бірі байланысты комплексті түрі;
- мектеп пен жоғарғы оқу орнын жүйелі қамтитын түрі.

Үшінші классификация инновациялық потенциялардың белгілеріне байланысты жүргізіледі. Олардың белгілері:

- Белгілі модификацияның жетілдірілуі мен өзгертілуі (оқу жоспары, бағдарламасы, құрылымы);
- Жаңалықтың ескімен кіріктірілуі;
- Радикалды өзгерісі.

Жаңалықтың **төртінші классификациясы** өзінің алдындағысымен топтас-тырылған белгілерімен үндесуі. Мұндай жағдайдағы жаңалықтар орнын алмастыру, мүлдем ауыстыру сипатта болады. Мектеп пен жоғарғы оқу орындарын жаңарту идеяларымен көрініс береді:

- мұндай қажеттілік бүкіл Елде, аймақта, қалада, ауданда, әлеуметтік сипат алады;
- мұның өмірге енуі – заңда, қаулыда т.б. іс-қағаздарымен бекітіледі;
- адам жайлы комплексті ғылымдар

жетістіктері:

- педагогикалық тәжірибе жетістіктері;
- адам тәрбиесін түйсіктік және саналық педагогикамен үндестіру;
- эксперименттік іс-тәжірибелердің жетістіктерін пайдалану;
- шетелдік тәжірибелерді ескеру.

ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ИННОВАЦИЯСЫ

Бүгінгі әлемдегі жүріп жатқан жаһандандудың ең негізгі мақсаты, бүкіл - **жер жүзінің азаматын тәрбиелеу** – атты идеямен құлшынуда?! Оны жер бетіндегі халықтар қолдап отыр ма, онда шаруалары жоқ. Бұл ежелден келе жатқан - **европацентризм методологиясының жаңа көрінісі** – екені айдан анық. Міне, бүгінгі білім беру жүйесінің негіздері, халықаралық деңгейге көтерілуін талап етіп отыр. Сондықтан да, университеттердің оқу бағдарламалары «көп мәдениеттілікті» бағыт алуға тырысып жатыр. Мұның бәрі де, сол ғаламдану саясатына байланысты жүруде?!..

Қазір әлемдегі көптеген жоғарғы оқу орындары бір-бірімен интеграцияға түсіп жатыр. Біраз елдерде университеттер өндірістік бірлестіктермен бірігуде. Ғылыми ізденістердің базаларын осылайша құрып, бүгінгі кәсіп орындары мен фирмаларға қажет аса зәру мамандарды өздері дайындамақ. Қазақстандағы дәстүрлі университеттер отандық ғалымдар мен мамандарын құрметтеумен қоса, шетелден де мамандар шақыруды жиі пайдалана бастады. Бүгінгі Отандық университеттердің басты принциптері:

- ғылым мен өндірістің өзара бірлестігімен мамандарды дайындау;
- білім беру жүйесінің әр деңгейінің өзара үндестіктерін қамтамасыз етіп, университет бітірушілерді мәдени-творчество мен жоғарғы корпоративтік деңгейге жеткізуді мақсат етеді;
- азаматтық сананы тәрбиелеу;
- университеттегі өмірді, зиялылық пен жоғарғы рухани деңгейге жеткізуді, саяси

құрылым мен экономикалық жағдайға тәуелді етпеу.

Инновацияның критерлік бағасы:

1. *Жоғарғы оқу орындарындағы өзгерістердің масштабы.* Жаңашылдықты, тек бір факультетке ғана енгізіп, оқу жоспары мен бағдарламаны ғана өзгертуі мүмкін. Ал бұдан да көлемді өзгерістерді басқару құрылымдарына енгізіп, студенттердің кәсіптік оқуы мен ғылыми-зерттеудің түрлерін де, технологиясы мен халықаралық қатынасына дейін өзгеруі мүмкін. Егер жоғарғы оқу орны өзінің келешектегі жетілуін жеделдеткісі келсе, онда әртүрлі инновацияларды кең көлемде енгізіп, барлық бөлімдерін жұмылдырмақ.

2. *Жаңа өзгерістерді енгізудің тереңдіктері.* Бұл критерияның деңгейінде, бұрынғы аналогтар мен прототиптердің жаңаруынан, жоғарғы оқу орнының бүкіл бөлімдерінің өзгерінен – оқыту сабақтары, оқытушы мен студенттердің қызметтері, тіпті абитуриенттерді қабылдаудың таңдауы да жоғарламақ. Оқу орны комплексті – «педагогикалық гимназия» - «педагогикалық колледж» - «педагогикалық университет» - болып та өзгермек.

3. *Жаңалықтың деңгейі уақытқа орайласпақшы.* Жаңашылдықтың бұл критериясы мынадай классификацияға – «ауыспалы» - «өзгермелі» - «ашылмалы» - жағдайларға келуі мүмкін. Мәселен, «АШЫЛМАЛЫ» - бұл жаңа мамандық, жаңа технология мен жаңа бөлімшелерді ашады.

МЕКТЕП ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯ

Мектеп пен өмір байланысы. Отар халықты арбау мен алдауға құрылған империя. Саясатының залалы, оқу-ағарту жүйесінің өмірмен еш байланыссыздығында болатын. Мектеп оқушылары өмірді кітап беттерінен ғана үйреніп, жасандылықпен алған білімдері күнделікті тіршіліктен тым алшақ тұратын. Мектеп шәкірттеріне

өмірмен байланыстыра білім беруді ең негізгі мақсатына айналдырмай, ол білімнің өміршеңдігі мен тіршіліктегі қолданбалығын қамтамасыз ете алмақ емес. Ендеше, мектеп оқушысы білім алу жүйесінде, айналасындағы тіршілік тынысымен тығыз байланысты болуы керек. Ол үшін жергілікті ауыл шаруашылығымен немесе, жаңаша айтқанда фермерлер мен бизнестегі кәсіпкерлердің жұмыстарымен, нарықтық қоғамдағы мамандардың өмірлерімен жіті танысып, жан-жақты байланыста болу арқылы ертеңгі тіршілігіне қажет білімге саналы түрде дайындалуы қажет.

Мектеп реформасы. Кешегі Кеңес кезінде де, мектеп реформасына кіріспек болды. Бірақ дұрыс жүйесін табалмай қиналды. Әйтседе, оның алдына қойған мақсаттары жаман емес еді. Ең алдымен биік тағылымды, рухани терең білімді азаматтарды тәрбиелеуді негізгі бағдарына алған болатын. Бірақ, осыған қалай қол жеткізуге болады? Неден бастап, қалай істеу керек? Құнарлы да, мазмұнды тәрбие көзі қайда? Міне, осыншама күрделі қиын сауалдарға жауап та іздеп көрді. Бірақ, бұл бастама жол айрықта қалған бойы үзілді. Жыйрма бір жылға созылған егемендігімізде де, білім уәзірлігі әлі де дұрыс жауабын табалмай отыр. Себебі, олар ғылыми негізделген жүйеге емес, солқылдаған солық пен еліктеушіліктен арыла алмай, әр министр өз ойына келген реформасын эксперименттеуден жалығар емес. Ұрпақ тәрбиесін ойынға айналдыруға болмайды. Әйтседе, бүгінге дейін жалғасып отырған білім беру жүйесіндегі кемшіліктерді ашып айтсақ, бүгінгі талапқа сай **мектеп мазмұны**, тікелей оның **құрылымына** байланысты екенін түсіне алмай, бүгежектеумен уақыт оздырып келеді. Он екі жылдықтың бүкіл мәні мен мазмұнын – бір жылды қоса салып қана шешпекші болған тұжырымдардың күлді-бадам сипаттары осында жатыр. Қашанда кез-келген құбылыс пен заттардың **құрылым формасы**, оның **ішкі мазмұны** мен **атқарар қызметін** анықтайды.

Құрылымын баяғыша қалдырылған мектеп, ешуақытта да бүгінгі уақыт талабына сай болуы мүмкін емес...

Енді міне, империя құлап, соның самалымен сергіген кешегі отарланған халықтыр, өздерінің келешек ұрпақ тәрбиесінің концепциясын жасаумен шұғылдана бастады. Себебі, осы уақытқа дейін көптеген ұлттар, өздерінің ұрпақ тәрбиесінің үлгісін де, оқу-ағарту жүйесінің мазмұнын да жасап көрмеген болатын. Олар империялық саясаттың ықпалымен, көшірме нұсқадағы үкімді үлгі мен аударма оқулықтардан бөтен ештемеге де мойын бұруға құқы жоқ болатын. Осындай тәрбие мен білім берудің ақыры, көптеген халықтарды дәстүр-салттарынан ажыратып, бейруханилық пен мэнгүрттікке бет бұрғызған еді.

Бұл орайда, қазақ халқының жағдайы, тіпті өрескел күндер мен жылдарды басынан кешті. Оның салқыны бүгінге дейін еңсемізді езіп, етегімізден тартып отыр. Ал егер де кез-келген халықтың келешек ұрпақ тәрбиесі, өзінің ұлттық психологиясы мен халық педагогикасынан нәр алмаса, оның алған білімі жаңылтпаш тәрізді, түсінуі қиын түйіршіктерге айнала беретіні белгілі ғой. Мұндай тәрбие мен білімнің барар жері мен құлар құзы біреу-ақ...

Жер бетіндегі әртүрлі халықтардың өздеріне тән психологиясы мен салт-дәстүрлерінде, өзгеге ұқсамайтын өздеріне ғана лайықты ерекшеліктері бар екені белгілі. Міне, осы ерекшеліктерді қандай халық болмасын, өзінің ұрпақ тәрбиесінің үлгісіне ерекше ұқыптылықпен пайдалану ауадай қажеттілік екен. Мәселен, салыстыру үшін, Азиядан – Жапонияның оқу-ағарту жүйесін, Европада – Германияның білім беру үлгілерімен таныстық. Олардың екеуінде де, ұрпақ тәрбиесінің негізгі бағдары ретінде, ұлттық психология мен халық педагогикасына ерекше маңыз беретіні аңғарылады. Әрине, қазақ халқы да азиялық жұрт болғандықтан, Жапонияның оқу-ағарту жүйесінен өзімізге ұқсас

көптеген психологиялық жақындықтар тапқанымыз да рас!... Бірақ, солай дей тұрсақ та, қазақтар мен жапондардың ұлттық мінез-құлықтарында өздеріне тән, ерекшеліктері де жетіп жатыр. Ең әуелі халық педагогикасы мен ұлттық психологияларындағы айырмашылықтары да аз емес. Бұдан түйген қорытындымыз, адамзаттағы мәдениет үлгілерін ескере отырып, біздер өзіміздің Халық педагогикасының ғылыми жүйеленген негіздерін айқындамай, оны жаңа методологиялық көзқараспен жетілдірмей, ұлттық оқу-ағарту үлгісін жасаудың мүмкіншіліктері аз екенін түсіндік. Сондықтан, осындай жағдайларды ескере отырып, төменде өзіміз ұсынған «Үзіліссіз ұрпақ тәрбиесі мен ұлттық оқу-ағарту жүйесі үлгісінің» кестесін беріп отырмыз.

Сонымен, осы ұсынылып отырған – «**Үзіліссіз ұрпақ тәрбиесі мен ұлттық оқу-ағарту жүйесінің үлгісі**» - барыншы ықшамдалып схематүрінде көрсетілгендей: - **Бастауыш мектеп - алты класс** – Орта мектеп – **тоғыз класс** – Кәсіптік мектеп – **үш класс** – соңғылардан үздік шыққандар – Жоғарғы оқу орындарында білімдерін жалғастырмақ. Сонда, бастауыш мектеп – 6-7 жас пен 12-13 жас аралығын қамтыды. Бұл адам тіршілігінің физиологиялық және психологиялық заңдылығын ескеру болып табылады. Баланың осынау балиғат кезеңінде қалыптасатын, **гормональдық жүйенің** толысып жетілуінің орташа мерзімдік мөлшері болып табылады. Осы кезеңнің соңынан бастап үш жүйе – **жұлын жүйке – жүрек пен қантамырлары – гормональдің** - өзара үндестіктері үйлеседі. Бұл үндестіктер адам ағзасындағы - **Тән – Жан – Рух** – жүйелерінің жетілуіне орсан үлкен ықпал ететіні белгілі.

Мүшелдік жасқа жеткен баланы, балиғат жасына толды деп есептелінеді. Мұны физиологиядан азды-көпті хабары бар кезкелген адам толық түсіне алады.

Біздер ұсынып отырған бастауыш мектеп

үлгісінің бастапқы үш класында, таза ұлттық тәлім-тәрбиеге негізделсе (6-7 ден 8-9 жасқа дейін), екінші жартысындағы үш класта - әлемдік мәдениетпен салыстыра, білім беру жүйелері қолданылады. Тағы үш класс қосылып, жалпы орта мектеп 9-класпен аяқталады да, орта білімді үздік бітіргендерге университет пен институтқа түсуге мүмкіншілік жасау міндеттеледі. Ал орташа оқығандар әркім өз таңдауына лайықты, кәсіптік гимназияларда білімдерін жалғастырады. Сонда ғана жастарымызды сан түрлі кәсіптік мамандықтармен қамтамасыз етеміз.

Жалпы балабақшалардан бастау алатын, халық педагогикасының тәрбие жүйелері, осы бастауыш кластың көлемінде негізінен игеріліп болғаны жөн. Осыған орай, балаларға шет тілдерін үйрету мерзімі де, 3-4 –ші кластардан бастау алмақ. Бұл кезеңді неге таңдап алдық десек, дәл осы мезгілде баланың логикалық ойлау қабылеттері де, салыстырмалы таным қасиеттері де, толыса жетілетіндігін ескереміз. Сондықтан, тек шет тілдерін үйреткенде, бұрынғы салбауыр әлсіз әдістерден арылып, бірден пәрменді тәсілдерді қолданған жөн. Өйткені, олар 9-10 мен 12-13 жас аралықтарында, зерделері аса бір алғырлыққа толы кезеңде болады. Бұл тәрізді физиологиялық ерекшеліктерді ескермей болмайды. Қандай білім мен нені болса да үйрену, баланың ішкі сұраныстарымен үндесіп жатуы шарт. Ал, оқу-тәрбие жұмыстары ғылыми негіздерге сүйенсе, ұрпақ тәрбиесіндегі ірі-ірі жетістіктерге қол жеткізуге болады.

ТҮЙІНІ

1. Орта мектептерді бүгінгі өмір мен қоғам ерекшеліктеріне байланыстыру жолдары мен тәсілдерін анықтау керек.

2. Онекі жылдық білім реформасын жасау үшін, ең әуелі орта мектептің құрылымын анықтып, ғылыми негізде жетілген мазмұны мен мәні түсінікті болу қажет.

3. Үзіліссіз ұрпақ тәрбиесі мен

ұлттық оқу-ағарту жүйесінің үлгі-дерінде жасалғанда ғана, рухани жесі, тек халық педагогикасының негіз-тілу мен азаматтық санаға иек артпақ.

Резюме

В данной статье рассматриваются инновации в воспитательном и образовательном процессе.

Summary

This article discusses the innovations in the education and the educational process.

«БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ»

элективті курсының

бағдарламасы

Құрастырушылар:

Бөлеев Қ.,

Бұзаубақова К.Ж.,

Керімбаева Р.Қ.,

Досмұханбетова К.С.

Түсінік хат

Бүгінгі таңда жалпы білім беретін мектептердің алдындағы басты міндет – қазақ халық педагогикасы материалдарын үздіксіз білім беру жүйесіне ендіру арқылы сынып жетекшілерін оқушыларға ұлттық тәрбие беруге даярлау. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық даму заңдылықтарына сәйкес ұлттық рухта тәрбиеленген маман ғана өздігінше дамуға бейімделген, бәсекеге қабілетті, құзыретті оқушы тұлғасын қалыптастыра алады. Білім негізі бастауыштан басталатынын ескерсек, кіші мектеп жасындағы оқушы осы шақта ерекше даму кезеңінен өтеді, кешегі ойын баласының «мектептік кемелге келуі», бала психологиясына сай, табиғи, ұлттық-рухани болмыста қалыптасуы қажет. Оқыту үрдісінде бастауыш сынып оқушысының нәзік те, сезімтал тұлғасын ұлттық-танымдық тұрғыда ұйымдастыру мұғалімнің шеберлігін талап етеді. Сондықтан да 5В010200 – «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығында «**Бастауыш мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие беру**» элективті курсының жүргізуі заман талабы.

«**Бастауыш мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие беру**» курсының мақсаты – болашақ мұғалімдерді оқу-тәрбие үрдісінде бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие беруге даярлау.

Бағдарламаның міндеттері:

1. Білімгерлерді бастауыш мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие берудің теориялық-әдіснамалық, педагогикалық-психологиялық және әдістемелік аспектілерімен таныстыру;

2. Болашақ мұғалімдердің ұлттық-интеллектуалды әлеуетін, дүниетанымын, кәсіби міндеттерді шешуге шығармашылық дайындығын жетілдіру;

3. Болашақ мұғалімдердің бастауыш мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие беруді диагностикалаудың тиімді әдістерін, теориялық білімдерін іс-тәжірибеде қолдануға дағдыландыру.

Бағдарламаның мазмұны

Кіріспе. «Бастауыш мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие беру» курсының мақсаты, міндеттері мен құрылымы.

1-тақырып. Бастауыш мектепте

оқушыларға ұлттық тәрбие берудің теориялық-әдіснамалық негіздері.

Қоғамның индустриялық-инновациялық дамуындағы ұлттық тәрбиенің маңызы. «Ұлттық сана», «ұлттық болмыс», «ұлттық дүниетаным», «ұлттық тәрбие», «ұлттық құндылықтар» ұғымдары - философиялық категория ретінде. Бастауыш мектептегі ұлттық тәрбиенің негізгі мақсаты мен міндеттері, ұлттық тәрбие беруді ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктері. Жаһандану дәуірінде ұлттық тәрбие үрдісіне әсер ететін факторлар.

2-тақырып. Бастауыш мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие берудің психологиялық-педагогикалық негіздері.

Жеке тұлғаны қалыптастырудағы «ұлттық сана», «ұлттық таным», «ұлттық менталитет», «ұлттық мәдениет» ұғымдарының мәні. Бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынасының дамуына, әлеуметтенуіне, мектепке бейімделуінде ұлттық тәрбие құралдарын пайдалану. Жас ерекшеліктеріне байланысты бастауыш мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие берудің мазмұндық сипаттамасы. Оқушылардың ұлттық сана-сезімі, дүниетанымы, мінез-құлқының қалыптасуында әдет-ғұрып, салт-дәстүрлердің маңызы.

3-тақырып. Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие беру мазмұны.

Бастауыш мектеп оқушыларымен жүргізілетін ұлттық тәрбие мазмұны, түрлері мен әдістері. Ұл бала және қыз бала тәрбиесінде дифференциалдық қатынас. Ұлттық тәрбие беруде қазақ халқының балалардың жас және жеке - дара, жыныстық ерекшеліктерін ескеруі. Жеке тұлғаны қалыптастыруда ұлттық тәрбиенің маңызы. Ұлттық тәрбие беру негізінде жеке тұлғаның өзіндік «Менін» қалыптастыру: өзіндік сана, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі белсендіру, өзін-өзі басқару, өзін-өзі жетілдіру.

4-тақырып. Бастауыш мектепте оқу пәндері арқылы ұлттық тәрбие беру әдіс-төмесі.

Ұлттық тәрбие берудің құралдары: халық

ауыз әдебиеті, ұлттық салт-дәстүрлер, ұлттық ойындар, мәдени мұра материалдарын бастауыш сыныптың оқыту үрдісінде пайдалану. Қазақ тілін оқытуда оқушыларға ұлттық тәрбие беру. Математиканы оқытуда ұлттық мазмұндық үлгідегі әдістемелік материалдар пайдалану. Дүниетануды оқытуда қазақ халқының табиғаттану, қоршаған ортаны қорғау туралы дәстүрлерін қолдану. Бейнелеу өнері, еңбекке баулу, дене шынықтыру, музыка сабақтарында ұлттық мазмұндағы материалдар үлгісін пайдалану арқылы оқушылардың танымдық күзиреттілігін қалыптастыру. 1-4 сыныптың оқыту үрдісінде ұлттық құндылықтарды инновациялық технологиялар арқылы қалыптастыру жолдары.

5-тақырып. Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие беруде инновациялық технологияларды пайдалану.

Қазіргі кезеңде бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие берудің инновациялық бағыттылығы. Халықтық педагогика материалдарын заманауи талаптарға сай инновациялық әдістермен байланыстырып жоспарлау. Бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда ұлттық тәрбие берудің жаңа технологиялары: сайыс, дөңгелек үстел, педагогикалық-психологиялық тренингтер. Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие беруде ойын технологиясын қолдану: «Алтын қақпа», «Мың бір мақал», «Сикырлы сандық», «Атамекенге саяхат», «Тарихи бұлақ», «Зерек бала» т.б. Бастауыш сынып оқушыларының ұлттық-танымдық күзиреттілігін қалыптастыру жолдары.

6-тақырып. Бастауыш мектепте сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда халық ауыз әдебиеті үлгілерін қолдану.

Бастауыш мектепте сыныптан тыс тәрбие жұмыстарында аңыз әңгімелер, ертегілер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар т.б. арқылы оқушыларға ұлттық тәрбие берудің маңызы. Халық ауыз әдебиеті үлгілерін тәрбиелік іс-шараларда, сынып

сағаттарында пайдаланудың білімдік, тәрбиелік, дамытушылық маңызы. Бастауыш сынып оқушыларымен «Ұлттық таным», «Ұлттық ойындар», «Шешендік өнер», «Тапқыр бала», «Өнер алды қызыл тіл» сайыстарын ұйымдастыруда оқушылардың тілдік-қатынастық күзиреттілігін қалыптастыру.

7-тақырып. Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие беруде сынып жетекшісінің рөлі.

Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие берудегі сынып жетекшісі жұмысының негізгі мақсаты, міндеттері

мен мазмұны. Бастауыш мектепте сынып жетекшісінің ұлттық тәрбиені ұйымдастыру қызметі. Бастауыш сынып мұғалімінің «Қыз сыны», «Жігіт сұлтаны», «Әжемнің ақылы», «Ата көрген, оқ жонар» тақырыбында тәрбиелік жұмыстарды жүргізуде оқушылар ұжымын қалыптастыруы. Оқушыларға ұлттық тәрбие беруде бастауыш сынып жетекшісінің ата-аналармен сабақтастықта жүргізілген жұмыс жүйесі. Бастауыш мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие беруді диагностикалау, жүйелі жоспарлау: педагогикалық мониторинг, педагогикалық эксперимент.

**«Бастауыш мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие беру»
элективті курсының тақырыптық үлгісі жоспары**

Кесте - 1

№	Тақырыбы	Сағат саны	
		Лекция	Семинар
1.	Кіріспе. Курстың мақсаты, міндеттері мен құрылымы	1	1
2.	Бастауыш мектепте оқушыларға ұлттық тәрбие берудің теориялық-әдіснамалық негіздері	2	2
3.	Бастауыш мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие берудің психологиялық-педагогикалық негіздері	2	2
4.	Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие беру мазмұны	2	2
5.	Бастауыш мектепте оқу пәндері арқылы ұлттық тәрбие беру әдістемесі	2	2
6.	Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие беруде инновациялық технологияларды пайдалану	2	2
7.	Бастауыш мектепте сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда халық ауыз әдебиеті үлгілерін қолдану	2	2
8.	Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие беруде сынып жетекшісінің рөлі	2	2
	Барлығы: 30 сағат	15	15

Білімгерлердің өзіндік жұмыстарының тапсырмалары

1. 12 жылдық білім беру жағдайында бастауыш мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие берудің маңызы.
2. Бастауыш мектептегі ұлттық тәрбиенің негізгі мақсаты мен міндеттері, ұлттық тәрбие беруді ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктері.
3. 1 сынып оқушыларына халық ауыз әдебиеті үлгілері енгізілген ұлттық тәрбие беру іс-шараларының айлық жоспарын құру.
4. 1 сынып оқушыларын оқыту үрдісіне бейімдеуде ұлттық-дидактикалық ойын түрлерін қолдану.
5. 2 сынып оқушыларына ұлттық тәрбие беруде қазақ халқының салт-дәстүрлерін қолдануға арналған тәрбие сағатының жоспарын құру.
6. 3 сынып оқушыларының қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыруда, ұлттық-логикалық есептер енгізілген сабақ жоспарын құру.
7. 3 сынып оқушыларының ұлттық дүниетанымын қалыптастыруда «Жүзден жүйрік» байқауының үлгі-жоспарын құру.
8. 4 сынып оқушыларының танымдық күзіндеттілігін қалыптастыруда интеллектуалды «Ұлттық дүниетаным» сайысының жоспарын құру.
9. 4 сынып оқушыларына сабақтан тыс жұмыстарда ұлттық тәрбие беру іс-шараларының апталық жоспарын құру.
10. Дүниетанудың «Адам-қоғам-табиғат» бөлімдерін оқытуда ұлттық мазмұндағы материалдарды инновациялық технологиялар арқылы меңгерту.
11. Қазақ тілін оқытуда халық ауыз әдебиеті үлгілерін инновациялық технологиялар арқылы меңгерту.
12. Бейнелеу өнері, еңбекке баулу, дене шынықтыру, музыка сабақтарында қазақ

халқының ұлттық ойын, ою-өрнек, әшекей бұйымдары, би, ән сазды өнер туындыларын пайдаланудың тәрбиелік мәні.

Білімгерлердің оқытушымен орындайтын жұмыстарының тапсырмалары

1. Қазақстан Республикасында «Мәдени мұра» бағдарламасында ұлттық тәрбие берудің басым бағыттары.
2. Бастауыш мектепте оқушыларға ұлттық тәрбие беру арқылы ұлттық сананы қалыптасудың маңызы.
3. Бастауыш мектепте ұлттық тәрбие беру құралдары.
4. Бастауыш мектепте ұлттық тәрбие беруде сынып жетекшісінің қызметін тиімді ұйымдастыру.
5. Оқушыларға ұлттық тәрбие беруді диагностикалау жолдары.
6. Бастауыш мектепте ұлттық тәрбие беру әдістері.
7. Бастауыш сыныптарда ұлттық тәрбие беру бағдарламалары.
8. Бастауыш мектепте оқушыларға ұлттық тәрбие берудің инновациялық технологиялары.
9. Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие беруде ойын технологияларын пайдалану.
10. Бастауыш сынып оқушыларының бойында ұлттық рухани құндылықтарды қалыптастыру.
11. Бастауыш мектепте ұлттық тәрбие берудің заманауи ақпараттық құралдары (интернет, интерактивті тақталар, теледидар, т.б.)
12. Бастауыш сынып оқушысының тұлғалық, әлеуметтік қалыптасуындағы ұлттық тәрбиенің алатын орны.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2015 жылға дейінгі тұ-

жырымдамасы. – Астана, 2004.

3. Қазақстан Республикасы жаңа тұрпатты педагогының үздіксіз педагогикалық білім беру тұжырымдамасы. – Астана, 2005
4. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010
5. Қазақстан Республикасы бастауыш білімнің мемлекеттік стандарты. Оқу бағдарламалары мен оқу-әдістемелік құралдарында оқушыларға ұлттық тәрбие беру мәселелері.
6. Бөлеев Қ. Қазақ халқының этнопедагогикасы. Оқу пәнінің бағдарламасы. – Жамбыл, 1992.
7. Бөлеев Қ., Бөлеев Т.Қ. Қазақ этнопедагогикасының тарихы. Оқу пәнінің бағдарламасы. – Жамбыл, 1994.
8. Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші. – Қызылорда, 1924. – 105 б.
9. Адамбаев Б. Халық даналығы. – Алматы: Мектеп, 1976. – 163 б.
10. Адамбаев Б. Қазақтың шешендік өнері. – Алматы: Ғылым, 1984. -159 б.
11. Адамбаев Б. Алтын сандық. – Алматы: Жазушы, 1989. -125 б.
12. Әлімбаев М. Халық – қапысыз тәрбиеші. – Алматы: Білім, 1977. -43 б.
13. Әлімбаев М. Халық – ғажап тәлімгер. – Алматы: Рауан, 1994. -144б.
14. Қазақ халық ертегілері. – Алматы, 2010. – 96 б
15. Әлімбаев М. Өрнекті сөз – ортақ қазына. – Алматы: Қазақстан, 1967. – 120 б.
16. Әлімбаев М. Мақал сөздің мәйегі. – Алматы: Жазушы, 1964. – 130 б.
17. Сәрсенбаев Т. Ұлттық сана-сезім мен ұлттық қадір-қасиет. – Алматы: Наука, 1990. – 122 б.
18. Нұрматов С. Ұлттық болмыс пен ұлттық сана. – Алматы: Ғылым, 1996. – 131 б.
19. Ғабдуллин М. Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес. – Алматы: Мектеп, 1966. – 123 б.
20. Жарықбаев Қ. Аталар сөзі – ақылдың көзі. – Алматы: Қазақстан, 1980. – 121 б.
21. Қалиев С., Жарықбаев Қ. Халық педагогикасының ауыз әдебиетіндегі көрінісі. – Алматы: Мектеп, 1987. – 89 б.
22. Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы: Санат, 1995. – 552 б.
23. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы: Рауан, 1998. – 128 б.
24. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының тарихы. – Алматы: Білім, 1999. – 153 б.
25. Ұзақбаева С. Тамыры терең тәрбие. – Алматы: Білім, 1995. – 232 б.
26. Наурызбай Ж. Ұлттық мектептің ұлы мұраты. Алматы: Ана тілі, 1995. – 192 б.
27. Озғанбай Ө. Халықтан асқан ұстаз жоқ – Алматы, 1996. -161 б.
28. Қожахметова К. Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі: теория және практика. – Алматы: РБК, 1997. – 141 б.
29. Табылдиев Ә. Халық тағылымы. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 200 б.
30. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. – Алматы: Санат, 2001. – 320 б.

Құбығұл Жарықбаев: ҰЛТ БОЛМАСА, ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТ БОЛМАЙДЫ

– Ұлттық психологияның қалыптасу тарихына аз-кем тоқтала кетсеңіз?

Өздеріне мәлім, ежелгі ата-бабаларымыздың күмбірлеген күйімен, сыбызғы үнімен, асқақтата салған әсем әнімен, ғашықтық лиро-эпос жырымен, мақал-мәтел, шешендік сөз, айтыс – жырларымен сан ғасырлар бойы өзінің ұрпағын сегіз қырлы, бір сырлы, өнегелі де өнерлі, имандылық-адамгершілік ар-ұжданы жоғары, намысқор азамат етіп тәрбиелеп келгені тарихи шындық. Әлем ғылымындағы екі алыптың бірі – әл-Фараби бабамыздың да Қазақстан топырағында дүниеге келгені белгілі. Артына көптеген тәлімі мұра қалдырған ілкі орта ғасыр ойшылдары: Баласағұни, Қашқари, Яссауи шағармалары, сондай-ақ Алтын Орда дәуірінің ойшылдары: Хорезми, Сарай, Дулати, Жалайри, Әбілғазы т.б еңбектерінің де қазіргі ұрпақ тәрбиесінен алар орыны ерекше.

Соңғы кездері қазақ психологиялық ой-пікірі тарихы жаңа ғылыми пікірлермен толыса бастады, осыдан 500 жылдай бұрын орта ғасырлық ғұлама ғалым Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы «Шипагерлік баян» деген үлкен еңбек жазыпты. Мұнда шипагерлік мәселесімен қатар, қазақ тарихы, тіл, әдебиет, анатомия, физиология, медицина, философия ғылымдарынан да мағлұмат береді. Осы еңбекте де психология саласынан да көптеген қызықы деректер мол. Ал XVIII ғасырда өмір сүрген Тауасарұлы Қазыбекбектің «Түп тұқиянымнан өзіме дейін» атты еңбегі тек сол кездің өмірін ашатын төл туынды ғана емес, сондай-ақ, халқымыздың ұлттық психологиясынан көптеген тың деректер беретін кемел ғылыми мұра.

Асан Қайғы, Шалкиіз, Доспанбет, Ақтамберді, Бұқар, Шал, Дулат, Мұрат, Маханбет т.б. қазақтың күміс көмей, жез таңдай ақын-жырауларының әртүрлі өмір құбылыстары, адам мен қоғам, жан мен тән, өмірдің сан алуан тұрмыс тіршілігі туралы

толғаныстарының ақыл-кеңес өсиеттерінің қазіргі жастарымызға психологиялық тәрбие беру үшін маңызы зор. Әлемдік мәдениеттің шоқ жұлдыздары: Шоқан, Ыбырай, Абай сияқты ғұлама ойшылдардың адамның жан жүйесі жайлы мұраларының, осы ғасырдың басында қазақ даласындағы рухани тыныс-тіршілігін дүр сілкіндірген Шәкәрім, Машһүр Жүсіп, Ахмет, Халел, Мағжан, Жүсіпбек, Міржақыптардың халқымыздың ұлттық психология, әдет-ғұрып, салт-санасын өз туындыларына негізгі арқау еткен тұжырымдары да қазіргі психология үшін таптырмайтын тақырыптар.

– Ұлттық психологиямыздың басқа ұлттардан басты айырмашылығы неде?

Басты айырмашылығы мынада, ұлт болмаса, ұлттық мемлекет болмайды. Елбасының айтуынша, бізде бір ғана ұлт бар, ол мемлекет құраушы қазақ ұлты, қалғандары этностар.

Біздің ұлттық тәрбиеміздің арасында мынадай белгілер бар. Атап айтар болсам, жеріміздің ұлан-ғайыр кеңдігі мен табиғат сұлулығы әсерінен ғасырлар бойы қалыптасқан дарқандық, адамға деген мейірімділік пен өнерпаздық. Қазақтың көшпенділік психологиясынан туындаған асқан қонақжайлылық, жоңғарлар тұтатқан жойқын соғыс пен қырғынға ұшырау кезінде тірнектеп жинаған рухани мұраны ұрпақтан ұрпаққа жеткізу ниетімен қылыптасқан балажандылық, үнемі мал шаруашылығымен айналысудан шыққан малжандылық, өзінен басқа жұртқа деген бауырмалдылық, еш уақытта біреудің жеріне көз алартпаған бейбітшілік, өзі тиген дұшпанның қабырғасын қақыратқан батырлық, «мың өліп, мың тірілген» кездегі шыдамдылық, біздің ұлттық мінезіміздің жоғары бітістері, міне, мұның бірі біздің ұлттық мақтанышымыз емес пе?

– Адамның тәрбиесі неден басталады?

Енді тал бесікті қойып тәрбие құрсақтан

басталатынын айтып жүрміз. Мұны биологиялық тұрғыдан шетелдік ғалымдар дәлелдесе, жақында өзіміздің қазақтың бір ғалымы мұның ұлттық тәрбиеміздегі орыны жөнінде докторлық диссертация қорғап шықты. Бала құрсақта жатқанда анасының сөзін қабылдайды екен. Мәселен, анасы ашуланса немесе жайдары күйге түссе мидағы талдағыштар арқылы осындай көңіл-күйлері құрсақтағы балаға барып жатады. Осыны біздің аналарымыз ертеден-ақ біліп, келіндері құрсақ көтерген күннен бастап оларға барлық жағдайды жасап, келеңсіздіктен, ұрыс-керістен сақтап жүрген. Келіннің аяғы ауыр екенін білгенде «Құрсақ шашар» той жасап, тілек тілеген.

Осылайша он сегіз мың ғаламды бір тарының қауызына сыйдырған Алланың құдыретімен пайда болған ұрық дамып, тоғыз ай, тоғыз күн дегенде дүниеге іңкәләп келгенде миының салмағы – 400 гр. болады. 10 айда – 900 грамға, 6-7 жасында 1 кг 300 грамға жетеді. Осы салмақ өмірбақи сақталады. Сондықтанда, бес жасқа дейінгі тәрбие бала санасына терең сіңеді.

– Жалпы этнопсихология нені қарастырады?

Ұлттық әдет-ғұрып, салт-сана, тіл, дін секілді іргелі мәселелердің психологиялық жақтарын этнопсихология ғылымы қарастырады. Этнопсихология – түрлі ұлттар мен ұлыстарға тән психологиялық ерекшеліктерді, яғни, белгілі ұлт өкілінің мінез-құлық ерекшеліктерін, ұлттық сана-сезімінің қалыптасу, даму жолдарын зерттейді. Этнопсихологиялық ой-пікірдің бастауы әріден, Платон заманынан басталады. Ұлтымыздың психологиясы жайлы сындарлы ой-түйіндер: А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұханбетов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев сияқты біртуар перзенттеріміздің шығармаларында көптеп кездееді. Осылай жүйелеп талдау, қазіргі заман талап-тілетеріне сай пайдалану ғылыми психологиялық тұрғыдан зерттеуді қажет ететіні сөзсіз.

– Осы ғылыми ұлттық психологиялық

зерттеу мәселесіне тоқтала кетсеңіз, қандай тақырыптарды зерттейді сонда?

Этнопсихологиялық зерттеу жүргізетін тақырыптардың аясы өте кең. Мектеп, мәдениет, спорт, заң, сот, жазалау органдарының жұмысын саралап, зерттеп, талдау жасаумен қатар, нарық экономикасына өту кезеңіндегі әртүрлі топ өкілдерінің (жұмысшы, шаруа, қызметкер, оқушы, т.б.) психологиясында қалай әсер етіп отырғандығы, әртүрлі этнос адамдарының жеке тұлғасы қалай қалыптасып жатқандығы, мемлекеттік тілді меңгеруге байланысты кісінің жан қуаттарымен жеке-дара ерекшеліктерінде туындайтын өзгерістер мен егемендік, тәуелсіздік жағдайында ерекше белең алып отырғанын саясат психологиясының астарын ашуға бағытталуы тиіс.

Өйткені аталған сала да үлкен, іргелі ғылыми еңбектер жазылмай, ұлттық тәлім-тәрбие мәселесі сараланбай тұрғанда қазіргі жастарымыздың арасынан «Ұлттық психология» деген ұғымның өзінде жөнді түсінбейтіндер кездесіп жүр. Ал, шын мәнінде халқымыздың, көп этносты еліміздің рухани дамуын, бүгінгі қолы жетіп отырған тәуелсіздігін өз қолына берік ұстап, оны одан ары жетілдіріп, мемлекеттік тілін дамытып, бүкіл адамзаттық өркениетке үлес қосудың басты алғашарттарының бірі – өзінің ұлттық сипатын сақтап қалу болса, оны сақтаудың басты құралы – ұлттық психологияны жәй білу ғана емес, оның бүгешігесіне дейін зертеуге келіп саяды. Ұлттық психология әр ұлттың – паспорты. Мәселен, «ұлттық мінез», «ұлттық қасиет», «ұлттық мақтаныш», «ұлттық дәстүр», «ұлттық сана» ұғымдары әр ұлтты дүниежүзілік мәдениетке үлес қосуда белсене әрекет ететін, ұлттық таланттардың көзін ашатын, ақыл-ойын жинақтап, оларды бір арнаға бағыттайтын аккумулятор, не катализатор дер едік. Ал, білім акедемиясына қарасты ҒЗИ мұндай ауыр жүкті арқалай алмайтыны белгілі.

Ұлттық психология мен этика, мінез-құлық, әдеп мәселелері – қазақ елінің тәуелсіздік жариялауына байланысты бізде-

гі біртіндеп жүзеге асып келе жатқан ана тілін өркендету саясатына орайласатын стратегиялық мәні бар шаралардың бірі.

Кеңес мемлекетінің ұзақ жылдар бойына қазақ тілінің мәртебесін төмендетуге бағытталған солақай саясатының салдарынан еліміздегі кәсіптік процесі бір жақты дамып келді. Ол жергілікті халықтардың ұлттық мүдделерін қиянат жасау есебімен жүзеге асырылды. Ұлттық тіл психологиясында да зерттейтін объектілер ұшан-теңіз. Мәселен, төл тіліміздегі төрт түлікке байланысты 3000-дай, есімдік дүниесіне қатысты 8000-нан астам төл атауларымыз бар екен. Ал, адам психологиясына қатысты «көз», «бет» лексемдерінің әрқайсысының 40-тан астам синонимдері бар екенін екінің бірі біле бермейді. Сөздік қоры аса мол дейтін орыс тілінде де «көз» бен «беттің» 7-8-ден артық баламаларын кездестіре алмайсыз.

– **Ұлттық психология өзгеріп тұратын құндылыққа жатқызамыз ба, әлде өзгеріске ұшырап отыруы тиіс пе?**

Ұлттық психология «заманына сай адамы» дегендей өзгеріске ұшырап отырады. Соның айқын көрінісі, нарықтық экономикаға байланысты біраз өзгерістерге ұшырадық. Нарықтық экономика біреулердің айтуынша, жалпы қазақты көркейтп, мәдениетті ұлт етудің себебі меніңше олай емес, нарыққа

белсенді бейімделудің салдарынан ұлтымыз біраз құндылықтарын жоғалтты, ақшаға, байлыққа табынып кетті. Басқасын былай қойғанда Абайдың «Мәсғұт» поэмасында кубасғы көзге алтын салғанда толмай, бір уыс топырақ салғанда толатыны нағыз қазаққы танымның белгісі болатын, қанағат деген ұғым қазақ философиясында, психологиясында ерекше орын алған, қазір соны жоғалттық.

– **Осы уақытқа дейін алға қойған мақсаттарыңыздың қаншасын жүзеге асыра алдыңыз?**

Осы ұлттық психология саласында 60 жылдан астам еңбек етіп келемін, 60-тан астам кітап, 1000-нан астам ғылыми мақала жазыппын, негізгі міндетімді орындай алған сияқтымын. Бірақ, ұлттық психологиялық дәрістерді оқу бағдарламасына енгізсек деген менің және менің әріптестерімнің арманы орындалмай келеді.

– **«Ұлттық тәрбие» журналына қандай тілек айтасыз?**

Мұндай журналды тәуелсіздіктің алғашқы жылдары болмаса да, ертерек қолға алу керек еді. Ал, кеште болса Абай атындағы ҚазҰПУ-дан шығуы, қазіргі ректор С.Ж.Пірәлиевтің көрегендігі деп білемін. Журналдарыңыз болашақта Қазақстанның әр түкпіріне таралсын деп тілеймін.

– **Әңгімеңізге рахмет!**

Әңгімелескен: Құмар Жұмаханұлы



«Адамды ойлануға үйрету – бүгінгі ұлттық тәрбиенің ең көкейкесті де маңызды мәселесі»

С.Ж. Пірәлиев

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕСІ

Ізтілеуова С.Д. –

филология ғылымдарының докторы,
ҚазҰПУ-дың Абайтану зерттеу орталығы

Адам болмысы, оның тәрбиесі және ол өмір сүрген орта мәселесі Абай шығармашылығындағы ең өзекті тақырып. Ақын осы мәселені көтере отыра, адамды тәрбиелеу үшін не істеу қажеттігін көрсетеді. Ол қазақ болмысындағы кем – кетіктің бетін ашып, оларды жөндеу міндеттерін күн тәртібіне қояды. Абай бұл мәселені шешу барысында ғасырлар бойғы қалыптасқан қазақтың дәстүрлі құндылықтарын және исламдағы моральдық құндылықтарды сараптады. Осылардың ең озық үлгілерін тәрбиелік жүйеге айналдыруды мақсат тұтады. Абайдың қазақ жұртына ұсынған тәрбиелік жүйесі қазіргі кезеңде өз маңызын жоймай сұраныста тұр. Себебі, нарықтық қатынастар заманындағы түрлі қиыншылықтар қазақ жұртын рухани дағдарысқа әкелді. Ұлт руханиятына нұқсан келтіретін зиянкес құбылыстар: елдегі өршіген паракорлық, ұрлық, өсек, өтірік, мал шашу, мақтаншақтық, шегінен шыққан жағымпаздық, рушылдық пен жершілдік. Осындай негативті құбылыстардың етек алуы жалпыұлттық рухани құндылықтардың әлсіреуіне әкеліп соғуда. Рухани дағдарыс терендей түсуде. Мәдениеттің әлсіреуі адамгершіліктің әлсіреуіне әкелді. Рухани деградацияның халықты тобырға айналдыру қаупі күшейе түсуде. Егер осы қайшылықтарды сараптап, оларды жоюға күш салмасақ, тәуелсіз Қазақстанның жеткен жетістіктерінің баянды болуы неғайбыл. Халықтың рухани сапаларының әлсіреуі мемлекет тәуелсіздігіне үлкен қауіп.

Зиялы қауымның қоғамды жақсартуға бағытталған жұмыстарының көп жағдайда пайдалы нәтиже бермей жатқандығы ақиқат. Рухани ақсаудың негізі – тұлғаның моральдық тоқырауында, ада-

ми сапаларының әлсіреуінде, кәсіптік біліктілігінің төменділігінде. Сол себепті рухани жанарудың маңызы арта түсетіндігіне көзіміз жетіп отыр. Осындай тағдырлық міндетті шешуде бүгінгі ұрпаққа көмек беретін зор қуатты құндылықтар бар. Соның ішінде қазақ ұлты үшін өзектісі Абайдың мұрасындағы адамның жетілуіне қатысты ұсынған концепциясы. Ұлт ұстазы ұсынған идеяларды бүгінгі күнгі қоғамды сауықтыру іс тәжірибесіне айналдыру мәселесін қолға алатын мезгіл жетті.

Абай шығармаларында адам тәрбиелеу концепциясының принциптері мен бағыттарын айқындаған. Ойшыл ақын адамның ішкі әлемін, жан дүниесін, адам сырлары мен қырларын суреттей отыра, оның адамгершілік болмысын ашып береді. ХХІ ғасырдағы сын – қатерлер, күрделі ауытқулар, жаһандық қайшылықтар, психологиялық зардаптар адам санасына аса ауыр салмақ түсіреді. Сананы жаныштаған, шектен тыс кеткен ақпараттар легі адамның рухани жетілуіне кедергі болуда. Сол себепті адамның ішкі әлемін реттеуге көмектесетін, өзін тануға жетелейтін Абайдың «адам болу» қағидасын түсіну, насихаттау және жас ұрпақ тәрбиесін ұйымдастыруда қолдана білу зәрулік. Абайдың тәрбиелік идеяларын бүгінгі күн қажеттілігіне сәйкес қолданысқа енгізу қоғамның рухани талаптарынан туындап отыр.

Қазіргі адам тәрбиесі мәселесіндегі қайшылықтардың әлеуметтік және саяси салдарлары қауіпті. Қазақ ұлтын топтастырып, ұйытатын, оның ортақ ұлттық санасын жетілдіретін рухани құндылықтардың тиімді насихатталмауынан мемлекеттілік әлсіреуде. Ел халқын біріктіретін идеологиялық дінгек жоқ,

мемлекеттік идеология жоқ. Оның себебінен елде болып жатқан әртүрлі әлеуметтік – рухани қиындықтар белең алууда. Оның қауіптісі діни сауатсыздық нәтижесінде халықты бөлшектеп отырған түрлі діни топтарға бөліну. Қазақ ұлты он ғасырға жуық, ата – бабасынан келе жатқан дәстүрлі мұсылман дініне де жік түсті. Ортақ мұсылмандыққа жат, ұлттық топтасуға нұқсан келтіретін, жастарды діни секталар арқылы жікке бөліп, олардың болашағына балта шабатын көзқарастарды уағыздайтын саяси топтар белсенділік көрсетуде. Діни сауаты төмен жастар осындай топтардың құрбандылығына айналууда. 2010 – 2011 жылдары еліміздің көптеген аймақтарында дәстүрлі исламға қатысы жоқ, діни экстремистік көзқарастарды ұстанған топтардың лаңгестік әрекеттері салдарынан жазықсыз адамдар құрбан болды. Бұл құбылыстың зардаптары көбейіп кету қаупы бар. Әлем халықтарын дірілдеткен терроризм құбылысы Қазақстанға да келді. Оның себебі жастардың кейбір топтарының дәстүрлі Қазақстандық ислам дініне, яғни Абу Ханифа мағзабы ағымына қайшы келетін, ұлттық ерекшеліктердің ислам дінімен қауышуын жоққа шығаратын көзқараста болуы. Бұл құбылыс жансақ, қауіпті.

Тәуелсіз мемлекетіміз баянды дамуы үшін жастар тәрбиесіне айрықша мән берудің маңыздылығы арта түсуде. Бұл істі дұрыс жолға қою Қазақстанның жарқын болашағы екендігі даусыз. Осындай өзекті мәселені шешу мақсатын орындау үшін Абайдың тәрбиелік жүйесін қолданысқа енгізу қажеттілігі сезіледі. Осы уақытқа дейін Абайдың даралығын, даналығын, шығармашылық идеяларын айтып келдік. Ал осындай мақтау мен марапаттау Абайға керек пе? Әлде біз үшін бе? Абай мақтау мен марапатты қалмаған. Қазақстан қоғамы Абайдың өзі жек көрген, өзі бізді сақтандырған «мақтаншақтық» зияндығынан әлі де құтыла алмай отыр. Сондықтан қазіргі таңда Абайдың айтқандарын жүзеге асырып,

тәрбие жұмысының мәні мен мазмұнына айналдыру пайдалы. Абай сөзі мен ұлағаты, білімді, жүрегі ояу, көкірек көзі ашық жастарға тез сіңетіні даусыз. Білсін, оқысын, үйренсін деп өсиеттеген Абай мұрасын мемлекет өз қамқорлығына алып, оны халыққа үйрету, сол арқылы тәрбиелеуді жүзеге асыруды қолға алуға қажет.

Абай ерекше сынға алған елді жайлаған өтірік, өсек, мақтаншақтық, мал шашу, еріншектіктің қазіргі Қазақстан қоғамында да өршіп тұрғаны шындық. Осы зиянды, кері қасиеттердің елдің елдігін, бірлігін кәсіпкерлікті, адами сапаларды әлсірететіні анық. Абай бұлардан құтылу үшін не істеуіміз керек екендігін көрсетеді. Абай ескертеді ел өркені үшін зиянды істерден құтылу арқылы ғана қоғам алға басады. Сол себепті қазақтың кем-кетігін жою Абайдың алға қойған негізгі мақсаты. Ең бастысы осы кемшіліктерді түзеу мақсатында жүйелі тәрбие жұмыстары жүргізілуі тиіс. Ол үшін жастарға өмір талаптарына сәйкес бағыт-бағдар беріп, адамгершілікті сақтау мәселесіне ден қою маңызы. Алдымен адамның санасын тығырыққа тығатын, жақсылықтан аластатын. Абай көрсеткен «бес дұшпанымен» күресті қолға алу қажет. Өкінішке орай осы «бес дұшпан» жекеден, жалқыдан шығып көпке жайылып, адамдары аздырып, қоғамды улап отыр. Адамгершілік пен арлылық еңбек пен шығармашылықты өтірік, өсек, еріншектік, мақтаншақтық, бекер мал шашпақтық басып кеткенде, адами сапалар кірлеп, көмескі тартып, жан қиналып, табыста болу кейінге ысырылатынын Абай жеріне жеткізе айтты. “Бес дұшпан” Абай ойынша кері кетушіліктің қақты көріністері. Оларды жеңбесек өркендеу жоқ.

Рухани ұстаздың елі үшін, оның жарқын болашағы үшін, халқының дамуы үшін айтқан ащы шындығы бүгін қазақ қоғамын жөндеуге қуатты. Ақынның жан айқайы «жартасқа барып, күнде айқай салып, оданда шықты жаңғырық» болып қана қала бермейтіні ақиқат. Қазіргі кезеңде тәрбие ісіндегі ең өткір мәселе осы кемшіліктерді

жою мәселесі, сөзден іске көшу мәселесі болып отыр. Білім мен тәрбие беру ұйымдары осы жағдайды жақсы біледі. Бірақта, Абай мұрасын жас ұрпаққа тәрбиелеу жұмысында тиімді пайдаланудың ұрымтал жолдарын таба алған жоқ. Абай мұрасын біліп, оған сеніп, оны үлгі етіп тәрбиені бастасақ құба – құп. Қоғамның әр мүшесі, әрқайсымыз өзімізді жөндеуден бастасақ, бойымыздағы «бес дұшпанымызды» жойып, одан арылсақ, сонда ғана «бес асыл іс» сананы билеп, имандылық күшейіп, елдің жақсаруына адамның, тұлғаның ықпалы тиетіні сөзсіз болмақ. Абай айтқан шындықтар: әуелі өзіңнен баста, өзінді таны, өзіңнен есеп ал. Әйтпесе адам дұрыс харекет жасай алмайды. Абайдың қазақа «жақсы мен жаманды айырмадың» деп қынжылғаны бекер емес. Осы мәселе заман өтсе де маңызын жоймай, рухани тәрбиенің қажеттілігі ретінде қайталанып тұр. Ендеше, қазіргі тәрбиеге Абай мұрасының тұрғысынан өзгерістер керек. Ол Абайдың адам болу қағидасын, яғни «бес асыл істі» күнделікті өміріміздің мәніне айналдыру. Қазақтың кемшілігі түзелсін деп Абай ұсынған идеялар дұрыстығы, көрегендігі, білгірлігі және қажеттілігі, талай кезеңдерден асып, ғасырларды еңсеріп, миллиондарды ойландырып, тәрбиелейтіні сөзсіз. Алайда, қазіргі рухани ауру меңдеген, мүшкіл хал- ахуалымызды түзету үшін Абай тіптен қажет. Бұл жағдайда Абайға жүгініп, оның айтқандарынан үлгі алып, өзімізді тәрбиелеуді жөн санасақ оның ұлағанын жүзеге асыра аламыз. Бұл ойды ойлы қазаққа Абай қара сөздерімен, насихат етті. Абай көрсеткен «Бес дұшпан» жайлаған қоғамды надандық дендеп алады. Надандық барлық жақсы іс- әрекеттің хас жауы. Бірінен- бірі туындайтын кері қасиеттерден құтылудың да жолдарын, Абай анық көрсеткен. Ендеше қоғамды дендей бастаған ауыр психологиялық халін Абайдың көрсеткен тәрбиелік үлгі, өнегесімен емдеу қажеттігі ерекше сұраныста тұр. Қазақстанның

қазіргі рухани жаңаруында Абай мұрасы шешуші рөл атқарады.

Елімізде адамды тәрбиелеу, жастарды тәрбиелеу жүйеге келмей сүреңсіз тартып, солқылдақ күй кешіп, тұрғаны анық. Батыс үлгісіндегі индивидуализмге және либералистік құндылықтарға негізделген тәрбие моделі қазақ халқына әзірше пайда әкеліп отырған жоқ. Адам тәрбиесін күшейтуге ислам құндылықтарымен сусындаған бабалардан келе жатқан ұлттық құндылықтарды бүгінгі күн талаптарымен сәйкестендіру мәселесі де шешімін тапқан жоқ. Бұл істе Абайға жүгіну керек. Себебі, Абай адам тәрбиесі мәселесінде сөзсіз ислам құндылықтары мен қасиетті Құрандағы ізгілікті ойларды астастырып, қазақы түсінікке лайықтап ұсынған болатын. Абай «адам болу» концепциясында иман мәселесін бірінші орынға қояды. «Иман» – Абайдың он үшінші қара сөзінде барлық адамшылықтың бастауы. Иман бар адам жайлы: «Енді мұндай иман сақтауға қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босанбас буын керек екен», – деп көрсетеді. Шындығында, тәрбиенің бастауы иманды күшейтуде. “Иман” негізгі тірек ретінде ұғынықты. Оны қабылдау саналы жанға қиын емес.

Әуелі істің барлығы имандылықтан бастау алатыны күнделікті істерімізде, әрекеттерімізде қағидаға айландыруымыз қажет. Сондағы тәрбиенің негізіне ықпал ететін «имандылықтың» рөлі адамның өмірін жақсартатын айрықша бір қуат екендігіне көзжеткіземіз. Жүрекәлеміндегі, тұлғаның рухани жан-дүниесіндегі адами сапаларды тудыратын, оларды шыңдайтын құндылықтарды Абай он жетінші қара сөзінде кеңінен суреттейді. Әділет, ынсап, ұят, рақым, мейірбаншылық, сабыр, сақтық, махаббат т.б. сапалық белгілер жүректен шығып, бойды алатын, яғни адам өміріндегі қылықтар мен шешімдерді анықтайтын және нәрлендіретін ерекше

қасиеттер. Қоғам жақсаруы үшін жеке адамның бойынан осы сапалардың табылуы қажет деп біледі Абай. Осындай сапаларды ұстанғанды азамат ғана «адам болу» концепциясындағы тұлғаға лайықты бола алады. Бүгінгі тәрбие жұмысында Абайдың ойларын жүзеге асыруымыздың маңызы зор. Абай қағидалары, адамның ішкі әлемінің мазмұнды, ретті болуының кепілі. Ал ішкі мазмұны дұрыс тұлға жақсы еңбек етуге қабілетті. Ол салауатты тұрмыс салтын қалыптастырып, өз өмірінің мәнді болуына әсерлі ықпал барлығына ете алатындығына көз жеткіземіз. Шынын айтқанда, қоғамдағы болып жатқан жаманшылықтар, кері істердің барлығы адамның ішкі әлемінің ретсіздігінен, өзін-өзі тани алмауынан «жақсы менен жаманды» ажырата алмауының зардабынан болады. Абай дүниетанымдағы «бес асыл істің» маңыздылығы соншалық, ол тұлғаның ішкі әлемдегі ретсіздікке тосқауыл қоятын үлкен қуатқа ие. Ақын өзінің күрделі танымының бағыттарын қарапайым қазақы түсінікке лайық жеткізеді. Егер «бес дұшпан» адамның ішкі әлемінен ысырылып, алынып тасталса ғана «бес асыл іске» жол ашылады. Яғни, кері сапаларды жою арқылы, адам бойындағы жақсы сапаларға жол ашылады. Түптің түбінде адамы жөнделген қоғам ғана дамыған өркениетке жетіседі. Адам капиталы кәсіптік біліктілікпен оның рухани байлығына да негізделеді.

XXI ғасыр адам баласына түрлі ауыртпалықтар мен қиыншылықтар ала келді. Адамзат түрлі ой кеселдеріне шалдықты. Ақпараттар ағысының күштілігі, өмір сүру ортасының қаталдығы, еңбек ету процесінің интенсивтілігі күнделікті күйбің тіршіліктегі қиыншылықтар адам жанын жаныштап, жүйкені жұқартуға әкелуде. Абайдың отыз бірінші қара сөзінде: «Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыншы

– күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болуы секілді. Бұл төрт нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер», – дейді. Абайдың көрсеткен ой кеселдері қазіргі кезеңде ғасырдың ауруына айналып отыр. Қоғамды кернеп алған жақсы мен жайсаңның адымын аштырмайтын, оларға бөгет жасайтын осындай кесапаттардың да жолын кесуді, олардан арылуды Абай көрсеткен.

Ой кеселдерін ауыздықтайтын қоғамдағы дұрыс моралдық ахуал, әділеттіліктің салтанат құруы.

Қазақты жікке бөліп, бөлшектеп, тоз-тозын шығаратын небір құбылыстар осы күні дендеп өршіп келеді. Біріктіруші, топтастырушы болатын ислам діндегі неше түрлі ағымдардың еркін жайлауы діни сауаты жоқ жастардың болашағына балта шабуда. Дін мәселесінде Қазақстан заңдарының солқылдақтығы өзінің кері нәтижесін беріп жатқандығы анық байқалды. Осындай қауіпті құбылыстар жастар тәрбиесіне келгенде берік ұстаным қажеттігін ерекше көрсетіп отыр. Қазақтың біртұтастығын, бірлігін ұстау арқылы ғана халқымыздың тұтастығы сақталынатындығын үнемі санадан шығармауымыз керек. Қазір ислам дініндегі ағымдардың уахабышылар, ахмедияшылар, зікіршілдер уағыздарының ел ертеңіне, жастардың болашағына пайдасы бар ма? – деген сұраққа жауап іздегеніміз қажетті. Осыншама бұрын болмаған діни ағымдар қазақ қауымына неге дендеп еніп кетті. Иасауи, Абай, Шәкәрім мұралары көрінгеннің қолындағы идеологиялық құралға айналмас үшін мемлекет заң қабылдап, қазақ халқының ортақ мақтанышы, мұрасы ретінде қорғауға алуы қажет. Заң ойшылдар мұрасын бұрмалатпай мемлекет тұрғысынан бақыланатынын, қадағаланатынын ескертіп отырады. Сонда ғана мүдделі

топтардың қазақ ойшылдары мұрасын өз пайдасына бұрмалауын, тоқтатамыз. Түрлі діни ағыми жастарды кері әрекеттерге тәрбиелей алмайтын болады деп есептейміз. Қазіргі қоғамда, ел бірлігіне нұқсан келтіру үшін, бабалардың қасиетті ойларын, жеке бастың мүддесіне, өз беделдерін көтеру үшін, я болмаса өздерін жарнамалауға пайдалану жиі көрініс беруде. Ел ертеңі үшін, елдің тұтастықта, татулықта болуы үшін қасиетті мұраларды халықтың игілігіне, рухани тәрбиесіне ғана пайдаланып оны, бірлікте ұстайтын тірек деп түсінуіміз қажет. Халық, осы мұраларға сүйсінсе, үлгі алса, үйренсе, тәрбиеленсе қоғамда үйлесімділік, келісімділік, адамдардың бір-біріне деген сыйласымдылығы, төзімділігі нығайып, саяси тұрақтылық пен Қазақстан қоғамын татулық дәрежесі артар еді. Өкінішке орай, қоғамды дендеп алған тамыр – таныстық, жершілдік, рушылдық біртұтас отырған қазақ жұртын жікке бөліп, біріне-бірінің бауырмалдығын әлсіретіп отыр. Түрлі топтар қазақты біріне-бірін қарсы қойып, оралмандарды бөтенсітіп шеттеуге мәжбүрлейтін тұстар да кездесіп қалып жатады. Орыс тілді, қазақ тілді қазақтардың бөлінуі де аландатады. Осындай әрі-сәрі күй кешу «қазақ» деген ұғымның тұтастырушы, біріктіруші ұғым ретіндегі қызметіне күмән келтіріп, әлсіретеді. Қазақтың өз қазағына «қазағым» деп қарап, бір-біріне бауырмал болып, өзара жақындасып, қатынаста болуы ел бірлігін күшейтіп, отанға, елге сүйіспеншілікті нығайтар еді. Абайдың “бірінді қазақ бірін дос, көрмесең істің бәрі бос”, – деп айтқанының маңызы тіптен арта түсуде.

Қазіргі кезеңдегі қоғамдағы психологиялық хал-ахуалды реттеудің негізгі жолы тәрбие жұмыстарын күшейту екендігі ақиқат. Жастарды мемлекет алдындағы, ел жұртының алдындағы, арының алдындағы парыздарын жауапкершілікпен ор-

ындауға үйрету маңызы. Сонда ғана келер ұрпақ біріне бірі құрметпен қарап, сыйластықпен өмір сүруге жетіседі. Тәрбиелік мәселелерді жүзеге асыру үшін, көптеген жан-жақты жұмыстар жүргізілуге тиісті. Көптеген тың ғылыми ізденістер керек. Қазақстанда тәрбие жұмысын жаңа талаптарға сәйкес ұйымдастыруда, Абайдың тәрбиеге қатысты қағидаларын іс-тәжірибеге айналдырудың зәрулігі күдік тудырмайды. Себебі адамзат баласы аға ұрпақтан алған өнегесімен, тәрбиесімен және рухани тәжірибесімен жетіліп отырады. Сонымен қатар, азамат өзін-өзі танып, рухани жетілгенде қоршаған ортамен, айналасымен сыйластықта, сүйіспеншілікте ғұмыр кешуге қол жеткізеді. Қазақ ұлты тағдырлық маңызы бар мәселені шешу үшін Абай қағидаларын насихаттап, оны іс-тәжірибеде жүзеге асыру маңызды болмақ. Қазақтың кең даласын бүгінгі ұрпаққа аманат етіп кеткен бабалар мұрасына адалдықты дұрыс түсіну парыз. Осы сайын далада қазақ ұлты байлығын, малы мен жанын асырасын, ел болып, бірлігін сақтап, Алланы сүйіп, адамды бауырым деп өмір сүре алса ғана бабалар өсиетіне берік болды, оның алдындағы парызын өтеді деген сөз.

Айтылған ой-пайымдар, Абайдың «адам болу» қағидасын мемлекеттік идеологияға айналдыру маңызды іс екендігіне көзімізді жеткізеді.

Екіншіден, Абай қағидаларын мұрасының рухани ұстанымдарын қоғамның тәрбие салаларында қолданысқа енгізуіміз міндет.

Үшіншіден, балалар бақшасында, мектептерге, жоғарғы оқу орындарында оқытылып, әр білім сатысына лайықты бағдарламалар жасалып, жастарды Абай ілімімен тәрбиелеуді жолға қоюға тиістіміз.

Төртіншіден, Абай мұралары ақпарат құралдарында күнделікті насихатталып, теледидардан арнайы сабақтар жүргізіліп,

тәрбиелік бағдарламалар жасалынуы қажет деп есептейміз.

Қазақтың, жалпы Қазақстан халқының Абай ілімімен сусындауына сөз жоқ, мемлекеттік дәрежеде қамқорлық қажет деп есептейміз.

Абайдың қағидалары «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін», үйренуге оң-

тайлы, тағылымдық мазмұны терең, заманның сұранысына жауап бере алатын, ескірмейтін берік ұстаным екендігі ақиқат. Демек, мәселені кейінге қалдырмай күзіретті органдар батыл түрде мемлекеттік тәрбиелік жүйені ұсынып және оқу ұжымдары оларды жүзеге асыруға кірісуіге тиісті деп білеміз.

Резюме

В статье рассматриваются проблемы формирования личности в произведениях Абая в контексте национального воспитания.

Summary

This article examines the process of identity formation in the context of national education of Abay.

ҚАЗАҚТЫҢ ХАЛЫҚ САНАМАҚТАРЫНДАҒЫ ӘДІСТЕМЕЛІК-МАТЕМАТИКАЛЫҚ ТЕНДЕНЦИЯЛАР

Қосанов Б.М. –

Абай атындағы ҚазҰПУ Магистратура және PhD докторантура институтының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты

Қазақ отбасында жас балалардың қарапайым математикалық білім-түсініктерін қалыптастыруда санамақтар ерекше рөл атқарған. Қазақтың халық санамақтары, ең алдымен, жас балаға сан үйретудің әдістемелік құралы, әсіресе он көлеміндегі сандардың нумерациясын игертудің өзіндік әдіс-тәсілдері ретінде қолданылған.

Біздің ойымызша, қазақтың халық санамақтарын баланың жас ерекшеліктеріне байланысты қолданылуына қарай, негізінен, екі топқа бөлуге болады:

1) Жас балаларды санай білуге, жалпы сан және санау ұғымдарын игеруге даярлау мақсатында қолданылатын санамақтар. Бұларды саусақ ойындары деп те атайды.

2) Он көлеміндегі сандардың ауызша және жазбаша нумерациясы туралы білім-түсініктерді қалыптастыру мақсатында пайдаланылатын санамақтар тобы.

Қазақ отбасында жас баланың тілі алғаш

шығып, былдырлап сөйлей бастасымен, ата-ана оның алақанын қытықтап немесе саусақтарын бүгіп-жазып, саусақ ойындарын ойната отырып, оны сан ұғымын игеруге дайындай бастайды. Мұндай саусақ ойындарының көптеген үлгілері бар. Соның бірі – қазақ арасында кең таралған «Қуыр-қуыр, қуырмаш» деген атпен белгілі саусақ ойыны. Мұнда балалардың саусақтарын бүгіп, «Бас бармақ, балалы үйрек, орган терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек!», – деп саусақтарға ат қояды да, оларды жұмып шығады. Әрі қарай баланы бір сарынды әуеннен жалықтырмау үшін дауысты да кимылды да өзгерте отырып, «Сен тұр, қойыңа бар! Сен тұр, жылқыңа бар! Сен тұр, түйеңе бар! Сен тұр, сиырыңа бар!», – деп төрт саусағын біртіндеп ретімен жазып шығады және олардың әрқайсысын төрт түлік мал аттарымен сәйкестендіреді де, «Сен қария, үйде жат! Қуыр-қуыр,

қуырмаш...», – деп баланың көңілін көтере отырып: «Мына жерде май бар, мына жерде құрт бар, ... , мына жерде түлкі бар, мына жерде күлкі бар, қытық, қытық...», – деп, аяғын ойынға айналдырып әкетеді.

Осы тұста ерекше тоқталып, қадалып айтар бір жайт бар. Мұнда саусақтарды біртіндеп ретімен жаза отырып, баланың алғашқы төрт натурал санды төрт түлік мал аттарымен байланыста түсінуіне жағдай жасалады. Қазіргі әдістемелік-математикалық тілмен айтсақ, бұл жерде айқын емес түрде шектеулі тең қуаттас жиындар арасында өзара бірмәнді сәйкестік тағайындау тәсілі тиімді қолданылады. Саусақ ойындарының осы сияқты сипаттары олардың уату-алдарқату мақсатында, бала көңілін аулайтын ермек қана емес, үлкен тәрбие құралы болуымен бірге, жас балаларды санау өнеріне, сондай-ақ сан ұғымын игеруге дайындаудың тамаша әдіс-тәсілі болғандығын аңғартады. Мұнда баланың жас және соған сәйкес психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оның ынта-ықыласын тез баурап алуға болатын ойын әдісі тиімді қолданылады.

Балалар есейген сайын, олардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай тәжірибелік және тұрмыстық мұқтаждықтың ұлғаюына байланысты қазақ отбасында сан ұғымымен таныстыру жұмыстары да бірте-бірте күрделене береді. Енді онға дейінгі сандарды енгізу мақсатында санамақтардың екінші тобы қолданылады. Мәселен, алғашқы алты санды енгізу мынадай санамақтың негізінде жүзеге асырылады:

Бірім-бірім,	Қаны менен
Екім-екім,	Су баласы.
	Әкең қайда?
Алтым-алтым,	- Базар кетті.
Ауыр балтам,	Жаз келер
Қырқылдауық	Жаз келмесе, күз
.....	келер
Қырман тауық	Шақалшақ
Түйін-түйін,	Тоқалшақ,
Түй баласы.	Қию-қию!
Сан ұғымын игерудің келесі кезеңінде	

сан ауқымын онға дейін кеңейте отырып, төмендегі сияқты жұмбақ – санамақтарды жаттатқызу қолға алынады.

Жұмбақ:	Шешуі:
Бірім-бір	Бір дегенің – білеу
Екім-екі	Екі дегенің – егеу
.....
Тоғызым -тоғыз	Тоғыз дегенің-торқа
Оным-он	Он дегенің-оймақ
Он бірім-	Он бір-қара жұмбақ.
Оны тапшы, ай-күнім.	

Біздің зерттеулеріміз бұл санамақтың шығу және қазақ арасында қолданылу мақсатына байланысты беймәлім болып келген аса маңызды да құнды мәселені айқындап отыр. Біздің ойымызша, ол балаларға күншығыс араб цифрларының (араб цифрларының алғашқы нұсқалары – Б.Қ.) таңбалануын оқып-үйретудің әдістемелік құралы ретінде пайда болған және қазақ арасында осы мақсатта пайдаланылған сияқты. Бұл пікіріміздің орынды екенін біз төменде аталмыш санамақты нақтылы дәлелдер негізінде талдау барысында аңғартуға тырысамыз.

Санамақтың мазмұнын тереңірек зерттей отырып, біз әдістемелік-математикалық тұрғыдан алғанда аса маңызды болып табылатын мынадай жағдайларды анықтадық.

Біріншіден, он бірдің санамақтың бірінші бөлімінде «Он бірім, – Оны тапшы, Ай-күнім» – деп, ал екінші бөлімінде «Он бір-қара жұмбақ», – деп екі рет жұмбақталуы да бекер емес. Соңғының мағынасы – «Он бір – ірі жұмбақ» дегенді білдіреді (қазақта ірі малды ірі қара деп те атайды – Б.Қ.). Ал он бірдің екі рет жұмбақталуы, әсіресе оның «қара жұмбаққа» теңелуі». Оннан кейінгі сандардың аталуы және олардың таңбалануы – ірі жұмбақ» дегенге келіп саяды. Демек, бұл жерде «Оннан кейінгі сандарды оқып-үйрену – өз алдына жеке, күрделі мәселе» екендігі туралы әңгіме болып отыр, яғни «Бірінші ондықты

сандарды оқып-үйренудің бірінші басқышы ретінде жеке оқыту керек», «Он саны-санаудың негізі» деген аса терең әдістемелік-математикалық идея аңғарылады.

Шынында да қазіргі бастауыш мектеп тәжірибесінде арифметикалық материалды «10-ға дейінгі сандар», «100-ге дейінгі сандар», «1000-ға дейінгі сандар» және «Көп таңбалы сандар» деген бөлімдерге бөліп оқыту қабылданған. Математиканы оқыту әдістемесі ғылымына «Материалды концентрлік жүйемен орналастыру» деп аталатын бұл аса маңызды әдістемелік идеяны XIX ғасырда орыстың әдіскер-математигі П.С Гурьев енгізген ед. Егер мәселені осы тұрғыдан алып қарайтын болсақ, қазақ халық педагогикасының асыл үлгілерінің бірі болып табылатын осынау бір санамақтың қандай маңызы бар екендігі айқын аңғарылады.

Екіншіден, мұндағы «Бірім-бір», «Екім-екі», «Үшім-үш», т.с.с. сөз тіркестерінің алғашқы нұсқалары «Бірім- , « \ “ Екім - ʹ “, “Үшім - ʹ” т.с.с. деген мағынада болған. Өйткені, жеке-жеке алғанда бұл сөз тіркестері ешқандай мағына бермейтіндігі әркімге де түсінікті жайт.

Осы айтылғандар аталмыш санамақтың шын мәніндегі мазмұны бастапқыда төмендегідей болған деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді:

Жұмбақ:	Шешуі:
Бірім - ʹ	Бір дегенің – білеу
Екім - ʹ	Екі дегенің – егеу
Үшім - ʹ	Үш дегенің – үскі
Төртім - ʹ	Төрт дегенің – төсек
Бесім - ʹ	Бес дегенің – бесік
Алтым - ʹ	Алты дегенің – асық
Жетім - ʹ	Жеті дегенің – желке
Сегізім - ʹ	Сегіз дегенің – серке
Тоғызым - ʹ	Тоғыз дегенің – торқа
Оным - ʹ	Он дегенің – оймақ
Он бірім -	Он бір – кара жұмбақ
Оны тапшы, Ай-күнім.	
Сонымен, санамақтың бірінші бөлімінде	

“Бір саны былайша таңбаланады”, “Екі саны былайша таңбаланады”, т.с.с. дей отырып, алғашқы он санның таңбалануы енгізіледі де, “Он бір санының қалай таңаланатынын” табу ұсынылады. Ал, оның екінші бөлімі осы цифрлардың кескінін берік есте сақтау мақсатында айтылады. Бұл жерде онға дейінгі әр санның цифрларын кескіні оған ұқсайтын, қазақ баласына таныс заттармен алмастыру үлкен әдістемелік шеберлікпен жүзеге асырылғаны аңғарылады. Сонымен қатар бұл заттардың барлығының да қазақ халқының қолөнеріне қатысы барлығын айқындау қиын емес.

Бір дегенің – білеу. Бір санының таңбасы, яғни бір цифрының кескінделуі білеу таяққа ұқсайды. “Білеу – қайрақтас, қайрақ”.

Екі дегенің – егеу. Қазақта ағаштан ыдыс-аяқ жасағанда оның ішін ұңғып, оятын, ұшы қайқы құрал түрі болған. Егеудің де осы мақсатта қолданылатын түрі болған. Сондай-ақ көлденең қимасының пішініне қарай айшық секілді егеу де бар. Демек, екі саны егеуге ұқсайтын пішінде таңбаланады.

Үш дегенің – үскі. Үскі – қазақ тілінде бұрғы, тескіш сөздерінің синонимі ретінде қолданылады. Үш санының цифрының бұрғы тәріздес болатынын бірден байқауға болады.

Төрт дегенің – төсек. Төрт санының таңбасы қазақтың төсек ағашының пішініне ұқсайтыны көрініп тұр.

Бес дегенің – бесік. Біздіңше, бұл жерде бестің таңбалануы “бесік жамбыға” ұқсас екендігі меңзеліп тұрған сияқты. «Бесік жамбы-бесік формасында құйылған күміс не алтын».

Алты дегенің – асық. Алты санының таңбалануы “асық жамбы” пішіндес. «Асық жамбы – үлкендігі қой асығы көлеміндей алтын яки күміс».

Жеті дегенің – желке. Бұл жерде жеті санының таңбалануы қазақ қолөнеріне қатысы бар желкелік сөзімен байланысты деп ойлаймыз. «Желкелік – 1) жүгеннің екі жақтауының желкеде түйісетін ұшы; 2) киім жағасының астына қадалған ілгек (бау)».

Сегіз дегенің – серке. Сегіздің таңбалануын серкенің мүйізіне ұқсату болуы мүмкін. Бірақ жоғарыдағы заттардың, бәрі дерлік қазақ қолөнеріне қатысты болғандықтан, біздің пікірімізше, бұл жерде серке емес, бастапқыда сірке сөзі қолданылған сияқты. «Сірке-аяқ киімнің сірісіне салынатын түртік-түртік өрнек».

Тоғыз дегенің – торқа. Тоғыздың таңбалануы оралған матаның кескініне ұқсайды. «Торқа – ең қымбат жібек мата».

Он дегенің – оймақ. Оймақ – « ... іс тіккенде саусаққа ине, жуалдыз батпау үшін пайдаланылатын, темірден, жезден, күмістен жасалған құрал. Оймақ кейде былғарыдан, көннен де жасалады, мұндай оймақ саусақтың басына кигізіледі». Демек, он саны саусақ пен оның қасындағы оймақ пішіндес ноқат арқылы таңбаланады.

Біздің ойымызша, алтыға дейінгі сандарды қамтып келетін санамақтардың айтылу мақсаты да балаға алтыға дейінгі сандардың жазбаша нумерациясын игертумен байланысты келіп шыққан сияқты. Бұл тұрғыдан алып қарағанда, санамақтың осы сияқты үлгілерінің бастапқы мазмұны мынадай болған деп топшылауға болады:

Бірім – ʹ
Екім – ʹ
Үшім – ʹ
Төртім – ʹ
Бесім – ʹ
Алтым – ʹ

Ауыр балтам

Бұл санамақ арқылы алдымен бұған дейін енгізілген алғашқы бес санның жазбаша нумерациясы қайталанатын да, алты санының таңбалануы енгізіледі. Мұнда “Алтым – ʹ, Ауыр балтам” деген жолдардың мағынасы “Алты саны былайша таңбаланады және оның таңбалануы балтаға ұқсайды”, – деген ойға жетелейді.

Қазақтың халық санамақтарының бұл үлгілерінің кашан, қай заманда шыққанын дәл тауып, бағдарлап айту мүмкін емес. Бір анық нәрсе, бұлар кейінгі ғасырлардың ішінде пайда бола қалған жоқ, оның қай-қайсысы болмасын әлденеше жүздеген жылдар айтыла жүріп, әбден іріктеліп, өңделіп және сұрыптала келіп, қазақ отбасында балаға сан және цифр үйретудің негізгі әдіс-тәсілдері ретінде қалыптасқандығына талас болмаса керек. Жоғарыда айтылғандар мынадай аса маңызды тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді:

- санамақтар халқымыздың жас балалардың онға дейінгі сандар жөніндегі білім-түсініктерін қалыптастыру мақсатында туған, аса терең әдістемелік-математикалық пайымдауларының жемісі болып табылады;
- қазақ арасында қазіргі цифрларға негізделген математикалық сауаттылық өте ерте замандардан бастап-ақ кеңінен өріс алған және бастауыш математиканы оқытудың “қағаз бетіне жазылмаған” өзіндік әдістемелік жүйесі болған.

Резюме

В данной статье на основе анализа казахских народных считалок выявляются содержащиеся в них важнейшие методические идеи.

Summary

In this paper, based on an analysis of the Kazakh people schitalok identifies key methodological ideas used in their content.

ЖАНҰЯ ТӘРБИЕСІНДЕГІ ҰМ-ИШАРАТТЫҢ РӨЛІ

Әбжан Г.М. –

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,
Ұлттық тәрбие және өзін-өзі тану
кафедрасының оқытушысы,
филология магистрі

Жанұя ана, әке және балалардан құрылған кішігірім бірлестік. Адамның жалғыз өзі өмір сүруі қиын болғандықтан адамдар ұжым болып топ күйінде өмір сүрулері қажет. Сондықтан адам үшін жанұяның және қоғамның маңызы зор.

Дінімізде жанұя – қасиетті бірлестік. Мықты, берік және тәртіпті жанұялары бар қоғам, мықты қоғам. Жанұядағы тәртіп те, тәртіпсіздікте қоғамға әсер етеді. Сондықтан жанұяны мықты ұстау керек.

Әлеуметтік сыртқы әсерлер, қоғам және жанұяның ішкі проблемалары, кісінің дұрыс жетілуіне кедергі келтіруі мүмкін. Сондықтан балалар және жастардың кісілігінің және мінез-құлқының жетілуінде құндылықтардың дұрыс дамуы қоғамдық өмірде өте маңызды.

Жанұя – адамның қорғаны. Жанұя – адамды түрлі жағдайлардан қорғайды. Жанұя қорған қызметін атқару үшін өз ішінен дұрыс қуатталып қорғалуы керек. Жанұя ішіндегі қарым-қатынас қандай жағдай болмасын дұрыс тәсілдермен жалғасын тапса, бұл жанұя берік жанұя.

Жанұяның маңызды функцияларының бірі – балаларға дұрыс тәрбие беріп, өмір сүріп жатқан ортасына сай жетілдіру, қоғамның мағлұматтарыноған үйрету. Көзін жанұя ішінде ашқан кісі жан-жағындағы барлық нәрселер мен қарым-қатынастың барлық мәліметін жанұя ішінде үйренеді. Жалпы жағдайларға куә болады, қоғамның құндылық және өлшемдерін көріп тәжірибеден өткізеді. Ана және әкенің қыз тәрбиесі мен ұл тәрбиесінде маңызды рөлдері бар. Әке мен шеше балаларын олардың болашақтағы рөлдеріне дайындап өсіреді.

Бала тәрбиесі бала туылмай тұрып басталатын, әке-шешенің ортақ күшімен жалғасатын ұзақ процесс. Мұхаммед (саллалаһу алайһи уа саллам) былай дейді: «Балаларыңызды ішіп, жегізіңіз және әдемі әдепке үйретіңіз». Басқа бір хадисте: «Бір әкенің баласына беретін ең дұрыс нәрсесі – әдемі мінез-құлық», – деп жазылады.

Қазақ отбасында тұспалдап сөйлеу, ымдасу ишарат білдіру бүкіл адамзаттық ортақ тамырлардан бастау ала отырып, өзімізге ғана еншіленген, өзімізге ғана жария ұлттық ерекшеліктер. Қыз, бозбалалар бір-біріне кездесер жерін, уақытын, жауабын ым арқылы өздеріне ғана ұғынықты қимылдармен көрсетіп, келісіп алады. Сондай-ақ ишарат тілі қазақ отбасында қонақ күту, мейманды сыйлау барысында анық байқалады. Отағасы бәйбішесіне, бәйбішесі балаларына ымдап, көз- қарасы, қол қимылы, қас қағу, ерін жымқыру, кірпік қағу, бас қозғалысымен білдіріп, айтарын айта алады. Қонақта отырғанда мұны талай байқаймыз және бұл әрекет мейманды құрметтегеннің көрінісі ретінде сезіледі. Мәселен, қонақпен бірге отырғанда ана баласына ешқашан дауыс көтермейді. Басты жай шайқау арқылы «үндеме», «тыныш» деген ескертуді білдіреді. Қабақты түю – ашуланғандықты, жақтырмағандықты, қаламағандықты меңзейді. Сұқ саусақты мұрынның үстіне қою- үндемеуге, сөйлемеуге шақыратын ым- ишарат. Иекті жоғары қарай қағу «не?», «не істейміз?» деген сұрауды отағасынан отанасы ишарат арқылы білдіре алады. Бетті шымшу (ұялғандықты, маскара болуды, өзгенің ұятсыздығынан қысылу) ишараты – қазақ халқына ғана тән әрекет.

Қол қимылдары ым мен ишара тілін

байқата алады. Қазақ отбасында қазақ баласы ортаға амандасқан кезде, «орта толсын» деп барып, оң қолын жүрек тұсына қойып, басын иеді. Қоштасқан шақта шығарып салушы я жолға шығушы қолын бұлғайды (қош-қош айттым, қош айттым, қос қолымды шошайттым). Қол бұлғау-шақыру, саусақтарды қарсы бағытқа сілтеу – «кет» деуді, барлық саусақты бірнеше бұғу кішкене баланы шақыру – отбасында қолданылатын ишараттар.

Голландияда сұқ саусақтың иіліп көрінуі кімде кімнің ақылға қонымды тенеуді ойлап тапқандығын білдіреді. Өзі туралы айтар болса европалық кеудесін қолымен нұсқайды, ал жапониялық мұрнын көрсете алады. Қолдың қозғалысы арқылы жан жаққа нұсқау АҚШ пен Италияда жеңіл талқылауды білдірсе, Голландияда бас тартуды білдіреді.

Жанасу арқылы болатын физиологиялық қозғалыстар да шартты түрде қабылданған ишараттар. Оған құшақтау, сипалау, аймау, сүю т.б. ишараттарды жатқызуға болады. Мысалы, шашынан, арқасынан сипалап тұрып:

Ақымағым менің. Сен соны да уайымдайсың ба? Аты кім балақайдың? (Ш.Мұртазаев).

Бұл жерде біз үлкен кісінің кішкентай баланы еркелетіп, онымен жанасу арқылы қарым-қатынасқа түскенін байқаймыз.

Антрополог Т.Канонның бақылауынша (ауызша хабар) итальяндықтарда, АҚШ-да ертеден өмір сүріп келетін осы елдің азаматтары болып табылатын американдық англосаксондықтарға қарағанда жанасудың көпшілігі ұзақ мерзімді құшақтасуға, жылдам сүюге және тіпті қол алысуға алып барады. Абхаз халқының ер адамдары бірін-бірі көп уақыт көрмей кездесіп қалған жағдайда, қол алысып, сүйісіп амандасады. Бұл қимыл тек қана ер адамның қарым-қатынасында жүреді. Ал ауылдық жерде тұратын әйелдер ерлерді кездестірген кезде, олардың оң иығынан сүйеді, ал ер адам әйелді жеңіл түрде құшақтайды. Егер де ер адам

танымал болса, онда әйел оның кеудесінен сүйеді. Ал бұл көріністер біздің халқымызда жат әрекеттер.

Ал Бирма, Моңғолия және Лапландия елдерінің тұрғындары сәлемдесу үшін дәстүрлі түрде бірін-бірі иіскелейді екен. Эскимостар танымайтын адамды көргенде басына не иығына ұрады екен. Ал Амазонка тұрғындары бір-бірімен арқа қағыстыру арқылы сәлемдеседі. Торреса аралдарында сәлемдесу үшін оң қолын ілгек формасына келтіріп, бірнеше рет қайталай отырып, алақанын екі жақтан да қасиды [1; 151].

Борнео Малайский архипелагында сол-түстік таулы аймақтарда тұратын дусун елінде денеге жанасудың репертуары кездеседі және ол 3 үлкен топқа бөлінеді.

1. Мәдени-әлеуметтік интерактивті актіні, әр түрлі қарым-қатынасты түсіндіретін жанасу ишараты. Мысалы, тұрмыстық әлеуметтік актілер: балаларды тәрбиелеу, қонақтардың келуі және т.б. әлеуметтік актілерді жатқызуға болады.

2. Эмоцияны білдіретін (50-ге жуық әртүрлі ишараттар) жанасу ишараты. Қуану, өкіну, жылау, қайғы, қорқыныш т.б. ишараттарды жатқызамыз.

3. Интимді жанасу ишараты. Сүю, құшақтау, аймау, арқасынан сипау, қол ұстасу, тізесіне отырғызу, шашынан иіскеу т.б.

Сәби де өзіне дәл осындай жағдайды күтеді. Ол басқа адамдардан физикалық жанасуға ұмтылады, ата-анасынан, ата-әжесінен жылулық пен қорған күтеді. Осылайша, қазақ отбасысында сәбиді бауырына басады, қолына ұстайды, әлдилейді. Бұл жерден де бауырына басу, бетінен сүю, шашынан сипау сияқты жанасу ишараттарын қолдану арқылы бала тәрбиесінде бауырмалдылықты, мейірімділікті ана құзіретінде байқай аламыз. Перзентінің бетінен сүйіп, шашынан сипап, мауқын басты немесе баласын бауырына басты деген тіркестер жанасу ишаратына дәлелді айғақтар. Еуропа мен Америкада

туып өскен ұл бала, бірнеше ай көлемінде қыз баламен салыстырғанда жанасудың бірнеше формаларымен танысады. Алайда 6 айға қарай жанасудың саны мен жиілігі теңесіп, одан әрі жағдай керісінше жүзеге асады.

Ым – ишаратты талдай келе, компоненттерін атауға болады:

- физиологиялық параметрден (күш, идинамика, амплитуда арқылы);
 - фрагменттік (мандай, ауыз, көз т.б.);
 - элеуметтік психологиялық жағдайда (ұлттық мәдениет, жеке стиль, қоғамдық топтарда қабылданған көріністер);
- Визуалдық қатынас (көз арқылы) түрлерін топтауға болады:
- көзбен көз
 - бір нүктеде көзді ұстау
 - тура қарау
 - көзді төмен түсіру
 - қиғашынан қарау т.б.

Визуалды қатынастың бұл кезеңдері

психологиялық жақындықты білдіреді. Адам ақпараттың 80 пайызын көру қабілеті арқылы алатынын ғалымдар зерттеген. А.Л.Ярбустың зерттеуінше, адамның көзі мен ерні ең қозғалыста болатын мүшесі. Көз бен ерін адамның көңіл күйінің бақылаушысы деп атап көрсеткен \2,31\.

Араб халқының тәрбиесінде баланы жастайынан әңгімелесуде көзге тура қарауды үйретеді, басқа жағдайда әдепсіздік саналады екен. Ал үнді тайпаларында балаға әңгімелесушіге тура қарамауды үйретеді. Оңтүстік америкалық үнді тайпаларында әңгімелесуші мен тыңдаушы жан-жағына қарап отырады. Жапондықтар әңгімеде әңгімелесушінің мойнына қарайды. Бетке тура қарау олардың түсінігінше, әдепсіздік саналады. Кениялық тайпа өкілдерінде күйеу баласы мен енесі әңгімелесу кезінде арқасымен бұрылып сөйлеседі. Жалпы алғанда адамдар бір-біріне әңгімелесудің үштен екі бөлігінде үштен бірі бір-біріне қарайды.

Баспен болатын қозғалыстардың мағынасы:

Басты оң және сол жаққа қағу	Шығалық, тұралық, жүрелік мағынасы
Басты қасу	амалсыздықты
Сұқ саусақты бастың оң не сол жақ шекесіне тірей қозғалту	Адамның есінің дұрыстығына күмән дануды
Сұқ саусақпен шекені түрту	Ойлану керектігін

Көзбен болатын ым- ишараттардың мағынасы

Кіріпкіт жии қағу	Тығырыққа тірелу , қысылғандықты
Көзді қысу	алдауды
Көзді болмашы қысу	қулану

Мұрынмен болатын ым- ишараттар:

Мұрынды тыржиту	Жақтырмағандық, ұнатпағандық
Танауды делдиту	Мақтанғандық,масаттанғандық
Мұрынды қасу	ойланғандықты

Ерінмен болатын ым – ишараттар:

Ерінді шүйіру	жаратпағандықты
Ерінді жымқыру	қиналғандықты
Ерінді тістелеу	Қобалжу, қорқу, қысылу
Ерінді жоғары көтеру	жалығу
Сұқ саусақтың іш жағын ерінге тигізу	Сөзге абай бол деген мағына

Мағыналарды білдіріп, халқымызда баланың бойында көп қолданылатындығын байқаймыз. Негізінен баланың не нәрсеге бейімділігі үш жас пен бес жастың аралығы екендігін ескерсек, ым тілін де бала осы жаста көбірек қолданады. Бала бойынан аңғарылған осы ишарат тілі белгілері баланың эмоционалдық көңіл-күйін, пікірін тыңдауға,балаларға жәрдемдесуге ата-ананың ықпалын арттырумен бірге, баланың көптеген маңызды қабілеттерінің дамуына себепші болады.

Баланың болашағы үшін балалық шақтың маңызы зор. Себебі оның негізгі қасиеттері осы кезеңде қалыптасады. Алғашқы жылдары ол ата-анаға тәуелді болғандықтан, оның болмысының қалыптасуына ата- анасы себепші болады.

Бала тәрбиесін жас ерекшеліктеріне орай белгілі кезеңдерге бөліп қарастырудың маңыздылығы Ислам өркениетінде қарастырылған. Сондықтан дін негізінде бала тәрбиесін келесі топтарға бөліп қарастырған: сәбилік кезең 0-2 жас аралығы; бүлдіршін кезең 2-6 жас аралығы; «Тәмииз

кезеңі» 7-9 жас аралығы; «Мураниқ жасы»- 10-15 жас аралығы; балиғат жасы – 16 жастан жоғары.

Тәлім-тәрбие берудің күнделікті практикасында педагогикалық ықпал етудің түрлі тәсілдерін (қайырымды қатынас жасау, адамгершілік сезімін ояту, түсіндіру, көрсету (ым ишарат қозғалыстарын қолдану), мақтау, түзеу, бағалау, наразылық білдіру, айыптау, қолдау, ынталандыру,бұйыру, еркелету, қолдау т.б. тәсілдер балаға тәрбие берудің мүмкіндіктері ретінде қарастырылған. Мағжан Жұмабаевтың сөзімен түсіндірсек,... «тәрбиеден мақсұт – адам деген атты құр жала қылып жапсырмай, шын мағынасымен адам қылып шығару» \3,160\.

Демек, баланы тәрбиелеудегі мақсат-оны жан жақты кемелдендіріп, қоғамға пайдасы тиетін азамат етіп шығару. Бала бойында қазақ мәдениетінде ұл, қыз бала тәрбиесінде қолданылатын амал тілі: ым-ишара арқылы ұғына білген, сол арқылы ізгілікті, әдептілікті сақтай алған, ұятты, көргенді қазақтың ізгі ұрпағын тәрбиелеу – үлкен сауапты істің бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Садохин.А.П.Теория и практика межкультурной коммуникации. М., 2004.
2. Современный язык жестов. – Минск.:Харвест. – 2007.
3. Жұмабаев.М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, – 1992.

Резюме

В статье автором исследуется проблема воспитания в семье, в том числе воспитание детей с помощью языков жеста и мимики.

А также рассматриваются социально-культурные ситуации, такие как нормы созидательного поведения в культуре казахского народа.

Summary

This article explores the author explores the problems of education in the family, including children using language gesture and facial expressions.

As well as socio-cultural situations such as those constructive conduct in the culture of Kazakh people.

ОҚУШЫ ӘЛЕУЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНІҢ РӨЛІ

Садыкова А.Е. –

педагогика ғылымдарының магистрі

Құрманғали А.К. –

педагогика ғылымдарының магистрі,

жауапты хатшы

Абай атындағы ҚазҰПУ

Белгілі француз ағартушысы Ж.Ж.Руссоның пікірінше: «Барлық қоғам біткеннің ең арғысы және бірден-бір табиғиы – отбасы». Осы тұрғыда, қоғам да, мемлекет те отбасынан, әулеттен басталады. Ежелден қазақ оны «Отан – отбасынан басталады», – деп бекерге айтпаса керек. Ол біздің халқымыз үшін отбасы тәрбиесінің маңыздылығын айқындайды.

Отбасы – өмір сүріп жатқан адамның өте маңызды, өте жауапты жанұясы, себебі отбасы адамға бақыт, толық мәнді тыныс-тіршілік әкеледі. Отбасы қоғамдық құрылымның кіші бір мемлекеті, алғашқы қонған ұясы. Отбасы белгілі дәстүрлердің, тәлімдік өнегелердің, қазақи мұралардың сақтаушысы. Отбасында бала алғаш рет шыр етіп өмірге келгеннен кейінгі өмір жолымен танысатын ортасы. Яғни өзіне тән моральдық нормаларын игереді. Осының нәтижесінде отбасылық өмір – жеке адамның азамат болып өсуінің негізі екендігі мәлім болады. Қазақта «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» демекші, отбасы ғасырлар бойы адам баласы тәрбиесінің негізгі құралы болып келеді. Сонымен қатар, ежелгі заман ойшылы Платон: «Ұл тәрбиелей отырып жер иесін, қыз тәрбиелей отырып ұлтты тәрбиелейміз», – деп тегіннен тегін айтпаған. Елін, тілін, дінін, жерін қадірлейтін арнамысы бар ұрпақ отбасында тәрбиеленеді. Сондықтан, ол – адам үшін де, өз қоғамымыз үшін де ең маңызды әлеуметтік орта.

Қоғамдық тәрбиенің бір бөлігі – отбасы тәрбиесі. Отбасы тәрбиесі мемлекет алдындағы ата-аналардың үлкен атқарар борышы. Осы отбасы тәрбиесіндегі ата-

ананың белгілі орны туралы Абай Құнанбаев: «Адамның адамдық қасиеттерге ие болмағы, әуелі, ақыл, ғылыммен болса, ол қызығу, денсаулыққа байланысты, қалғаны – «жақсы ата-ана» үлгі өнегесі», – деп тауып айтқан. Баланың бойында адами жақсы қасиеттердің қалыптасуы ата-ананың ықпалына тікелей тәуелділігін аңғартқан.

Сонымен қатар, отбасы оқыту мен тәрбие жұмысындағы мектептің одақтасы деп те айтуға болады. Яғни ол үйде – бала, мектепте – оқушы. Ол бала тәрбиесі жөнінде мектеппен тығыз байланыста болуды өте жақсы түсінеді. Бала тәрбиесінің отбасында, мектепте нәтижелі болуы ынтымақтастыққа, өзара байланысқа негізделеді. Осы екі тәрбиенің қайнар көздері әрқашан тығыз байланыста, ынтымақтастықта болса оқушы әлеуетінің жақсы қалыптасуына бірден-бір кепіл бола алады.

Тәрбие өз бастауын отбасынан алады десек, сол отбасы бүкіл ғасырлар бойы адам баласы тәрбиесінің құралы болып келеді. Сондықтан, ол – адам үшін ең үлкен мәнге ие орта болып табылады. Отбасы – үлгі-өнегелердің, дәстүрлердің, асыл мұралардың сақтаушысы. Онда бала алғашқы рет өмір жолымен танысып, моральдық нормаларды игереді. Сондықтан, отбасылық өмір – жеке адамның азамат болып өсуінің негізі.

Отбасы тәрбиесін қоғамдық тәрбиенің бір бөлігі ретінде алып қарасақ, мемлекет алдындағы ата-аналардың борышы да осы отбасы тәрбиесіне келіп саяды. Барлық уақытта да өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесі мәселелерін шешуде жанұя үлкен

мүмкіндіктерге ие. Ал, қазіргі заманғы жанұяның өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесі мәселелерін шешудегі ерекшелігі – ата-ананың білім және жалпы мәдени деңгейінің жоғарлауы.

Ата-ананың іс-әрекеті мен мінез-кұлқы, өмір сүру салты арқылы балаға дүниетанымдық, адамгершілік, әлеуметтік-саяси құндылықтар беріледі. Отбасы тәрбиесінің қоғамдық және мемлекеттік тәрбиеге қарағанда артықшылығының басымдығы да осында жатыр. Алайда, қазіргі қоғамдық өмірде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық және демографиялық өзгерістер отбасына белгілі бір қиыншылықтар туғызады.

Ата-аналардың білім деңгейіне байланысты да отбасында ерекшеліктер орын алады. Мысалы: ата-аналардың білім деңгейлері төмен болған сайын олардың балаларының мектептегі үлгерімі мен тәрбиесі де нашар болады. Оған қазіргі өмір талаптарына байланысты ата-аналар көбінесе қызметте болғандықтан бала тәрбиесінің көбі білімі мен тәжірибесі төмен бала күтушілеріне жүктеледі.

Сондай-ақ, қоғамда жүріп жатқан тұрғындардың материалдық жағдайға байланысты жіктелуі де отбасы тәрбиесіне материалдық жағдайы әртүрлі ата-аналардың қарым-қатынасына әсер етеді. Материалдық кірісі мол отбасыларда педагогикалық көзсоқырлық, тойынғандық жағдайға алып барады. Бұл жерде біз тойынғандық деп – өмірге, өмірдегі материалдық және рухани құндылықтарға деген жеккөрінішті, келекетті қатынасты айтып отырмыз.

Сонымен, жастайынан осындай ортада өскен балалардың арасына торығушылар, қаңғыбастар, «қызықты» әсерді іздеушілер өсіп шығады.

Қазіргі кезде отбасының «уақталу» процесі де жүріп жатыр. Ол дегеніміз – жас ата-аналардан тұратын әжесіз, атасыз отбасылар. Бұл отбасының беріктігін нығайтып, дербес ұжымды қатынастыруда қиыншылық әкеледі.

Осылар сияқты жас отбасында кездесетін тұрмыстың түзелмеуі, бала тәрбиесі сияқты қиындықтарды шешу қазіргі таңда қоғамның құзырына келіп түсіп отыр.

Мұндай қиын мәселелер қатарына отбасы мүшелерінің кемуі, туылған бала санының азаюы сияқты отбасы дамуының ерекшелігін құрайтын демографиялық жағдайлар жатады. Таратып айтар болсақ, негізінен қалалық отбасында бір-екі бала ғана тәрбиеленеді. Бала туудың азаюының себептері сан алуан және өте күрделі; олар ата-аналардың жұмысбастылығын; мектепке дейінгі мекемелермен қамтамасыз етілмеуі; бала тәрбиесіне шығынның көп жұмсалуды; әйел ананың шамадан тыс жұмысбастылығы; отбасының қолайсыз тұрғын үйі; тұрмыстық жағдайы; ата-аналардың «өзі үшін өмір сүруге» ұмтылған тоғышарлық ұмтылысы және тағы да осы сияқты мәселелерді тізіп айта берсе болады.

Сонымен қатар, қазіргі отбасы ажырасу санының едәуір артуымен де қоғамда үлкен де, даулы проблемаға айналып отыр.

Статистикаға жүгінетін болсақ, 2012 жылғы қаңтар-ақпанда АХАТ органдарымен тіркелген некелер саны 12,9%-ға өсіп және 21750 (2011 ж. қаңтар-ақпанда – 19268) құрады, некенің жалпы коэффициенті 1000 тұрғынға 7,8 (7,0) құрады. Сондай-ақ, ажырасулар саны да 13,8%-ға өсіп және 7479 (6571) құрады, ажырасудың жалпы коэффициенті 1000 тұрғынға 2,7 (2,4) құрап отыр. Бұл дегеніміз, ажырасудың 90% тұрмыс қолайсыздығы мен дайындықсыздың салдарына келіп саяды.

Ал, мұндай толық емес жанұяда өскен баланың психологиясы қатты өзгеріске ұшырайтыны ғылымда дәлелденген. Берілетін тәрбие де бір жақты болып, баланың толық кемелді қалыптасуына кері әсерін тигізетіні хақ. Сол сияқты, бір балалы отбасы да көпшілікпен араласу, ұжымдық қызмет тәжірибесін игеру жағынан баланы қиын жағдайға қалдырады. Бұндай отбасыларда аға, әпке сияқты тәлімгер іні, қарындас сияқты қамқорлығына алатын бауырдың

болмауы ұжымдық туыстық қатынастар аясын мүлдем тарылта түседі. Осындай жағдайда баланың қызығушылығы мен қажеттілігін қамтамасыз етуде ата-аналардың педагогикалық нормаларды сақтамауынан бастауыш сынып кезінен оның бойында тоғышарлық, ұжымды жатырқаушылық қасиеттердің қалыптасқандығын аңғарамыз.

Мұндай проблемалардың тууы мен көбеюі – отбасындағы тәрбие әдістерін қолға алуға деген сұранысты қажет етеді. Осыдан келіп, жеткіншектің жанұяда алатын тәлім-тәрбиесі оның тұрақты бір әлеуметтік институты ретінде қарастырудың қажеттілігі келіп шығады. Ол отбасы мүшелері арасындағы өзара қатынастардың қалыптасуы мен дамуына септігін тигізетін адамдардың жақындығы, туыстық, өзара үйелмендік, тұрмыстық өмір. Отбасы тәрбиесінің артықшылығы да осы қатынастарда, оны тәрбиенің ешқандай да түрі алмастыра алмайды.

Отбасы – болашақ азаматтың әлеуметтену жолындағы алғашқы қадамдарын жасайтын бастапқы адым. Ол балаға моральдық қалпы туралы алғашқы түсініктер береді, оны еңбекке баулып, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастырады.

Негізі отбасы оқушының мінез-құлқының, дүниеге көзқарасының негізін қалайды. Ата-бабаларымыздың тілімен айтқанда, ұлттық құндылықтарды, қадір-қасиеттерді атаның құлқымен, ананың сүтімен ұрпақ бойына дарыту. Яғни, осы қасиетті құндылықтарымыз арқылы отбасы оқушы әлеуетін қалыптастырудың бірден-бір жолы.

Отбасының басты қызметі баланы тәрбиелеу дедік. Отбасы тәрбиесі – бұл жалпы тәрбиенің ең басты бөлігі. Ата-ана және отбасы мүшелері жас нәресте дүниеге келген күннен бастап, оның өміріне қамқорлық жасап, болашағын жоспарлайды және саналы ел мұратын ақтар азамат болып өсуі үшін қажетті жағдай жасайды. Осы дүниелер арқылы бала әлеуетін қалыптастырып, өмірге деген құлшынысын

оятады. Бұған баланың қажеттігін толық қанағаттандыру, оны дене және ой еңбегіне үйрету, күн тәртібін дұрыс реттеуге, салауатты өмір салтын ұстанып өмір сүруге, адал болуға тәрбиелеу, бойында жастайынан мәдени құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру жатады. Және де жақсылықты үйреніп, жамандықтан жиреніп жүруіне түйткіл болады.

Оқушының толыққанды дамуының, оның әлеуетінің қалыптасуының қандай қырын алмайық, қай жас кезеңінде болмасын оның тиімді болуында отбасының рөлі ерекше екені баршамызға аян.

Қазіргі таңда оқушы әлеуетін қалыптастыруда отбасының басты қызметтері мен міндеттеріне толыққанды тоқталайық:

- Ұлттық сана-сезім ояту;
 - Қадір-қасиетін;
 - Салт-дәстүр, әдет-ғұрыптан хабардар ету;
 - Рухани-адамгершілік;
 - Тұрмыстық;
 - Ұлттың өзіндік шаруашылықты жүргізу машықтары;
 - Іскерлік;
 - Тәрбиелік;
 - Танымдық-білімдік;
 - Еңбек;
 - Мәдени-ағаратушылық;
 - Демалыс-шығармашылық;
 - Тұлғаның өзіндік тәжірибесін ынталандырушы.
- Оқушы әлеуетін қалыптастыруда мынандай басты міндеттер міндеттеледі:
- Бұл өмірге саналы адам болып келуіне жағдай жасау;
 - Оның денсаулығына қамқорлық жасау;
 - Үйлесімді дамыту;
 - Оқуына көмек көрсету;
 - Жан-жақтылыққа баулу;
 - Еңбек тәрбиесін жүзеге асыру және мамандық таңдауға көмектесу;
 - Өз сүйікті мамандығының маманы болып қалыптасуына жол ашу;
 - Тұлғаның әлеуметтенуіне көмектесу;

- Ізгі, эмоционалды-адамгершіліктік қатынас тәжірибесін қалыптастыру;
- Интеллектуалдық және мәдени дамуына қамқорлық жасау;
- Өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін-өзі дамытуға дайындау;
- Жыныстық тәрбие, болашақ отбасылық

өмірге даярлау.

Осы айтылған басты мақсаттар мен міндеттердің түбегейлі орындалуы нәтижесінде отбасындағы бала, немесе мектептегі оқушы әлеуеті толыққанды қалыптасары анық.

Резюме

В данной статье рассматриваются вопросы семейного воспитания. А также актуальность союза школы и семьи в учебной и воспитательной работе.

Summary

This article focuses on education in the family. Also in the article the union of school and family in the training and educational work.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ МАМАН ТҮЛҒА БОЛМЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ЫҚПАЛЫ

Қожабеков Д.А. –

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың

Магистратура және PhD докторантура

институтының

2-курс магистранты

Құндылық көп мағыналы пәнаралық ғылыми ұғым. Философия ғылымы тұрғысынан «құндылық» – тұлға үшін маңызды, пайдалы, өзін-өзі жетілдіруге және адамзат қоғамының дамуына септігі бар адамның шынайылыққа деген қатынасының мәнін, белгілі бір ақиқат құбылысының адамға, әлеуметке және мәдениетке маңызын көрсету үшін қолданылатын ұғым [1].

Демек құндылық жеке адамның және басқа субъектілердің тіршілігінде олардың қажеттілігін қанағаттандыру мен қызығушылығын жүзеге асыруға арналған маңызды іс-әрекеттерді анықтайды. Жеке тұлға іс-әрекетінің табысты болуы олардың мәдениетіне тікелей байланысты, себебі мәдени білімдер оның құндылық бағдарының негізін құрайды. Тұлғаны мәдениетке тарту алдымен жеке құндылықтар жүйесін қалыптастыру үрдісі болып табылады.

Мәдениетті меңгеру үрдісінде индивид тұлға болып қалыптасады, тұлға адам ретінде қасиеттер жиынтығынан тұратындықтан, оған қоғамда оның толық қанды мүшесі ретінде өмір сүруге, басқа адамдармен әрекеттесуге, мәдениетті өндіру бойынша іс-әрекетін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік құндылықтар және олардың қоғамдық өмірдегі рөлі туралы мәселе адам мен қоғам, мәдениет пен өркениет, табиғат пен қоғам арасындағы қарым-қатынастармен тікелей байланысты.

Құндылықтардың ғалымдар бөліп көрсеткен жіктемесіне сүйене отырып, болашақ маман тұлғасын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратын *әлеуметтік құндылықтар*, атап айтқанда, статус, әлеуметтік орны мен беделі, еңбекқорлық, еңбек, байлық, кәсіп, отбасы, патриотизм, ұлтжандылық, келісімділік, тәртіп, кәсіпқойлық, әлеуметтік теңдік, жыныс теңдігі,

бейбітшілік, белсенділік, жетістіктерге жете алу мүмкіндігі, тұлға еркінділігі, төзімділік, т.б. бөліп көрсетіліп, сипаттамасына назар аударылды.

Әлеуметтік статус (мәртебе) – қоғамдағы жеке тұлғалар мен әлеуметтік топтардың қандай да бір құқықтар мен міндеттер жиынтығымен байланысты жалпы жағдайы.

Ол жеке тұлғаның немесе әлеуметтік топтың «статустық жиынтық» деп аталатын қоғамдағы дәрежесінің, кәсібінің, білігінің, лауазымының, материалдық жағдайының, саяси ықпалының, партиялық және кәсіподақтық мүшелігінің, іскерлік байланыстарының, ұлтының, діншілдігінің, жасының, отбасылық жағдайының, туыстық байланыстарының интегралды көрсеткіші (Р.Мертон) [2].

Бедел – кең мағынада жалпы мойындалған бір тұлғаның немесе ұйымның білім, тәжірибе, адамгершілік абыройға негізделген қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларына әсер етуі; дәл мағынада билікті іске асырудың бір үлгісі; бір немесе бірнеше мүмкін саяси легитимация нысандарына негізделген қауымдастықта немесе мемлекетте орнатылған саяси басқару.

Еңбек – адамға өзінің тұтынушылығын қамтамасыз етуге қажетті бүкіл заттар жиынтығын жасайтын адам әрекетінің негізгі формасы. Еңбек адамның өзінің қалыптасуында, оның сана, сөйлеу тәрізді қатынасқа қабілетті ететін қасиеттерін қалыптастыратын шешуші күш.

Абырой – адамның өзіне деген айрықша моральдық көзқарасын білдіретін этикалық категория және жеке тұлғаның қадір-қасиеті мойындалатын қоғамдық пікір; адамның өзі айналысатын кәсібіне (мамандығына), қабілет-қарымына толық сәйкес келуі. Адам абыройы мен қадір-қасиеті оның шыққан тегі, білімі немесе әлеуметтік жағдайымен емес, жеке тұлға және азамат ретінде еркін ерік күшінің болуымен айқындалады. Адамның өз абыройын арттыруы жеке тұлғаны дәстүрлі еңбекке тәрбиелеу процесі барысында жүзеге асады, ал оның

негізгі шарты – ересектердің жастарға деген сыйластық қарым-қатынасы болып табылады.

Адам абырой үшін қызмет етеді, кейін абырой адам үшін қызмет істейді. Сондықтан халық әсіресе жастарға бата бергенде алдымен «абыройлы болсын!» дейді. Абырой адамның қоғамдық бейнесін, өз еңбегімен жинаған беделін танытады.

Намыс – арлы адамның өзіне, айналасына, ұлтына кір келтірмес үшін күресте бойына қайрат беретін сезімі. Қазақ халқы ұлттық намысқа ерекше мән беріп, халықтық тәлім-тәрбие жүргізеді. Намыс – адамның қадір-қасиетіне байланысты өте нәзік, өткір, күшті, лап етпе сезімі. Ар-ұждан намыс деген ұғыммен тығыз байланысты. Ар-ұждан – адамның өз тәртібін өзінің қадағалауына негізделген, тұлғаның этикалық қарым-қатынасымен байланысты қарастырылатын мінез-құлқтық категория. Ол адамның өз мінез-құлқын бақылау, қадағалау, оған белгілі бір шек қойып, мүлтіксіз орындау қабілетін бейнелейтін әдептану санаты. Ұждан адамның халық пен қоғам немесе жеке адамдар алдындағы өз әрекеті, іс-қимылы үшін моральдық жауапкершілігін сезініп, саналы түрде ұғынуын, өз ойы мен іс-әрекетін адамгершілік ұжданымен бағалай білуін бейнелейді.

Байлық – қоғамға және жеке адамға қатысты материалдық игіліктер мен рухани құндылықтарды білдіретін ұғым. Байлық рухани және материалдық болып ажыратылады. Рухани байлық ұғымы әлемде немесе белгілі бір елде жасалған рухани қазыналардың жиынтығын, сол қазыналарды игеруді мұрат тұтқан жеке адам басындағы сезім, ақыл, парасат, өнер, білім қабілеттерін қамтиды (қ. Руханият). Ал, материалдық байлық ұғымы адамзат қауымына, жеке мемлекетке не адамға тиесілі материалдық игіліктерді білдіреді. Сондықтан адамдар қарым-қатынасындағы билік, әділдік ұғымдарын қарастырып, адамзат қоғамында үйлесімділікке жету жолдарын іздеген ойшылдар «байлық» ұғымын айналып

өте алмаған. Байлықтың жеке меншіктік, қоғамдық және мемлекеттік түрлерінің тиімділігі мен әділдігі мәселесіне қатысты бір-біріне қарама-қайшы философия және социологиялық көзқарастар қалыптасқан.

Кез келген қоғамда адамдардың рухани және материалдық байлыққа қол жеткізуіне жағдай туғызылғанда ғана сол қоғамның дамуы орнықты болады. Мұндай қоғамдағы мүмкіндікті ақылмен пайдаланып, қажымай күш-жігер жұмсағандар бай болады. Ал, жалқаулық пен енжарлыққа бой салғандар кедейшілікке ұрынады. Бұл пікірді Абайша білдірсек, “Байлықты, кедейшілікті жаратқан - құдай, бай қылған, кедей қылған құдай емес” [3].

Дәстүрлі қазақ қоғамында материалдық байлықтан рухани игілікті жоғары қоятын “Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы” деген моральдық ұстаным қалыптасқан.

Кәсіп – кәсіптік оқу және тәжірибе жинақтау нәтижесінде игерілетін, белгілі бір білім мен машықтарды талап ететін еңбек қызметінің түрі.

Тәртіп – адамдардың белгілі бір қауымдастығындағы, тіршілік қарекеті саласындағы реттіліктің, жөн-жосықтылық пен ұйымшылдықтың сапалық сипаты; адам мінез-құлқының қоғамда қалыптасқан құқық, мораль нормаларына не әлдебір ұйымның жарғылық талаптарына сәйкестігі. Тәртіп тұлғаның ұстамдылығын, іштей ұйымдасқандығын, жауапкершілігін, өз мақсаттарына бағыну мен қоғамдық нұсқауларға (зандар, әлеум. нормалар, қағидалар) бағынуға әзірлігі мен дағдысын қамтиды.

Қоғамдық тәртіп адамдардың мінез-құлқы мен жүріс-тұрысына үйлесімді сипат береді, ұжымдық іс-әрекеттің өнімділігін, әлеуметтік инабаттардың қалыпты қызмет атқаруының, тұлғааралық қатынастың дұрыс болуының алғышарты болып табылады. Тәртіп – қоғамда қалыптасқан құқық, мораль нормаларына немесе қандай да болсын ұйымның жарлық талаптарына адамдардың мінез-құлқының сәйкестігін бейнелей-

тін қандай да болсын қауымдастықта, адамдардың тіршілік әрекеті сферасында реттіліктің ұйымшылдықтың сапалық сипаттамасы.

Гендер – анатомиялық жыныс бойынша еркектер мен әйелдер арасындағы ерекшелік; негізі анатомиялық жыныста құрылған, бірақ онымен сәйкес келуі міндетті емес әлеуметтік бөлу. Әлеуметтік қатынас (биологиялық жыныс емес); немесе әрбір жеке тұлғаның арнайы әлеуметтік қатынастар терминіндегі көзқарасы. Ағылшын тілінен аударғанда гендер «тек» деген мағынаны (ағыл. gender – тек, грамматикалық ұғым: мысалы орыс тіліндегі женский род, мужской род, средний род) білдіреді.

Белсенділік – белсенділіктің қозғаушы күші – қажеттілік пен құштарлық. Тіршіліктің негізі – қозғалыс пен іс-әрекет болса, оның не қарқынды, не баяу жүруі қажеттілік пен құштарлық шегіне байланысты. Әлеуметтанудағы белсенділік адамның мінез-құлқы мен іс-әрекетін сипаттайтын негізгі белгілердің бірі. Мұны саяси белсенділік, әлеуметтік белсенділік және психикалық белсенділік деп бөледі:

Саяси белсенділік – жеке тұлғаның не әлеуметтік топтың саяси процеске араласу деңгейін білдіретін ұғым. Бұл белсенділік әлеуметтік топтың өзі көздеген мақсаттарына сай саяси жүйеге ықпал етіп, оны өзгертуге ұмтылуынан байқалады.

Әлеуметтік белсенділік – белгілі бір тарихи кезеңде әлеуметтік топтың, қауымның қоғам алдына қойылған міндетті саналы түрде шешуге бағытталған іс-әрекеттерінің жиынтығы. Әлеуметтік белсенділік қоғам өмірін әртүрлі аясында (саяси-қоғамдық істерде, еңбек, мәдениет және тұрмыс саласында) көрініс береді.

Психологиядағы **белсенділік** – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынас жасауының сипаты, ол іс-әрекетпен байланысты бағаланады.

Тұлға белсенділігі – адамның шығармашылықтағы, іс-әрекеттегі, қоғамдағы, қарым-қатынастағы тегеурінділігі.

Бұл адамның әлеуметтік өзгерістерге араласуынан байқататын қасиет. Тұлға белсенділігі оның идеялық принциптілігі мен өз көзқарасынан таймауынан, сөзі мен ісінің бірлігінен көрінетін адамның белсенді өмірлік позициясы ретінде сипатталады; ситуацияға үстем белсенділік – субъектінің ситуациялық алаптардың деңгейінен биік болу қабілеті.

Тұлға еркіндігі – адамның немесе жеке ұлттың, халықтың өз мүдделері мен мүмкіндігіне сай әрекет етіп, өз қалауын жүзеге асыруы. Адамдар өз әрекетінің объективті жағдайларын қалауынша таңдап алуға ерікті емес, алайда олар нақтылы және салыстырмалы еркіндікке ие. Жеке адам мен ұлттың еркіндік дәрежесінің артуы тұтастай алғанда қоғамның ілгерілеу үрдісінің өзекті өлшемі болады.

Адамның тұлғалық қалыптасуы әлеуметтік жағдайларға тәуелділігі ертеден-ақ дәлелденген. Бұл туралы психолог, педагог ғалым Л.С.Выготский өзінің зерттеулерінде ерекше мән берген. Ол адам – әлеуметтік ортаның негізгі бір құрамды бөлігі деп есептейді. Өз тарапынан орта мүлде өзгермейтін, қатып қалған, ешнәрсе әсер етпейтін дүние емес, ол үнемі адамдық ойлы қарым-қатынаста болатындығын айта келіп, орта, сайып келгенде, адам үшін әлеуметтік орта болып есептеледі де, адамға әлеуметтік тәжірибесімен табиғи ықпал жасайды деген пікірді ұсынады. Әлеуметтік ортаны шартты түрде адамдар қарым-қатынасының жиынтығы деп есептей келе, әлеуметтік ортаның ерекше өзгермелі жаңа мазмұны, түрлері тәрбиенің өте икемді, қажетті құралы бола алатындығын дәлелдейді [4].

Э.Дюркгеймнің ғылыми айналымға құндылықтар және бағдарлар ұғымдарын енгізуіне байланысты оның әлеуметтануының жаңа қырлары көрінеді: егерде сырттан әсер етілетін мәжбүр етуге сүйенбей, қоғамның адамгершілік қасиеттерін жетілдіруге көңіл бөлінетін болса, әлеуметтік нормаларда соғұрлым тиімдірек болады [5].

Жеке адамдарға қатысы әлеуметтік

нормалар, құндылықтар және өзге де қоғамдық сананың көріністері объективті өмір сүреді. Әрбір адам қалыптасқан белгілі бір саяси, құқықтық, моральдық және басқа да нормаларға, құндылықтарға және әлеуметтік нұсқауларға кезігеді. Адам болса оларды меңгеруі қажет және күнделікті өмірде іске асыруы тиіс. Жастардың қалыпты өмірін қамтамасыз етуге ықпал жасайтын адамгершілік адами қасиеттердің құндылықтарын бағалауда әлеуметтік мәдени ортаның рөлі ерекше.

Студент жастардың әлеуметтік құндылық динамикасын талдай отырып, олардың қазіргі кезде дербестігі, тәуелсіздігі едәуір жоғары деңгейде екенін атап көрсетуге болады. Олар өзінің қоршаған ортаға жеке көзқарасын батыл әрі ашып айтады, оларда ұлттық мақтаныш сезімі күшті дамыған. Сонымен қатар қазір студент жастардың дүниетанымы, қоршаған ортаға, өмірге, қызметке көзқарастары қарама-қайшылықты әлеуметтік кең. Олар білім, мәдениет, еңбек, кәсіби қызметтің маңыздылығын бағалауға сын көзбен қарайды, олардың жан дүниесі өте сезімтал.

Тұлғалық ынта, көңіл, назар, ықылас, қалау, тілек, т.б. – бұлар адамдардың әлеуметтік белсенділіктердің қозғаушы күштері (стимулдері); «әлеуметтік рөл», яғни атқарылатын қызмет; «әлеуметтік статус» - адамның қоғамдағы орны мен жағдайы, т.б.

Адамның аса күрделі табиғаты оның қоғамдағы әр түрлі байланыс-қатынастары қазіргі әлеуметтануда адамға, оның тұлғалық түріне байланысты, алуан түрлі модельдерді жасауға ықпал етті.

Осылардың бірі – адамның бейнесіне (образын) әлеуметтік рөлдердің жиынтығы ретінде қарау, тұлғаның рөлдік тұжырымдамасы. Бұл тұжырымдаманың мазмұны мынадай: қоғамдағы әрбір адам ондағы алуан түрлі әлеуметтік топтарға кіреді. Сонымен, нақтылы жағдайда бір адам бірде әке немесе шеше, екінші жағдайда осы адам дос, үшінші жағдайда бастық болады, яғни нақтылы адам әр жағдайда әр түрлі

рөлдерде қызмет атқарады.

Осындай қызметтердің маңызы, мәнді жақтары «әлеуметтік рөл», «әлеуметтік статус» ұғымдарын тудырады. Әлеуметтік рөл қоғамдағы адамдардың белгілі бір алатын орнына, жағдайына, олардың басқалармен қарым-қатынастарына байланысты және қабылдаған ережелерге сәйкес адамдардың атқаратын қызметтері.

Басқаша айтқанда, әлеуметтік рөл дегеніміз, қоғамдағы адамдардың белгілі бір қызметін атқарған жағдайда белгілі бір тәртіп нормаларын сақтауын айтамыз. Ал, рөлдік жүйе дегеніміз, адамның қоғамдағы алатын орнына, жағдайына, тұрмысына сәйкес істейтін қызметінің жиынтығы. Адамдардың әлеуметтік рөлдері бойына сіңіріп, игеріп, меңгеруі тұлғаны әлеуметтендіру процесінің бір бөлігі, оның қоғамға, топқа толық енуінің негізгі қажетті шарты. Әлеуметтік рөлдердің мысалы ретінде адамдардың мамандыққа байланысты рөлін айтуға болады. Әлеуметтік рөлдерді игеріп, меңгеруде адам әлеуметтік тәртіп стандартын игеріп, меңгереді, өзін-өзі бағалап, бақылауды іске асырады.

Ч.Кули тұлғаның қалыптасуы айналасындағы адамдармен алуан түрлі қарым-қатынастар мен байланыстар негізінде болады деп тұжырымдады [6].

Тұлғаның табиғи статусы адамның мәнді, тұрақты сипатты белгілеріне байланысты (ер адам, әйел, бала, жасөспірім, қарт). Көбінесе, қызметіне (лауазым) байланысты статус – тұлғаның базистік (яғни, негізгі) статусы болып есептеледі. Ол ересек

адамның интегралдық статусының негізі болады. Бұл статусқа адамның әлеуметтік, экономикалық, өндірістік салаларда қызметі, орны (мысалы, дәрігер, инженер, мұғалім, банкир) жатады.

Тұлғаның қалыптасуы белсенді іс-әрекет, қызмет істеуде және басқа адамдармен қарым-қатынас жасауда іске асады. Тұлғалық қасиеттердің ішіндегі аса маңыздысы оның өмірге өзіндік көзқарасының болуы. Адамның көзқарасы ғылыми немесе ғылыми емес болуы мүмкін. Осыдан көзқарастың әлеуметтік жағына көңіл аударсақ, жеке тұлғаның қандай қоғамдық топтарға, саяси қозғалыстарға қызмет жасайтынын, қандай топтар мен қозғалыстарға қарсы екенін, озық ойлы, не кертартпа екенін аңғаратын боламыз.

Болашақ маман тұлғасының әлеуметтенуі әсіресе, жас өспірімділік кезеңде интенсивті түрде дамиды, ал тұлға дамуы жалпы егде жасқа дейін созылады.

Қорыта келгенде, тұлғаның әлеуметтенуі индивидуалды дәрежеде бірнеше үрдістен тұрады: адамдармен өзара әсерлесу арқылы қалыптасады; қоршаған орта да баланың тұлға болып дамуына септігін тигізеді; тұлғалық жеке индивидуалды тәжірибе арқылы қалыптасады; тұлғаның құрылуына әсер ететін негізі аспект мәдениет болып саналады. Сондықтан қазіргі әлеуметтік-мәдени ортаның жеке тұлғаның қалыптасуына ықпал жасайтын ең шешуші саласы – болашақ маманның тұлға болып қалыптасуына бағытталған және өркениеттілік негізге құрылған тәрбие беру.

Әдебиеттер:

1. Философский энциклопедический словарь /Редкол.: С.С.Аверинцев, Э.А.Араб – Оглы, Л.Ф.Ильичев и др. – 2-е изд. – М.: Сов.энциклопедия, 1989. – 815 с.
2. Мертон Р.К. Социальная теория и социальная структура.// Социологические исследования. 1992. № 2-4.
3. Абай Құнанбаев. Шығармалары. Екі томдық. 1 том. – Алматы: Жазушы, 1968. – 320 б.
4. Выготский Л.С. Психология. М.: Апрель Пресс, 2000.
5. Дюркгейм Э. Социология. Её предмет метод предназначение /Пер. с фр., составление, послесловие и примечания А.Б. Гофмана. – М.: Канон, 1995. – 352с.

6. Кули Ч. Социальная самость. – Москва: Директ-Медиа, 2007. - 16 с. ISBN: 978-5-94865-932-9.

7. Абсаттаров Р.Б. Национальные процессы: особенности и проблемы. – Алматы: Ғылым, 1995. – С. 114.

Резюме

В данной статье рассматриваются социальные ценности и их влияние на формирование личности будущего специалиста. Дается характеристика социальных ценностей.

Summary

This article discusses the social values and their influence on the personality of the future specialist. The characteristics of social values.

ҚОЙ ЖАУЫРЫНЫНЫҢ КИЕЛІ ҚАСИЕТІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИЕТТЕГІ ОРНЫ

Хинаят Бабақұмар –

ҚР Мемлекеттік орталық музейі директорының орынбасары, т.ғ.к.

Жауырын – қазақтардың дәстүрлі идеологиялық таным-түсінігінде маңызды орын алатын, малдың қол жілігіндегі тоқпан жілігінің жоғары жағындағы үш бұрыш пішінді, жалпақ мал сүйегінің қадірлі санағалған бөлігі. Төрт түлік пен олардың дене мүшелеріне қатысты сипаттаманың пайда болуы бағзы дәуірлер еншісінде. Қола дәуірінің соңғы кезеңінде Еуразия көшпелілерінде қой, жылқы және сиыр саны жағынан басым түлікке айналып, шаруашылық қатынастары мен мәдениет үрдістерінде алдыңғы орынға шыққан дәуірлерден бастап сол кездегі адамдардың сенім-нанымында культтік мәнге ие болып қана қоймай, олардың идеологиялық танымында да бекемдене бастады. Әсіресе, бағзыдағы адамдардың аластау, құрбандық беру, жаратқанға *табыну, тасаттық жасау* қатарлы *минажаттары* мен адамның тіршілік цикліндегі кез келген рәсімдерінде қой түлігінің басты атрибут ретінде жүргенін археологиялық деректер қуаттайды. Малға анимистік сипаттың балануы мен олардың сүйектеріне фетиштік сипат теліну көрінісі олардың наным-сенімдері мен мәдени дәстүрлерінде өз ізін қалдырды.

Политеистік түсінікке негізделген жанды, жансыз дүниенің қамқоршысына баланған мал сүйектерінің өлген рухты еске түсіру мен құрбандық рәсімдеріне қолданылғаны туралы мысалдар параллелдері Еуразия даласында молынан ұшырасады. Мұндай мақсаттарға мал сүйектерінің ішінен жауырынның кеңірек қолданылуы Андронов мәдениетінің жерлеу ескерткіштерінен бастап орта ғасырдың соңына дейін сақталған. Осылайша пайда болған төрт түлік мал культіне қатысты танымның трансформацияланып көне, тәңірілік дүниетаным үлгілері мен шамандық ритуалдармен астасып, көшпелілер мәдениетіндегі айшықты элементтің біріне айналды.

Қоладәуіріндегі еңбек құралдар қатарында мал сүйектері, әсіресе жауырын елеулі мәнге ие болған: солтүстік Бетпақдалада табылған б.э.д. II-I мыңжылдықтардың остеологиялық деректері арасынан жауырыннан жасалған қорғаныс құралдары, тері илейтін *тырнағыш* (орысша чесало), *қож* (совок), шикі қайысты тартатын тесікжауырын қатарлылардың көптеп табылуы аталған сүйектің түрлі мақсатта кең қолданылғанын байқатады. Бұл

құралдар қазақ ұсталарының практикасында күні бүгінге дейін өз жалғастығын тауып келеді.

Жауырынның әр түрлі тарихи кезеңдерде түрленіп бүгінге жеткен екі түрлі сакральды қызметі бар. Оның бірі көшпелі жұрттарға ортақ екінші қызметі *жауырынды жағу (отқа қақтау) арқылы* (отқа қақтаған кезде пайда болған сызат, белгілерге қарап) *бал ашу*. Екінші қызметі - *жауырынға қарап бал ашу* өнері жайлы алғашқы жазбаша дерек Гильом де Рубрук еңбегінен бастап П.С. Паллас, А.И. Левшин, Ш. Уәлиханов, В.В. Радлов т.б. авторлар жазбаларында қысқаша мәлімет кездеседі. Еуразия даласындағы көптеген көшпелі жұрттардағы жауырынның *екі түрлі* сакральды қызметі бізге белгілі және оның аталуы да осыған сәйкес: қазақтар *жауырын қарау* және *жауырын жағу*, қырғыздар *далы көруу* және *далы күйгүзүү немесе далы жағуу*, моңғол тектес жұрттарда *далаар харах, түлсэн далны шинжилгээ* деп атайды. Моңғолдар өрттегенін *қара жауырын*, күйдірмегенін *ақ жауырын* деп атайды. Сонымен бірге бұл жұрттарда жауырынмен бал ашу тәсілдері, орындалуы техникасы мен болжау тұспалдары ұқсас. Қазақтар қой жауырынының сақтандырушылық қасиетін мынадай мақсаттарда қолданған: аттың тоқымының арасына тұмар орнына жасырып тіккен, айғырдың жалына байлаған, мал мен баланың ауырған кезінде мойнына таққан. Сүйектің культтық сипаты оны жуас аттардың жалына тағатын сақтандырушы тұмарлыққа айналдырған.

Ұзатылған қыздың артынан арнайы іздеп келген бауырының алдына жауырын салынған табақ тарту үлкен құрметтің белгісі

саналады. Байырғы қазақтарда молдалар бала оқытқанда түйе, жылқы сияқты ірі малдың жауырындарын жазу материалы ретінде пайдаланып, сиямен әріп жазған. Сиыр мен жылқы жауырынын әліпби жазу мен ұсталар құралына қолданған.

Жауырын жолын ашу. Жауырын мүшесі қазақтың ас-тағамдар мәдениетінде сүйектердің ең кәделісінің біріне саналады және еті желініп мүжілген соң оны сындырмай, яғни жолын ашпай тұрып, тастау күнә деп саналған. Сонымен қатар, жауырынның шеміршегін жемейді. Ол кедейшіліктің белгісіне саналады деген ырымның түптамасында аталған сүйектің байырғы киелі қасиетінен туындаған жораның сорабы байқалады.

Жауырын жолын ашу үй иесі мен ұлдарына парыз болып саналады және ол бөгделерге рұқсат етілмейді) және оны орындамаған ер адамның жолы бөгеліп, тұйықталады дейді халық сенімінде. Бұл ғұрыпты атынан айырылып қалған жігіттің жүгенінің шылбыры жолы ашылған жауырынға ілініп тоқтап қалған екен деген аңызбен байланыстырады. Жауырынның жолын ашудың мәні туралы түрлі пікірлер бар: оның бірінде дұшпанын тұқыртып, меселін түсіріп алу мақсатында жауырынның орта тұсындағы жұқа шеміршекті сындырып тастаған. Жауырын жолын ашу үшін жалпақ тұсынан қазанына қарай пышақпен тілгендегі тіліну мөлшері жанұяның кірісі пен шығынымен тура байланысты деп топшылайды. Жауырынның жолын түнде ашса ұрының жолы болады, яки сол үйдің малы ұрланады деп тыйым етеді. Өлікке сойған мал мен нысаналы мал жауырыны сындырылмайды.



Жауырыншы – малдың жауырын сүйегіне қарап бал ашатын адам. Бал ашатын жауырынды орамалмен орап, сандықта сақтайды. Жауырынның культтық қызметінің мұндай қолданбалы сипатының, атап айтқанда, жорамал, сәуе жасауға арқау болуының төркінін академик Ә.Марғұланның пайымдауына оның бағзыда жаугершілік жорықтардағы болжам құралы міндетін атқарғандығымен байланысты.

Жауырынға қарап бал ашушылар әскери шайқас, жорықтарда жау жағына қарсы (магиялық) әрекет жасау үшін жауырын сүйегі көмегіне сүйенген. Қарсы жақтың шабуылдау сәтін, аяласын аңдып болжам жасайтын балшылар *әскери абыз* (маг-прорицатель) ролінде пайда болып, кейіндер олар тайпалар одағы қолбасшыларының кеңесшісіне айналған және ол шамамен VI – VII ғғ. еншісінде. Олардың болжамы мен уәжін жыр жолдарымен жеткізетін қызметі қоғам өркениетінің кейінгі кезеңінде *жыраулар* функциясына айналып, жаңаша тұрпатқа ие болған. Бұл *жауырын сөйлету өнері* түркі халықтарында кең таралғандығын олардың ауыз әдебиетіндегі мотивтерден байқалады. Айталық, қазақ космологиялық жұмбақ ертегісінде алыптар мен мифтік меже уақытын салыстыру үшін керуеншілер қонған жерді өгіз жауырынына балайды. Қобыланды жырындағы Қарабұқан, Алпамыс пен ноғайдың Қарайдар мен Қазығұл дастанындағы жауырыншылар, Манас дастанындағы қазақ Қайғыл, Боғал, Торуылшы, қырғыз Ағыбай жауырыншылар әрекеттері осыған мысал бола алады. Мұндай әскери маг міндетін атқарушыларды қазақтар *жауырыншы* (қырғыздар *далы көрүүчү*, ноғайлар балчы – *явырычы*, ал моңғолдарда *далны үзмэрч* атаған).

Жауырынмен болжау Моңғол империясының мемлекеттік идеологиясында да орын алған. Мөңке хан ордасында болған жиһанкез Гильом де Рубруктың мәліметі бойынша Хан атқан таңды ең әуелі жауырынмен бал ашумен бастаған. Үш дана

жауырынды қолына ұстай, ниет еткен істерін ойына алып, тәу етіп біраз отырады. Мұнан соң қызметшілері арнайы үйде сүйекті өртеп ханға әкеліп көрсетеді. Олардың арасында тым болмаса біреуі ұзын бойымен сызат жолақ түсе күйген болса ниет еткен ісінің жолы ашық деп қабылдаған. Ал жауырында көлденең немесе омалып өртенген болса ойлаған ісінен бас тартатын болған.

Жауырыншылықтың әскери сословиен байланысын *«есепшіні жұт алады, жауырыншыны жау алады»* деген мақалында көрініс тапқан. Қазақ тарихында белгілі болған жауырыншылар қатарында Хан Абылайдың қолбасшыларының бірі – Алау батырдың Қарақатыс жауырыншысы, Олжабай батырмен үзеңгілес Бәсентиін Жасыбай есімі аталады. Соңғысы Баянауылда қалмақтармен айқасқанда өзінің жауырыншылық өнеріне сенген ол қалмақ жауырыншысының әскерлерінің аттарын теріс қаратып ерттеткен аяласына алдырған, өзі оққа ұшқан деген аңыз бар (Көпеев М.Ж.).

Көне сенім-нанымның жаңғырығы көшпелілер мәдениетінің айшықты элементтерінің бірі – қой жауырынымен бал ашу, болжау мал сүйегінің сикырлы күшіне сыйынудан туған және ортаазиялық түпнегізден, тіптен хуннулер заманынан бастау алады және ол үстіміздегі ғасырдың басына дейін жеткен.

Бағзыдағы мәдениеттің сарқыншағы (реликтері) осылайша архаикалық сипатын сақтай отырып, дәстүрлі рухани мәдениетімізде берік орнығуы – мал түлікті эстетикалық деңгейде танып әспеттелуінде және идеологиялық қағидалармен, астағамдар жүйесінің мәдени қызметімен астасып кірігіп кеткен.

Қазақтарда жауырыншылық өнерді пір тұтқаны соншалық, жаңа туған баланы әу баста *жауырынмен (кейде қоянның жауырынымен) ауыздандырып*, жастығының астына тығып қойса, ол өсе келе жауырыншы болады деп сенген. Ондай жауырынды жыл сайын майлап отырады

және сандықта сақтайды.

Жауырыншының арбау сөздері ел аузында әлі де сақталған. Мысалы:

*«Сәт, сәт, сәт сәнә,
Сәт санасаң ақ сана,
Жұмбағыңа жұп сана,*

Тақпағыңа тақ сана» – сынды жауырыншының өлең жолдарын айтқан (М.Ибраев).


Жауырынды жағу арқылы сәуе ашу – бағзыдан бері қалыптасқан сүйекті оттың жалынына қақтағанда пайда болған сызат, жолақтар бедеріне қарап **бал ашу тәсілі**. Бал ашуға қолданылатын жауырынды дайындаудың арнайы тәртібі (этикеті) бар: ол сүйектің етін жұлма сіңірлерінен сылып, тіс тигізбей пышақ дүзімен тазалайды. Мықты жауырыншылар етінен тазаланбаған (в тексте – на необженной лопатке) күйінде де бал ашады. Ал, жауырынды отқа жаққан кезде оттың маңайында темір жатуына болмайды. Жағатын жауырынның етегіндегі шеміршегі алынбайды, жолы ашылмастан қолданылған ерекшелігі мәдениетіміздің бүгінгі үлгілеріндегі реликтерінде сақталған: жауырыншы сүйекті дұғамен сындырады, қазақ қасапшылары етті бұзған кезде жауырын етегіндегі шеміршегін толығымен ажыратпайды, Анадолыдағы түрік қасапшыларының сүйекті алушыға сындырып береді. Бұларды салттық көрініс ұшқыны (реминисценция) деуге болады.

Жауырын жағу арқылы қазақ бақсылары дүниедегі құбылыстар мен жағдаяттарға болжап отырған. Олар жеті халықтың тағдырымен қоса патшалардың өлімін, елінің жағдайын, саяхатшылардың басынан кешкенін айтып бере алады. Сібірдегі қарағас бақсылары кез келген аңның немесе бұғының жауырынына қарап, адам ажалын, аң олжасын болжаған.

Жауырыншылықпен болжам жасаудағы қазақтардағы болжамы көп қырлы. Жауырыншы жауырынның қазандығынан ұстап тұрып, отқа қақтаған *жауырын*

қазанын, яғни буын ойысын жоғары қаратып, арқалығы бар жағын өзіне қарай ұстап, сүйекте пайда болған сызат, бедерге қарап сөйлейді (*№1 сурет*). Осыған қатысты толығырақ мәліметті белгілеп алған Г.Н.Потанин дерегі бойынша жауырын арқалығына перпендикуляр түскен параллель екі сызат (орысша трещина) *бөгетті* (*№1 суретте - ii*) білдіреді, яғни жолға ниеттенген болса кідіре тұруға тура келеді дейді. Жауырынның арқалығы (*rr*) (яки жауырын қыры, латынша *spina scapulae*, орысша-гребневидная ость) бойындағы сызат (*m*) *күтілетін сүйіншінің*, сол жақ бөлігінің төменгі тұсындағы вертикал сызат (*hh*) *тіл мен хабардың* белгісі. Арқалықтың сол жағына ала жауырын бауыздауына (*vv* - шейка лопатки) жақын бөлігіндегі құйысқан (*zz*) аталатын сызаттан басталып алақанға (*s*), яғни жауырынның астыңғы ойысына қарай кеткен болса *ұрылар әрекетінен қайтады* деп топшылайды. Жауырынның алдыңғы қырының құлаққа жақын бөлігінде пайда болған сызат (*l*) *алыс алдағы жол*, ал мойынға жақын болса (*k*) *жуық арадағы жолы*. Ал онан төменіректегі арқалық пен жауырын етігінің (*f*) түйілісер тұсындағы жолақ (*n*) *ат ауыз* деп аталады.

Ал, сүйектің ұзын бойымен кеткен сызат *жолды* (*XX*) білдіреді. Егер ол жауырынның екі жартысында да бір-біріне жақын жатса жақсылық нышаны. Көлденең сызаттар басталған немесе жауырын қырынан кеткен жолақтар адамға өз туыстарымен *қауышудың* (*QQ*), ал төменгі бұрыштағы сызат *күтілетін өлімнің* (*W*) белгісі. Сызат, жолақтар жауырынның мойнында, яки қазан шұңқырына жақын болса *жаңалық келеді* (*Sh*) деседі. Ал, ол ішкі бұрышқа көлденең бағыттталып түссе *дұшпанның әрекетінен хабар береді*, ал шеткі қырларына түскен сызат кешікпей *ауа райының бұзылатындығын* (*Ch*) көрсетеді.



Жауырынмен бал ашу – Шығыстық дүниетанымдық философия мен көшпелілердегі мал сүйегіне қатысты культін шендестіретін болсақ жауырын етегі көне моңғолдар сенімінде тэнгэр” (тәңір) аталып, ғаламдық бағыт-бағдардың *теріскей бағытына*, ал қазан шұңқырын газар(жер) немесе *түстік* бағытқа баланады. Қырарты ойысы (fossa infraspinata – заостная ямка) (U) жағын суық немесе өгей жағы (күншығыс бағытын көрсетеді дейді), қыралды ойысын (fossa supraspinata – предостная ямка) (V) ыстық жағы немесе бал ашушының өз жағына телиді (бұл күнбатыс жақ делінеді). Аталған бағыттарға шығыс философиясының тағандық элементтерін сәйкестіретін аталған ретпен от, су, ағаш, теміртек (металл) элементтеріне дөп келеді. Бұл қазақтың құмалақпен бал ашқанда құмалақ түскен шаршыдағы оң қол жақ қатарын өз жағы, ортаңғы қатарды жол, сол жақ қатарын дұшпан жағына балауымен үндес.

Жауырынға қатысты мәліметтер мен деректердегі сакральдық функциясына қатысты танымның түпнегізін көне дүниетанымдық-философиялық қағидадан іздесек оның шығыстық негізбен астасатындығын байқау қиын емес. Шығыстық философия қағидаларының элементтерінің жанды организмдегі көрініс табуы бойынша мал сүйегінің күн сәулесі

тура түсетін бөлігі инь, ал көлеңке түсетін бөлігін янь сипатта деп есептеледі. Жауырын көкірек тұсында орналасқан себепті янь сипатта болса да оның төменгі бөлігі, яғни, етегі инь, ал жоғарғы бөлігі – қазан ойысы янь сипатта болады. Жауырынының пішіні мен сүйек бітіміне (қабырға, омыртқа саны мен пішіні де) малдың мінез-құлығы, биологиялық қайсарлығы тура байланыста болуын бажайлаған көшпелілер оның бұл ерекшелігін *мал иесінің жазмышымен*, яғни *дәулет байлығымен* сабақтастырған. Шынымен-ақ, биологиялық тұрғыдан қайсар, жақсы сұрыпталған мал тұқымы табиғаттың әр түрлі факторларына қарсы тұра алады, солайша өсіп-өнуге мүмкін болады. Сол арқылы мал иесінің ырысы тасып, дәулеті молаяды, әрі баянды болады. Бұл қарапайым табиғат заңдылығының көшпелілердегі малым – арымның садағасы, мал, малдан кейін ал деп келетін тіршілік қағидасына айналуы мен адамның тағдыр – талайымен сабақтастырылған және солайша тіршілік қағидасының басты ұғымдары мал денесіндегі ең қасиетті сүйек жауырынның бетіне топтастырған деуге негіз бар.

Зерттеушілер жауырынмен бал ашуды жер осінің айналу бағытының ширығуына негізделген қозғалыстағы денелер мен адам ой – түйсігінің ұштасатын шекарасына балайды. Жанды этиканың экотерикалық қағидалары бойынша

салынған петроглифтердегі жануарлардың анатомиялық, топографиялық кескінделуі, шын мәнінде, ноуменальдық ауқымда. Бағзыдағы адамдар оған әсер ете отырып, адам мен жануардың энергиясын өзгертуге болады деп топшылаған. Бұл көзқарас Кант философиясындағы құбылыстардың практика үшін қолы жетпейтін, ойлау арқылы түсініп тануға келмейтін, дербес болады деген ноуменальдық қағидасымен астас екендігін байқатады.

Жауырынға қарап бал ашу – мал жауырының морфологиялық құрылысына қарай отырып болжам жасау. Мұны жауырын жағудың реминисценциялық сорабы ретінде қарауға тұрады және мал жауырының бітімі үй иесінің мал мен басының, бағы мен жолы болуының көрсеткіші дейтін сенімімен байланысты ел арасында сақталып қалған. Жауырын қарау үшін жоғарыда аталғандай арнайы этикеттер мен мамандар талап етілмейді, тек сүйек бітімі ғана ескеріледі.

Жауырын қараудағы ережелерді Г.Н. Потаниннің жоғарыда аталған еңбегі мен автордың этнографиялық экспедиция барысында белгілеп алған деректерімен жарыстыра берсек мынадай (Сурет № 2. *сүйек бөліктерін шартты белгілермен қоса латынша және орысша атаулары жақша ішінде берілді*): сүйекті қолға алған адам жауырынның тоқбас жілікке жалғасқан *жауырынның қазан шұңқырына* (a) (cavitas glenoidalis - суставная впадина) қарап үй иесінің ырыс несібесін шамалайды. Ол терең болса шаңырақтың ырысы соғұрлым мол, яғни қазаны толы болады.


Жауырынның қара қабырғамен беттесіп тұрған бетінің ортасындағы *ойысы* (қазақтар *алақан* атаған, fossa subscapularis-подлопаточная ямка) (s) *малдың қорасы* яғни мал дәулетінің көрсеткіші. Ол қаншалықты үлкен болса, қораға мал толы, яки малды - ауқатты болады деп түсінген. Ал оның жиегіндегі *тілшелері* (s^{II}) отағасына күтілетін шығынды білдіреді. Жауырынның алға қараған қобылы қырын (incisura margae cranialis – вырезка краниальной части) *жал*

немесе қыр (bd) деп атап, түйе жолының (*қара жол* деген Г.Потанин белгілеуінде) көрсеткішіне балайды. Ал оның ұшы *құлақ* (d), оған қарама - қарсы жатқан сол жақ бұрышы *маңдай* (g) аталып, *қой жолының* көрсеткіші делінеді. Жауырынның *артқы қыры* (bg) (каудальный край) *мал жүрісінің көрсеткіші*, яғни отағасына жүйрік, жорға ат бітетіндігін көрсетеді.

Жауырын *қырының* (rr) (spina scapulae – гребневидная ость Г.Потанинде *арқалық* делінген) шеміршекке қарай сүйірленген бөлігі *сиыр жолының* (r^I) өлшемі, және оның ортасындағы төмпек (p) (бугор ости - tuber spinae) мал иесіне біткен *мал дәулетінің қаншалықты баянды болатындығының* белгісі деп топшылаған. Жауырын қырының мойнына жақын жердегі имектеле біткен бөлігі *құстұмсық* (t) (акромион) *мал өсімінің көрсеткіші*, былайша айтқанда, оған қарап мал иесінің мал – жаны тез арада өсетін, өспейтіндігін шамалаған.

Сыбағаға тартылған жауырынның сыртқы пішініне қарай отырып жасайтын болжамы қазақ жерінің әр жерінде өте жақын, тіптен бір-бірінен алшақ емес: *жауырын етекте* болса үй иесінің қойы көп болады, егер жауырынның қолға ілінетін жері ірі болса түйелі болады; қырлы болса жылқысынан жүйрік шығады; шұңқырлы болса қазаны толы болады, ал жауырынды ортасынан жарып жерге тастағанда қадалып түссе, аты өлген бір жолаушыға ат кездеседі. Жорамал жасаған соң балшы төрге қарап отырып есікке қарай қолындағы жауырынды лақтырады және ол есіктің маңдайшасына тисе онда айтқаны дөп келеді деп сенеді.

Басқажұрттардағы жауырын болжамының қазақтардағымен ұқсас қырлары көп: оңтүстік Сібірдегі төлеңгіттерде қой жауырының сыртқы қыры бала жолын, артқы қыры - адамның тағдырын, ал буын ойысы – үйдің қазанын яғни ырысын көрсетеді дейді. Бұрындар моңғолдар мен алтайлықтар жауырынмен болжап қана қоймай оның жалпағын - сұқ саусақпен шертіп, күш сынасқан.



Әдеб.: Маргулан А.Х. Отчет о работах Центрально-казахстанской археологической экспедиции в 1947 г. // Известия АН Каз ССР. Серия археологическая. Вып. 2. Алматы, 1950. С. 16; Уәлиханов Ш. Тандамалы. Алматы, 1985. 159 б.; Катанов Н.Ф. Среди тюркских племен. СПб., 1894. С.12; Потанин Г.Н. Очерки Северозападной Монголии. Результаты путешествия исполн. в 1876-1877 гг. по поручению ИРГО. СПб., 1881. Вып. II (материалы этнографические). С. 91. Таблица XIX. Фигура 38; Турсунов Э. Жаурыншы-начальный этап сложения жырау // Культура кочевников на рубеже веков (XIXXX, XXXXI): Проблемы генезиса и трансформации. Алматы, 1995. С. 296-301; Көпеев М.Ж. Олжабай батыр // Абылай хан тарихи жырлар. Жинақты құр.: С. Дәуітов. Алматы, 1993. 327-343 бб.; Радлов В.В. Из Сибири (страницы дневника). М., 1989. С. 305; Молдобаев И.Т. Манас—историкокультурный памятник кыргызов. Бишкек, 1995. С. 239-242; Шаханова Н.Ж. 1998. Мир традиционной культуры казахов (этнографические очерки). Алматы, 1998. С. 134; Хинаят Б. Сакральное-идеологическое представление кости животных у кочевников (на примере бараньей лопатки) Известия МОН-НАН РК. 2001. №5. С.25-30; Карутц Р. Среди киргизов и туркмен на Мангышлаке. СПб., 1910. перевод Е. Петри. С. 136; Ибраев М. Сарыарқа казактарының салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптары // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет ғұрыптары. I том, Алматы: Арыс, 2005. 141-151 б.

Резюме

Кости домашних животных играли важную роль в идеологических представлениях казахов, формирование которых ведет в глубокую древность. А с эпохи поздней бронзы баран приобрел особое место не только в хозяйственном отношении но еще и в культовом значении. В средних веках функции гадателей бараньей лопатки – “жауырыныш”, в роли прорицателей заключались в отправлении военных культовых церемоний и совершении культовых обрядов против врагов. В последующие времена культ барана сходен с шаманским ритуалом, древними мировоззренческими представлениями кочевых народов. В духовной культуре большое значение придавалось различным конфигурациям лопатки, которые носили в бытовой жизни сакральный характер, в частности ее морфологическое строение. Еще в прошлом веке, некоторыми учеными описаны, каким образом казахи используют и интерпретируются костные строения лопатки. На индивидуальных особенностях строения лопатки животного в целом раскрывались не только бытовые аспекты хозяина животного, но и цикл жизни всего общества. В данной статье все это обобщено с привлечением широкого круга источников, раскрыты истоки формирования сакральности лопатки в этнографических традициях казахского народа.

Summary

The bones of home animals played the important role in ideological representations of the Kazakhs, which formation conducts in a deep antiquity. And from epoch of late bronze especially important place in the economic attitude the ram has got also cult meaning. Functions of the surmisers on ram's shoulder – zhauryrynsy, in a role of tellers of the future in the Middle Ages consist in departure of military cult ceremonies and fulfilment of cult rituals against enemies. In the subsequent times the cult of the ram is similar with shaman's ritual, ancient philosophic representations of the nomadic peoples. The large importance in spiritual culture was given to various configurations of ram's shoulder, which carried in household life sacred character, in particular its morphological structure.

By some researcher's of the last century (A.I. Levshin, P.S. Pallas, Sh. Valikhanov, G. Potanin and others) was described, how was used and interpreted different morphological structures of the ram's shoulder by the Kazakhs. In general Shamans could opened not only household aspects of the owner of an animal, but also cycle of life of all society by individual features of a structure of the ram's shoulder. All this is generalized in this article with attraction of a wide circle of sources and the beginning of formation of sacricity of the ram's shoulder in ethnographic traditions of the Kazakh people are opened.

ОЛИМПИАДА ПО РУССКОМУ ЯЗЫКУ КАК ЭФФЕКТИВНЫЙ МЕТОД ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ОБУЧЕНИЯ И ВОСПИТАНИЯ

Еримбетова А.М. –

д.ф.н., профессор кафедры русского языка КазНАУ

Исмаилова Ш.А. –

ст.преп. кафедры русского языка КазНАУ

Организация образовательного процесса с ориентацией на личность студента, его творческие способности, безусловно, отвечает современным требованиям к уровню образованности и развития будущего специалиста.

Содержание и оптимальные технологии обучения русскому языку, научно-обоснованная методическая система воспитания поликультурной языковой личности направлены, прежде всего, на развитие умения студента учиться, развитие его творческой активности, инициативы, самостоятельности, на творческий поиск, на возможность для студентов самореализации, что наиболее полно проявляется в процессе проведения таких мероприятий, как, к примеру, предметная интеллектуальная олимпиада. Она является высокопродуктивным способом одновременно и обучения, и воспитания: ведущая роль отводится студентам, преподаватель лишь координирует и стимулирует их деятельность.

В Казахском национальном аграрном университете в течение марта 2012 года проходили мероприятия в рамках Олимпиады «В мире русского языка и культуры» на первом курсе казахского отделения всех факультетов вуза. Эти мероприятия (Презентация студенческих докладов, конкурс «Деловая ролевая игра», интеллектуальная викторина «Самый эрудированный студент») являются составной частью проекта КазНАУ «К диалогу культур через русский язык», который осуществлялся при финансовой поддержке фонда «Русский мир» (Россия, Москва).

Как известно, основной целью фонда «Русский мир» являются популяризация русского языка и литературы, поддержка изучения русского языка во всем мире. По мнению В.В.Путина, «...очевидно значение русского языка и для развития мировой цивилизации, ведь на нем написано множество книг, в том числе и об истории,

культуре, научных открытиях не только русского, но и других народов – не только народов России, но практически всех народов в мире».

Приобщение студентов к культуре, традициям русского народа, активизация их интереса к изучению русского языка – эти задачи решались на всех этапах реализации мероприятий в рамках Олимпиады с применением различных активных и интерактивных методов обучения и воспитания.

Олимпиада «В мире русского языка и культуры» проходила в три этапа. Первый из них – презентация студенческих докладов с видео- и слайдовой поддержкой. Тематика докладов была связана с наиболее интересными вопросами русской лексики, фразеологии, культуры и быта русского народа, например, «Символика русского народного костюма», «Значение русского и казахского орнамента», «Русская народная игрушка как носитель культурных ценностей русского народа», «Свадебные обрядовые песни казахского и русского народов», «Традиции и обычаи русского народа». Многие из докладчиков самостоятельно подготовили небольшие видеофильмы, которые наглядно и красочно демонстрировали и дополняли текстовый материал.

Большой интерес у слушателей вызвали студенческие доклады, посвященные вопросам фразеологии: «Фразеологические паронимы в русском языке», «Фразеологизмы, отражающие внутренний мир человека», «Русские фразеологизмы с наименованиями частей тела». Особо был отмечен доклад «Термины родства в русском языке», содержащий элементы сопоставления с родным для студентов казахским языком. Как показывают наблюдения, многие люди в своей речи некорректно (по незнанию) употребляют некоторые русские термины родства, такие как *шурин/деверь, свояченица/золовка, кумовья* и т.п. В казахском языке наблюдаются отличия в наименовании

родственников второй степени, некоторые термины просто отсутствуют. В целом система терминов родства является довольно сложной, в связи с чем в современном русском языке наблюдается тенденция к ее упрощению.

Участие в презентации докладов стало для студентов прекрасной возможностью проявить свою самостоятельность в выборе темы исследования, в поиске необходимых материалов, в процессе работы над докладами они смогли в значительной степени развить навыки научной речи, логику мышления, аналитические способности. Во время своего публичного выступления и открытой научной дискуссии ряд студентов смогли продемонстрировать ораторское мастерство, умение отстаивать свою точку зрения.

Разнообразная тематика докладов, представленных на презентации, расширила представление студенческой аудитории о культуре и традициях, менталитете русского народа, обогатила их новыми знаниями культуроведческого и страноведческого характера, способствовала повышению уровня культуры речи.

Целью следующего мероприятия Олимпиады «В мире русского языка и культуры» – конкурса «Деловая ролевая игра» – стала не просто популяризация русского языка, но и развитие навыков устной речи, коммуникативных навыков и артистических способностей студентов.

Технология обучения, предполагающая построение учебного процесса ситуативной, прежде всего на игровой, основе призвана сократить разрыв между академической и практической деятельностью, имитирующей реальную действительность, и тем самым она помогает вписать учебный процесс в контекст реальной жизнедеятельности обучающихся, служит их дальнейшей социальной адаптации.

Построение учебного процесса на ситуативной основе раскрывает творческий потенциал студента, его способности. В ходе ролевой игры усваивается определенная

поведенческая модель, участники игры приобретают коммуникативные навыки, умение работать в команде (распределение ролей).

В мировой педагогике игра рассматривается как любое соревнование или состязание между играющими, действия которых ограничены определенными условиями (правилами) и направлены на достижение определенной цели (выигрыш, победа, приз).

В процессе игры:

- осваиваются правила поведения и роли в них социальных групп класса (минимодели общества), переносимые затем в «большую жизнь»;

- рассматриваются возможности самих групп, коллективов, аналогов предприятий, фирм, различных типов экономических и социальных институтов в миниатюре;

- приобретаются навыки совместной коллективной деятельности, отрабатываются индивидуальные характеристики обучающихся, необходимые для достижения поставленных игровых целей;

- накапливаются культурные традиции, внесенные в игру участниками, преподавателями, привлеченными дополнительными средствами: наглядными пособиями, учебниками, компьютерными технологиями.

В педагогике и психологии проблему игровой деятельности разрабатывали К.Д.Ушинский, П.П.Блонский, С.Л.Рубинштейн, Д.Б.Эльконин. Особой известностью пользуется теория К.Гросса. Он усматривает сущность игры в том, что она служит подготовкой к серьезной дальнейшей деятельности; в игре человек, упражняясь, совершенствует свои способности.

Л.С. Выготский и его ученики считают исходным, определяющим в игре то, что человек, играя, создает себе мнимую ситуацию вместо реальной и действует в ней, выполняя определенную роль, сообразно тем переносимым значениям, которые он при этом придает окружающим предметам.

Игру как метод обучения, передачи

опыта старших поколений младшим люди использовали с древности. В современном учебном процессе делается ставка на активизацию творческого потенциала обучающихся и интенсификацию самого учебного процесса.

Деловые ролевые игры представляют собой массовые ролевые игры со свободным ролевым сценарием, целью которых является обучение студентов взаимодействию, навыкам совместной работы. Игры являются инструментом, позволяющим студентам освоить коммуникативно значимые компетенции, а впоследствии, при возникновении соответствующей ситуации, на практике реализовать их. Суть ролевой игры состоит в том, что участникам игры необходимо проявить себя должным образом в смоделированной ситуации, в которой они должны продемонстрировать успешные коммуникативные навыки. Деловая ролевая игра способствует развитию творческого потенциала студентов и познавательного интереса у них к русскому языку, формированию познавательных и коммуникативных навыков.

Тематика конкурса, в котором принимали участие 9 команд, была связана с последующими направлениями: «Собеседование при приеме на работу», «Банковские операции», «Здоровый образ жизни», «Экология современного города». Актуальная тематика представленных ролевых игр вызвала неподдельный интерес у участников и зрителей конкурса. Выступление студентов в сценических миниатюрах сопровождалось демонстрацией видеофильмов и презентаций, подготовленных самими участниками.

Участие студентов в конкурсе дало им возможность закрепить свои знания по практическому русскому языку и совершенствовать коммуникативные навыки делового общения, повысило уровень культуры общения на русском языке, позволило раскрыть свой интеллектуальный и творческий потенциал. По результатам

конкурса победители были награждены грамотами и призами.

Заключительным этапом олимпиады по русскому языку стала интеллектуальная викторина «Самый эрудированный студент». В отборочном туре викторины, состоявшемся в учебных группах, принимали участие более 60 студентов 1 курса казахского отделения, лучшие из них прошли в заключительный этап.

Подготовка и проведение интеллектуальной викторины требует от ее организаторов выполнения целого цикла согласованных шагов: тщательно разработать программу в соответствии с поставленными педагогическими задачами, отобрать нужное содержание, органично соединить оптимальные методы и средства обучения и воспитания студентов. Положительный результат в процессе популяризации русского языка возможен лишь при совместной творческой деятельности преподавателей и студентов. Этап подготовки мероприятия был достаточно длительным и включал в себя сбор материалов для составления заданий викторины, подготовку сценария мероприятия, кастинг среди студентов для участия в съемках видеоматериала по третьему туру под названием «Фразеологизмы русского языка». Кроме того, был составлен сборник материалов для подготовки студентов к участию в викторине, проведены сбор и подготовка видео и слайдового материалов для викторины, сбор материалов для музыкального сопровождения викторины, разработаны условия проведения отборочного и основных туров викторины, подготовлены сопроводительные материалы (служебные записки в деканаты, грамоты), материалы для имиджевой кампании по мероприятию (составление эскизов афиши, программы, приглашения, пресс-релиза и т.д.), проведены репетиции мероприятия (подготовка ведущих и гидов викторины).

Не менее важное значение имеет освещение предстоящего мероприятия в СМИ (запись интервью, подготовка

статьи в газету «Агроуниверситет», размещение информации на сайте КазНАУ, приглашение представителей телеканалов). По завершении мероприятия предстоит подготовка материалов к письменному отчету о проделанной работе, а также фотоальбома и материала по результатам видеосъемок викторины.

Необходимость изменения технологий обучения в современной высшей школе сегодня требует от преподавателей активного поиска продуктивных методов организации учебного процесса.

Овладение другим языком предполагает знание не только грамматических правил, но и культуры, обычаев и традиций народа – носителя этого языка. Обучение русскому языку должно способствовать духовному обогащению студентов и расширению их культурного кругозора и формированию толерантного отношения к другим культурам. Такой подход в процессе преподавания русского языка реализует принципы лингвокультуроведческого обучения и помогает студентам в приобретении знаний в области литературы, архитектуры, науки, истории русского народа. Чтобы удовлетворить познавательные интересы обучающихся в этих областях знаний необходимо привлекать дополнительные материалы, содержащие информацию об истории и культуре русского народа.

Работа в данном направлении способствует пополнению багажа знаний по русскому языку, а также формированию у студентов толерантного и доброжелательного отношения к представителям русского народа.

Викторина состояла из четырех туров, во время которых студенты демонстрировали знания по русскому языку, истории, науке России, культуре русского народа:

Тур 1. «Современный глоссарий» (*Общественно-политическая лексика русского языка*)

Тур 2. «Произносим правильно» (*Русское произношение и ударение*)

Тур 3. «Угадай меня» (*Фразеологизмы русского языка*)

Тур 4. «Своя игра» (*Обычаи и культура русского народа, история и наука России*)

Задания первого тура «Современный глоссарий» направлены на обогащение словарного запаса студентов, на формирование у обучающихся навыка правильного употребления слов в разных контекстах, повышение грамотности студентов. Работа с новыми словами дает студентам возможность уточнить свои знания о значениях слов, приводит их к осознанию того, что чем большим количеством слов владеет человек, тем точнее реализуется речевая коммуникация. Участники первого тура по дефинициям (значениям слов) определяли сами слова-термины. За правильный ответ давался 1 балл. Пять участников, набравшие наименьшее количество баллов, в соответствии с правилами выбывали из игры.

Второй тур «Произносим правильно» включал задания по темам «Ударение в именах существительных», «Имена существительные в форме родительного падежа множественного числа», «Употребление пространственных предлогов», «Твердое и мягкое произношение слов». Задания направлены на выработку правильного русского произношения у студентов-казахов, развитие навыков успешного речевого общения в различных социокультурных условиях. Они помогают студентам освоить наиболее трудные случаи русского литературного произношения и способствуют формированию их речевой культуры.

Примером личностно-ориентированного подхода, предполагающего обучение в сотрудничестве, можно назвать процесс предварительной подготовки третьего тура интеллектуальной викторины «Угадай фразеологизм». Для его проведения была организована творческая группа из студентов-волонтеров, которые выбрали оригинальную форму подачи материала

Этика межнациональных отношений есть не что иное, как высокая степень совершенства и развития этих отношений, которые проявляются в межнациональных и духовных связях разных народов, в соблюдении определенного нравственного такта и взаимной уважительности людей различных национальностей друг к другу, в их общении и недопустимости кого-либо пренебрежения к языку, национальным обычаям и традициям других народов. Опираясь на фундаментальные ценности, коллектив Казахского национального аграрного университета формирует воспитательную среду и становится для будущих специалистов культурным, учебным, научным, профессиональным, молодежным центром. Центральным направлением здесь является не деидеологизация, а новая идеология – на какие ценности ориентировать молодежь, на каких достижениях своей страны их воспитывать.

Казахстан — многонациональная страна. Представители более 100 национальностей и народностей проживают в Казахстане, и у каждого своя культура, свои традиции и обряды, песенное и танцевальное искусство.

Искусство и традиции различных народов соединяются в общеказахстанскую культуру. Мы обладаем бесценным богатством, и очень важно сохранять и развивать соцветие культур и народов Казахстана. Народная педагогика возникла как практика, как искусство воспитания, она древнее педагогической науки, всегда обогащала ее и, в свою очередь, сама

обогащалась ею. Таким образом, получалось своего рода расширение воспроизводства педагогической культуры. Это постоянное взаимодействие обеспечивает прогресс педагогической культуры народа, общества в целом.

В нашей республике созданы условия для формирования национального самосознания на основе уважения культуры и языка представителей всех этнических групп людей, проживающих на территории республики и за ее пределами. Казахский народ был всегда открыт к восприятию других культур. И одна из основных особенностей его менталитета — уважение к культуре, религии, традициям и обычаям другого народа. Народная мудрость гласит: «Узнаешь язык, обычаи народа — познаешь его душу».

У нас есть традиции, которые помогут преодолеть любые трудности. Это традиции дружбы. Но, чтобы эти традиции сохранились, каждый человек должен понять — вселюди равны независимо от расы, цвета кожи, языка, религии, национального происхождения и любых других признаков. Так сказано и во Всеобщей Декларации прав человека. Именно эта идея красной нитью проходит по всему творчеству известного казахского поэта, общественного деятеля, ученого Олжаса Омаровича Сулейменова. Литература всегда была благодатной почвой для воспитания подрастающего поколения, поэтому кафедра русского языка Казахского национального аграрного университета проводит ряд мероприятий, направленных на решение задачи формирования культуры межнационального общения на примере личности и творчества О. Сулейменова.

О. Сулейменов – лицо эпохи. Самый известный казахстанский поэт наших дней, писатель, филолог, литературовед, общественный деятель, дипломат и политик. Все его творчество пронизано идеей братства культур и взаимообогащения народов. Идея планетарного сознания, которой увлечен О. Сулейменов, объединяет

народы, религии. Он считает, что поэты, писатели, ученые, вся мировая интеллектуальная элита должна воплощать эту идею в жизнь. И тогда народы и государства быстрее договорятся, перестанут враждовать, будут легче решаться экологические, экономические, политические и другие проблемы.

«Мы – люди одной Вселенной», – так говорит поэт.

Нет Востока, и Запада нет.

Нет у неба конца.

Нет Востока, и Запада нет,

Два сына есть у отца.

Нет Востока, и Запада нет,

Есть восход и закат,

Есть большое слово – ЗЕМЛЯ!

Строки, прошедшие через ум и сердце. Строки истинного поэта, в чьем творчестве – ход времени, биение жизненного пульса, постижение простых и сложных истин. Во все времена молодому поколению, будущему страны, бесспорно, нужны примеры выдающихся личностей, ярко отражающих саму эпоху. Одним из таких людей можно по праву назвать народного поэта, ученого-мыслителя Олжаса Омаровича Сулейменова. Одной из основных тем творчества О. Сулейменова, его публичных выступлений является тема единства народов. «Возвысить степь, не унижая горы!» – вот кредо поэта, которое давно уже стало афоризмом.

Дело в том, что в этом учебном году (2011-2012 уч.год) семь преподавателей кафедры русского языка выиграла грант Фонда «Русский мир» на реализацию проекта «К диалогу культур через русский язык». Всего на конкурс фонда «Русский мир» в июле 2011 года было подано 405 проектов из России, СНГ, Европы, Азии, Африки, Австралии и Америки. По итогам конкурса грантовых заявок одобрение фонда получили всего 93 проекта. В число победителей открытого конкурса на финансирование вошел и проект КазНАУ «К диалогу культур через русский язык». Он включает реализацию цикла мероприятий

познавательного-воспитательного характера, направленных на популяризацию русского языка и культуры.

Завершающим мероприятием в рамках проекта «К диалогу культур через русский язык» Фонда «Русский мир» стала литературно-театрализованная композиция «Под знаком Олжаса: Нет Востока, и Запада нет...», которая прошла 18 мая 2012 г. Участниками спектакля были студенты 1-х курсов казахского отделения. Целью данного мероприятия являлось воспитание патриотизма и культуры межнационального общения; знакомство с творчеством русскоязычных поэтов и писателей; популяризация изучения русского языка; развитие артистических способностей студентов.

Участие студентов в литературно-театрализованной композиции позволяет им прикоснуться к миру художественной литературы, расширить общий культурный кругозор, почувствовать красоту поэтического слова, научиться выразительно читать стихи.

Знакомство молодежи с русскоязычной литературой писателей Казахстана на примере творчества Олжаса Сулейменова способствует воспитанию уважительного отношения к языкам и культурам других народов, формированию эстетического вкуса молодежи, стимулируют познавательную активность и творческую деятельность студентов.

Конечно, любое мероприятие требует большой предварительной работы. В ходе подготовки к данной композиции коллектив преподавателей, участвующих в Проекте, в первую очередь начал работу по сбору материалов для написания сценария, следующим этапом была тщательная подготовка сценария мероприятия, обсуждение и подготовка декораций, сбор материалов для видео- и слайдового сопровождения спектакля, сбор материалов для музыкального сопровождения композиции, подготовка сопроводительных

материалов (служебных записок в деканаты, грамот и т.д.), подготовка материалов для имиджевой кампании по мероприятию (составление эскизов афиши, программы, приглашения, пресс-релиза и т.д.). После того как сценарий был полностью готов, мы провели кастинг среди студентов для участия в литературно-театрализованной композиции. С каждым студентом, прошедшим кастинг, прошла работа по отработке произношения и выразительного чтения материала, так как это были ребята с казахского отделения, каждому студенту объяснялись незнакомые слова, пояснялся смысл высказываний. Следующим этапом было проведение каждодневных репетиций. Ребята с большим удовольствием принимали участие в подготовке и проведении мероприятия, познакомились друг с другом, лучше узнавали друг друга, познавали смысл слова, обогащались внутренней культурой. Кто-то из них преодолевал свои комплексы перед большой аудиторией, кто-то учился умению вести себя, держать себя, выступать. Каждый в это время формировался как личность, и мы гордимся, что на наших глазах простой мальчик или девочка после казахской школы, приехавший из далекого аула становился личностью, раскрывал свои лучшие возможности, раскрывался тот его потенциал, который был замечен преподавателем.

Литературно-театрализованная композиция посвящена творчеству Олжаса Сулейменова, а также литературным и культурным взаимосвязям двух стран – Казахстана и России. Это спектакль, в котором прозвучали стихи поэтов, были показаны инсценировки по произведениям писателей, с музыкальным, видео и слайдовым сопровождением.

Сценарий спектакля состоит из 4-х частей, вступления и заключения:

Вступление

I. «Человек – модель нации»

II. «Счастье – быть далеко услышанным...»

III. «Взаимосвязь языков»

IV. «Нам нечего делить – мы пьем из одного колодца»

Заключение.

В данной литературно-музыкальной композиции очень органично сплелись в одну концепцию слова ведущих, лирический герой, чтение стихотворений, инсценировки и презентация четырех этносов: казахской, русской, татарской, узбекской. Прозвучали следующие произведения поэта: стихотворения «Аргмаки», «Бетпак-Дала», «Хромой кулан», «Хрипло поёт о любви старик...», «Он бормочет стихи», «Ришад, сын степняка», «Русь Врубеля», «Айналайн», стихотворение из «Глиняной книги», «Мне интересно: я достоин рая?», «В Казани – разлив», «Нет Востока и Запада нет... Есть большое слово – ЗЕМЛЯ!», стихотворение А. Вознесенского «Читая Махамбета».

Была поставлена инсценировка по стихотворению О. Сулейменова «Айтыс». Два студента в костюмах батыров в сопровождении домбры полностью проиграли это стихотворение в виде настоящего состязания.

Очень интересно прозвучала притча: лирический герой, правитель со своей свитой, соглядатай. Сценка получилась яркой за счет игры актеров и национальных костюмов:

Олжас: В давние времена один правитель, беседуя с глазу на глаз с тайным соглядатаем, вернувшимся из соседнего враждебного государства, спросил:

Правитель: Сколько войска у соседей?

Соглядатай: Сто тысяч.

Правитель: Ерунда, у меня семьсот тысяч воинов.

Соглядатай: Вы просили узнать и об акынах...

Правитель: Да, сколько у соседей акынов, стихи которых знают наизусть в народе?

Соглядатай: Их семь.

Правитель (воскликнул): Тогда такое государство невозможно завоевать!

Соглядатай (удивился): Почему же?

Правитель: Семь акынов — это семь морей, семь гор... Разве можно переплыть семь морей и перевалить за семь гор? Когда семеро бросят клич с семи сторон, народ взбурлит и вспенится подобно морю, и встанет непреступными горными вершинами. Я отказываюсь от своих замыслов...

Следующая сценка была поставлена по произведению «Последнее слово акына Смета». В сценке «Великий Мохаммед аль-Фараби» действующими лицами были: Стражник, Автор, Правитель, Аль-Фараби. Из воспоминаний О. Сулейменова, где он рассказывает услышанную от московского водителя один случай, была инсценирована сцена «Поездка в такси»:

Олжас: Был со мной такой случай еще в советские времена. Я ехал в такси. Шофер, москвич, работал в Средней Азии, поэтому в этнотипах наших разбирается. Угадал, что я казах, и рассказал такую историю.

Шофер: Из Горького перегонял машину в Ташкент. В жару, один, без напарника. Заглох двигатель. Вокруг — пустыня, ни поселка, ни юрты. Скачет какой-то в зеленой шляпе, по виду чабан, лет тридцати. Притормозил, а я уж проверил аккумулятор, карбюратор, бензонасос, свечи. Завожу — глохнет. Придется, думаю, ждать попутки с тросом. Но здесь, если машина раз в год пропылит, то хорошо. Чабан тот с коня так и не сошел. Посмотрел, как я орудую, послушал и говорит: «Проводок в трюмблере изоляцией обмотай: на массу пробивает». И ускакал по своим делам. У меня шесть лет стажа шоферского, а этот — настройщик какой выискался — будет по слуху угадывать! Но все-таки полез в трюмблер. Проводок вроде целый. На всякий случай обмотал. И завелся, и поехал. Теперь, если вижу — казах голосует, хоть в парк еду, остановлюсь и подвезу. Потому что мастеров уважаю.

Олжас: Такая история. Это в нас выработано. Люди будут знать о нашем народе только то, что увидят в вас. Любой, даже случайный штрих вашего поведения

гиперболизируется в портрет казаха. Выпили ненароком: казахи — пьяницы! Уступили в драке: казахи — трусы! Изобрели велосипед: казахи — гении! Никаких полутоннов, это свойство массовой психологии.

Ведущий 6. Стань мастером — и твой народ уважаем. Вот формула патриотизма, которая всем доступна. Механика проста: хочешь быть сыном гордого и славного народа — дорожи своим достоинством и будь делами славен.

А презентация казахского, русского, узбекского и татарского народов прошла в виде музыкального обряда и музыкального номера. Так казахские обряды были показаны на фоне известного казахского танца каражорга, представление русского народа прошло в виде русского народного танца, узбеки показали шуточный музыкальный номер и спели веселую задорную узбекскую песню. Тарский народ представил народную татарскую песню. Конечно, все участники выступали в ярких национальных костюмах. Вообще праздник не получился бы без костюмов, без декораций, без оформления сцены, без музыкального и слайдового сопровождения. Все это было тщательно продумано авторами постановки, музыка и слайдовое сопровождение под каждую сценку, под каждое стихотворение были просчитаны буквально по минутам.

Замечательным аккордом в заключении звучат в спектакле слова

О. Сулейменова:

Ведущий 15. Мы все — евразийцы, наши континенты не разделены. Наши экономики и наши культуры образуют единое пространство именно сейчас, когда столь большое значение имеет такое соседство.

Ведущий 13. И очень важно помнить об одной из лучших идеологий XX века — интернационализме. Много раз отвергнутой, но по своей сути — феноменальной.

В Казахстане его стараются сохранить, придавая ему новые значения, — например евразийство.

Ведущий 14. Зародившись в Казахстане,

сейчас этот термин уже получает гражданство и в Российской Федерации. Так, Владимир Путин не раз отмечал, что Россия — евразийская страна. И Евразийский союз — это форма интеграции, диалог народов и культур.

Ведущий 15. Сколько наций когда-то согрелось в Казахстане у надежного и ровного костра степняков! Эти люди считали своим долгом отплатить добром приютившей их земле. Мы росли во взаимном, естественном уважении друг друга — цвет волос, разрез глаз не имели для нас никакого значения.

Ведущий 13. У нас бок об бок с казахами живут корейцы, немцы, русские, чеченцы, евреи, турки, татары, латыши... — «всемирный интернационал». Мы воду пьем из одного колодца. Память об этом до сих пор живет в каждом из нас, как изначальная примета бытия, судьбы народа.

Ведущий 14. И наш КазНАУ — это капля, в которой весь казахстанский океан. В детстве мы не знали слова «толерантность», но все прекрасно понимали, что уважительное отношение к другому, независимо от его национальной принадлежности, — неперемнная часть человеческого достоинства и культуры.

Ведущий 15. Важно понять, что издревле объединяет народы, например, славян и тюрок. Историческая общность судьбы. Важно помнить на подсознательном уровне: если мы в двадцать первом столетии начнем обсуждать цвет кожи человека или разрез его глаз — значит, Гитлер одерживает победу посмертно.

Ведущий 13. Казахстан — это одна из прекрасных моделей мира, многонационального мироустройства. Мы как бы мир в большом мире.

Ведущий 14. Тем, кто собирается прожить полноценную жизнь, не надо витать в облаках в поисках «идеальных» друзей, а надо строить добрые отношения с соседями и заниматься совместным созиданием.

Ведущий 15. «Нет Востока и Запада нет... Есть большое слово — ЗЕМЛЯ!».

Знаменитые строки поэта — это идея о сотрудничестве и диалоге Востока и Запада.

В условиях демократизации казахского общества большое значение имеет формирование поликультурной личности, ориентированной на познание своей традиции, ценностное отношение и уважение к культуре других народов, умение строить отношения с людьми, основанных на взаимном доверии и признании ценностей, особенностей национальной и общечеловеческой культуры.

Молодежь составляет почти треть от общей численности населения, а студенчество всегда было и остается самой активной ее частью. Поэтому сегодня вопросы духовно-нравственного воспитания и формирования гражданственности наших молодых людей выходят на первый план. Приоритетность молодежной политики неоднократно подчеркивал Президент Нурсултан Назарбаев. Студенты — главная созидательная сила и в вузовских стенах. Именно они самые активные, мобильные, восприимчивые ко всему новому. От того, как активно будут вовлечены они в процесс управления вузом, во многом зависит, кто и как будет управлять нашим государством уже в ближайшем будущем.

Студенчество демонстрирует развитие личностного потенциала, профессионализма и возможностей в решении задач любого государственного уровня. Поэтому наиболее актуальным становится работа по распространению идей толерантности среди студенчества, как наиболее активной социальной группой, призванной в дальнейшем устанавливать диалогические связи между разными народами, культурами.

Гражданско-патриотическое, правовое и поликультурное воспитание должно формировать гражданскую позицию и патриотическое сознание, правовую и политическую культуру, развитое национальное самосознание, культуру межнациональных отношений, социальную

и религиозную толерантность, основанные на гуманизме, любви и уважении к истории и обычаям казахского народа, на сохранении и развитии его лучших традиций, изучении, приятии и освоении культур других народов Казахстана.

Литература:

1. Бондаревская Е.В. Концепция и стратегии воспитания студентов в культурно-образовательном пространстве Педагогического института ЮФУ / под ред. В.И. Мареева. – Ростов н/Д, 2007.
2. Кукушин В.С. Воспитание толерантной личности в поликультурном социуме: Пособие для учителя. – Ростов н/Д., 2001.
3. Бателаан П. Межкультурное образование – больше, чем долг /П.Бателаан. – М.: Просвещение, 2002. – С.243.
4. Материалы XII сессии Ассамблеи народов Казахстана. Выступление Президента Республики Казахстан на XII сессии Ассамблеи народов Казахстана. – Астана, 24 октября 2006 г.
5. Мир образования — образование в мире. Научно-методический журнал / №3(23) 2006 г./ Ержанов М.Е. Педагогические традиции народов Казахстан.

Резюме

Мақалада жастарды тәрбиелеудің ең тиімді тәсілі – тұлға арқылы тәрбиелеу екені көрсетілген. Яғни студенттердің жанжақты дамуы, олардың шығармашылық қабілетінің ашылуына арналған шаралар суреттелген.

Summary

In the article has been noted effective method of youth training through illustration of personality. Author describes actions producing.

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖОЛЫ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Сүлейменова А.А. –

Абай атындағы ҚазҰПУ, Магистратура және PhD докторантура институтының, психология мамандығының I-курс магистранты

Халқымыздың ғасырлар бойы біртіндеп қорланып қалыптасқан рухани қазынасы тоталитарлық режим кезінде орасан зор күйзеліске түсіп, тоқырап қалғаны қазір екінің біріне мәлім бола бастады. Бұл жағдай өскелең жас ұрпақтың туған халқының мәдениеті мен салт-дәстүрінен ажырап қалуына, мәңгірттер қатарының көбейе түсіуіне мықтап әсер етті. Жас өспірімнің

ата-баба мұраларына толық қол үзіп қалмауы – елдігіміз бен егемендігіміздің негізгі критерийлері екендігі даусыз.

Осы айтылғанға орай ғылымдарымыз халқымыздың сан ғасырлық рухани мұрасын, әсіресе оның тәлім-тәрбие, ұлттық педагогика мен психологияға байланысты асыл қазыналарын, ғылыми-теориялық биіктен талдап, зерделеп көрсете білуі тиіс.

Қазақ халқының психологиялық мұрасының қазіргі кезде жекеленген мәселелеріне арналған зерттеулер (Қ.Жарықбаев, Ә. Алдамұратов, С.Жақыпов, Ж.Түрікпенұлы т.б.) бар.

Осы орайда ХХ ғасырдың бірінші ширегінде жазықсыз жапа шеккендердің бірі – Жүсіпбек Аймауытұлының (1889-1931) алатын орны ерекше. Күні бүгінге дейін бұл ғұлама туралы төрт диссертация (Р.Досжанова, К.Әбдікова, Д.Құсаинов, Г.Шоқымова), екі монография (С.Қирабаев, Р.Сағынбекұлы) жазылған.

Жүсіпбек Аймауытұлы 1889 жылы Семей губерниясының Павлодар уезінде Қызылту облысының №1 ауылында туған. Арғы аталары ауқатты болған деседі. Бірақ Жүсіпбектің өз әкесі Аймауыт та, оның әкесі Дәндібай да шағын шаруалы адамдар екен. Руы – Сүйіндік. Бұл жағынан келгенде, Сүйіндік ішінде Айдабол Дөліктен шыққан атақты ақындар Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мәшқұр Жүсіп Көпеевтермен Жүсіпбек әрі жерлес, әрі аталас. Жүсіпбектің 15 – жасқа дейінгі өмірі ауылында өтеді. Ол ауыл молдасынан оқып сауатын ашады. Тиіп-қашып, әр қилы молдалардың, өзі айтуынша, Жүніс Қожа, Шаймерден Қожа, Қожаахмет Қожа, Қапар Қожа, Мұхамеджанның алдын көріп, ескіше едәуір білім алады. Содан кейінгі біраз уақыт өзі де молдалық құрып, бала оқытады. «Қартқожа» романында Жүсіпбек Аймауытов бала молда ретінде өз өмірінің осы тұсын суреттеген.

Біраз уақытын ол ауылда бала оқытумен, Баяндағы мектептің үшінші класында оқуын жалғастырумен өткізеді. Содан 1911 жылы Керекуге келіп, екі класты орыс-қазақ мектебіне орналасады. Әуелі сол мектепте, кейін интернатта білім алып, 1914 жылы Семейдегі мұғалімдер семинариясына түседі, оны 1919 жылы бітіреді. Семейде ол «Абай» журналын шығарысады. Аймауытұлының саяси әлеуметтік қызмет сапары 1919 жылдан басталады.

Әлеуметтік төңкерістер заманында өмір сүрген Аймауытұлы өзінің қысқа

ғұмырында артына аса бай әдеби, ғылыми мұра қалдырды.

Ол В.Шекспир, В.Гюго, Г.Мопассан, А.Дюма, А.С.Пушкин, Р.Тагор, Н.В.Гоголь, Л.Н.Толстой, Дж.Лондон шығармаларын, «Интернационалды» және бірқатар ғылыми еңбектерді қазақ тіліне аударды. Педагогикалық психология, методика, эстетикалық тәрбие туралы зерттеулер жазды, әдебиет, эстетика, сын саласына қатысты, сан алуан публицист мақалалар жазды.

Жүсіпбек әңгімелері негізінен жазушы өмір сүрген дәуірдің шындығын суреттеуге арналған. Олардағы ел тұрмысындағы өзгерістер, адам психологиясындағы жаңалық, әлеуметтік теңсіздік пен оған қарсы күрес, өнер тақырыбы, уақыт, заман туралы толғаныс және тағы басқа мәселелер сөз болады.

Жүсіпбек Аймауытұлы әдеби мұраларының негізгі, салмақты саласының бірі- драматургия. Ол көптеген пьесалар жазумен қоса кезінде өз шығармаларын, үзеңгілес қаламдастар туындыларын сахнаға қойған, алғашқы режиссер қатарында болғаны тарихи шындық. Автордың негізгі туындылары алдымен Семей өңіріндегі сауық кештерінде тұңғыш труппалардың күшімен ойналып, кейін Қызылордада ұлт театрының сахнасына шыққан. Төңкеріс алдындағы тұрмыс-салт, 1916 жыл оқиғасының шырғаландары, әйел теңдігі үшін күрес, кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы тартыс, болыстар, тілмаштар, оқығандар, шаруалар осы алуандас түрлі әлеуметтік топтар арасындағы толып жатқан өзгеріс, құбылыс, эволюцияны жан-жақты көрсетіп берген Жүсіпбек драматургиясы өзінің құнарлы тіл өрнегімен, айқын, дара мінездері бар кейіпкерлермен, биік халықтық нысана – идеясымен ерекшеленеді.

Поэзия, проза, публицистика, сын, зерттеу салаларында тең қатар қалам тартқан, олардың әрқайсысында тамаша туындылар берген автордың драматургиядағы жолы да ерте басталған.

Халық өмірінің терең шындығы, ауылдағы бай мен кедей арасының жыртылып айырылуы, әйгілі 1916 жылдың зарлы оқиғасы «Қанапия- Шәрбану» драмасында тап басып, дәл көрсетіледі.

Жүсіпбектің драматург есебінде көзге түсуі де тым ерте басталған. Ол Семейде оқыған жылдары жастардың ойын-сауық кештеріне қатысып, домбыра тартып, ән салып, спектакльдер қойған, өзі басты рольдерде ойнаған.

Жүсіпбек – әдеби шығармашылығын ақындықтан бастаған адам. Бірақ өлеңдері жиналып басылмай, кезінде жарық көрген күнделікті баспасөз бетінде қалған.

Жүсіпбек көптеген сын мақалалар жазған. Олардың ішінде М.Әуезовпен бірігіп жазған «Мағжанның ақындығы туралы» (1923), «Аударма туралы» (1925), «Сұңқар жыры» (1925) атты еңбектері автордың әдебиет жөніндегі, оның ерекшеліктері туралы, жазушы шығармашылығын түсінудің принциптері жайындағы ұғым-түсінігін, көзқарасын көрсете алатын елеулі туындылар.

Қазақ әдебиетінде реалистік роман принциптерін алғаш меңгерген қаламгерлердің бірі – Жүсіпбек прозадағы ырғақ, стиль, композиция, көркемдік құралдарға ерекше көңіл бөлді, әсіресе халық тілінің сан алуан байлығын еркін қолдана отырып, Еуропа, орыс әдебиетіндегі бейне жасау, мінездерді даралау, сезім бұрқағын, ой толғауларды көрсету дәстүрлерін еркін пайдаланды. Жазушының талант мүмкіндіктері, қабілет ерекшеліктері әсіресе «Ақбілек» романында айқын көрінеді.

XX ғасыр басында әдебиет майданына келген қазақ ақын-жазушыларының үлкен шоғыры ел мақсаты, халық қамы үшін жастарға арнап, әсіресе ағартушылық – педагогтік салада ерекше жұмыла еңбек етіп, түрлі ғылым салаларына арналған мектеп оқулықтарын, нұсқаулықтар, алғашқы зерттеулерді жазды. Тумысынан поэзия үшін жаратылған, Мағжан Жұмабаев «Педагогика» кітабын шығарса, сан қырлы

талант Жүсіпбек Аймауытұлы психология, әдістеме, эстетика саласында үш еңбек берді.

Әдеби сын мақалалар, публицистикалық еңбектер, аудармаларын былай қойғанда, Жүсіпбек таза ғылым саласына, оның ішінде педагогика, психологияға арналған күрделі, маңызды, терең еңбектер берген көшелі ғалым, білікті зерттеуші. Бұл ретте әсіресе «Психология» кітабын ерекше бөліп айту керек. Он екі бөлімнен тұратын, оқу құралы үлгісінде жазылған бұл зерттеу – қазақ тіліндегі осы бағыттағы алғашқы жемісті ізденістердің, олжалы табыстардың қатарына жатпақ.

Ғалым дін тарихына, пәлсапа тарихына терең бойлай отырып, көптеген мысалдар, деректер келтіріп, сан алуан оқымыстылар туындыларына сүйеніп, кейде келісіп, кейде келіспей, психология ғылымының пәнін, зерттеу объектісін анықтайды, жан, дене, сана, ой, ақыл, сезім, қиял, түйсік, қайрат, серпіліс, ынта, қабілет т.б. ұғымдардың мәнін ашады. Адамның дене мүшелері, олардың физиологиялық қызметі, жүйке жүйесі, ми-жұлын әрекеті жан-жақты, нақты тәжірибеден алынған мысалдар арқылы көрсетіледі.

Психологияның сан алуан түрлерін айта келіп, дәлді зерттеу үшін бақылаудың, анкетаның, сұраудың, математикалық тәсілдердің атқаратын қызметі ашылады. Шіміркеніс, серпіліс, рефлексия ұғымдары академик И.П. Павлов іліміне орайлас талданады. Платон, Аристотель, Христос, Мұхаммед, Кант, Лонк, Джеймс, Ньютон, Абай Мәшһүр, Жүсіп Көпеев, Павлов, Руссо, Арнольд, Нильсон- осы секілді тарихи тұлғалар, ғалымдар, зерттеушілер пікірлері үнемі ескеріліп отырады.

Бұл тұлғаның екінші ғылыми еңбегі «Жан жүйесі мен өнер таңдау» деп аталады. Мұнда ең алдымен адам қабілетінің табиғаты зерттеледі. Автор: «Ол (адам) туыла белгілі бір өнерге бейім болып келеді, басқаша айтқанда, әр адамда бір нәрсеге талап, ыңғайлы қабілет зеректігі болады, мәселен, біреу әскерлікке, не жазушылыққа,

болмаса дәрігерлікке, яки саудаға, біреу даулы сөзге ыңғайланып жаралады» – деген ойын көптеген мысалдармен, деректермен, тұжырымдармен дәлелдеп береді. Барлық мамандықтың қажеттігін айта келіп, табиғи икемділік, қабілетке, оның биологиялық, табиғи негізіне ерекше көңіл бөледі.

Адам қабілеттерін айқындау үшін, кәсіптік бағдар беру мақсатымен Англия, Германия, Шотландия, Американың әйгілі университеттерінде жасалған тәжірибелер, түрлі бақылау әдістері, анкета, сұрау мүмкіндіктері көрсетіледі. Қабілеттің айқындалып ашылуына отбасы, мектеп, қоршаған әлеуметтік орта ықпалы орасан. Бұл орайда ғалым материалистік дүниетаным тұрғысынан тұжырым жасады. Ғалым негізгі ойларын тұжырымдай келіп: «Алтын кездік қын түбінде жатпайды» деген мақал бар. Ол рас, алтын кездік-озат талант, көптің бәрі талант емес. Өмірде озат адам сирек, әлеумет өзі ақтарып тауып алмаса, талай күміс, талай құрыш, кездік қап түбінде жатып қалуы анық», – деп, адам тәрбиелеуде, маман шығаруда жетекші рөлді қоғамдық факторлар атқаратынына ден қояды.

Сонымен, еліміздің тәуелсіздік алуының аркасында кезінде отаршыл сұрқия саясаттың құрбаны болған есіл еріміз, қазақ халқының ұлы перзенттерінің бірі Аймауытұлы Жүсіпбектің «Психология» аталатын құнды туындысы өз оқырманымен қайта табысты.

Жүсіпбек Аймауытұлы «Психологиясының» тақырыбы да сан алуан. Ол өзінің туған халқына психологияның жалпы мәселелерімен қатар, оның сол кездегі жеке салалары: педагогикалық немесе тәлім-тәрбиелік психология мен ұлттық (этностық) психология, сондай-ақ осы ғылымның тарихи мәселелеріне қатысты көптеген ғылыми жайттарды қазақ өмірінен алынған нақтылы мысалдар арқылы талдауға алып, тиісті тұжырымдар жасай алған. Өйткені, қазақ топырағында осындай ғылыми туынды, яғни арнайы жазылған психологиялық еңбек бұрын-

сонды болған емес. Кеменгер ақын Абай Құнанбаевтың, оның жақын туысы Шәкәрім Құдайбердіұлының, тағы басқа қазақ зиялыларының еңбектерінде психология мәселелері, Жүсіпбек Аймауытұлы туындыларындай, өзінің ғылыми жүйесін таппаған еді. Біз Ж.Аймауытұлының психологиялық мұрасын бір қырынан ғана, яғни төл тілімізде айтсақ, тәлім-тәрбиелік (педагогикалық психологияға қатысты) ой түйіндерін талдауға алмақпыз. Ж.Аймауытұлының педагогикалық психология саласындағы ұстанымдарына кіріспес бұрын, оның қазақ жантану ғылымына байланысты ой-пікірлері қандай әдіснамаға негізделгенін анықтау қажет болды.

Ж.Аймауытұлы ғұмыр кешкен кезең бүкіл әлемдік психологияның үлкен дағдарысқа ұшыраған кезі еді. XX ғасырдың 10-30 жылдарына дейін психологияның методологиялық (әдіснамалық) тұғыры айқындала қоймаған, осы тұйықтан қалай шығудың бағыт-бағдары бұлыңғыр болған тұс еді. Бұл кезеңде Батыс психологиясында, сондай-ақ дамудың даңғыл жолына түскен АҚШ-та, Германия, Франция, Англия елдерінде қалыптасқан психологиялық жүйелерді Ж.Аймауытұлы өзінше тұжырымдап, жалпы психологияның сол кездегі өзекті мәселелерін қазақ өмірінен алған дәйекті деректермен өзінше тұжырымдайды. Ж.Аймауытұлы өз туындыларын жазуда батыс және орыс елінде жарық көрген психологиялық еңбектердің, оқулықтардың, оқу құралдарының қайсысына жүгінген жөн деген мәселеге орай біз соңғы кезге дейін онша анықтала қоймаған бір мәселенің бетін ашып отырмыз. Ол – орыстың атақты психологтарының бірі, Қазан төңкерісінен кейін іле-шала психологиялық аренада тұңғыш көрінген атақты Л.С.Выготскиймен бірге психологияның жаңа ғылыми негіздерін құруға ат салысқан П.П.Блонский (1884-1941) еңбектері Ж.Аймауытұлының психологиялық оқу құралын жазуға арқау болғаны байқалады. Біз орыс ғалымдарының

П.П.Блонский туралы жазған бірнеше кандидаттық диссертацияларын оқып, әсіресе осы ғалымның психологиялық мұраларын талдап қарасақ, Ж.Аймауытұлы П.П.Блонский ұстанған позицияға жүгініп, кітап жазуда басқа ғалымдардың психологиялық еңбектерін қарастырумен қатар, Блонскийге ден қойғаны байқалады.

Ж.Аймауытұлы эксперименттік психологияны сынап, Блонский қағидаларына сүйенгенді мақұлдайды. Ол жан деген ұғымның орнына сана, жан қабілеттерін, жан құбылыстарын алуды дұрыс санамайды.

Ж.Аймауытұлы өз еңбегінің әдіснамалық мәселелерге арналған тарауына «Психология тірі заттардың қылығы туралы» деген параграфты енгізеді, соны бүкіл кітаптың өн бойында басшылыққа алады. Ол тірі заттар мен жәндіктердің өлі заттардан айырым белгісі қимыл-қозғалыста дейді.

Ғалымның психологиялық мұрасындағы ерекше орын алатын саланың бірі – педагогикалық, яғни тәлім-тәрбиелік психология мәселелеріне арналған дүниелер. Психология ғылымының осы саласы XIX ғасырдың екінші жартысында алдымен Еуропа елдерінде, кейіннен АҚШ пен Ресейде дүниеге келді. Еуропа континентінде бұл мәселені алғаш қолға алған ағылшын, неміс, француз психологтары болды. XIX ғасырдың аяқ кезінде психологияның осынау қолданбалық маңызын жұрттан бұрын көре білген АҚШ ғалымдары еді. Өйткені, жас ұрпақты тәрбиелеудің тиімділігі, оларды нәтижелі етіп оқытудың, яғни қоғамды билеп-төстеушілердің сойылын соғатын азаматтарды тәрбиелеу, оның жан-дүниесін танып, білу – жан ғылымының осы саласының еншісіне тиетін мәселелер еді.

Ж.Аймауытұлы «Әдет заңы» атты

еңбегінде тәлім-тәрбие иірімдеріне, халықтық дәстүр-өнерлердің психологиялық астарына үңіледі. Автор жас өскін тәрбиесіне байланысты төмендегідей кеңес береді: «... күнін босқа өткізбей, таза пайдаланған жас жігіт тәрбиесі танымды жеміс беруіне күдіктенбесін, еңбекпен алған тәрбие, қай түрлі болса да берік болмақ. Ерінбей еңбек еткен жас күндердің күнінде замандастары ішінде жетік кісі болуында сөз жоқ. Бұл шындықты жастар жасынан тоқығаны дұрыс». Біздіңше, аталмыш мәселелер сол кезеңнің ғана шындық, сәулесі емес, бүгінгі күннің де, хәм ұлттық тәлім-тәрбиенің басты талаптарын да құрайды.

Аймауытұлы еңбектерінде адам мен хайуанның жаратылысы, іс-әрекеттері әр түрлі нақты мысал-деректермен көрсетілген. Тәрбие екі түрлі,- деп жазды автор,- дене тәрбиесі және жан (рух) тәрбиесі. Хайуан көбінесе денесін тәрбиелейді. Адам баласына көбінесе дене тәрбиелеудің үстіне жанын (рухын), ақылын, сезімін, жігерін, мінезін тәрбие қылу керек. Денесі мен жаны бірдей тәрбиеленбеген кісі сыңаржақтау бола береді. Мінездің, ақыл-қайраттың әр түрлі болмағы тәрбиенің түрлі-түрлі болмағынан. Расында, дене және ой тәрбиесі, оның бірлігі мен пайдалы тұстарын бүгінгі өмір де жоққа шығармайды. Өйткені, оқу мен тәрбие бірін-бірі толықтыратын біртұтас әлем.

Қорыта келгенде, Жүсіпбек Аймауытұлының тәрбие-шарттары жөніндегі ой-пікірлерінің бүгін де мән-мағынасын жоймағанын байқаймыз. Автор әрбір адамның туу, қалыптасу, жетілуінде тәрбие шарттарының, атап айтқанда кісінің жаратылысына, үй іші, өскен орта, замандастары, туған жұртына, оның тілі мен дініне ерекше мән береді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Аймауытұлы Ж. Психология. Алматы, 1995 ж.
2. Жарықбаев Қ. Жүсіпбек Аймауытұлының психологиялық көзқарастары. Алматы, 2000 ж.
3. Әшімханов Д. Бес арыс. Алматы, 1996 ж.
4. Жарықбаев Қ. Психология. Алматы, 1993 ж.

Резюме

В статье автор рассматривает творческий путь Жусипбека Аймауытова и анализирует его психологические труды.

Summary

In the article, the author consider creative way of Zhushipbek Aimautov and analyze his psychological works.

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ – ҚҰНДЫЛЫҚ БАСТАУЫ

Сарсенова Айгерім –

№ 45 мектеп

аудармашысы,

Алматы қаласы

Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі – әлемде теңдесі жоқ тәрбие. Жалпы «ұлттық» деген сөздің астарында елге, жерге, тілімізге, дінімізге деген құрмет жатыр. Ал осы ұлттық тәрбиені бала бойына сіңіруде бастауыш сыныпта атқарылатын жұмыстың орны ерекше. Яғни тәрбие алуды сәби ана құрсағынан бастаса, оны білім теңізінің мектеп атты кемесінде ұлттық құндылықтарымызбен жетілдіру өте маңызды. Балабақша, мектептерге ұлттық тәрбие енгізу арқылы біз ұлтжанды, парасатты ұрпақ өсіретініміз айдан анық. Рухы асқақ, іргесі берік ел боламыз десек, ең бастысы, ұрпақ тәрбиесі мен біліміне сергек қарауымыз қажет. Бұл жөнінде Абай атамыз: «балаға мінез үш алуан адамнан жұғады: бірінші – ата-анасынан, екінші – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан», – деген екен. Ұлттық тәрбие атауын алғаш әдеби-педагогикалық оқулықтарға енгізген М.Жұмабаев болды. Ол педагогиканың ұлттық тәрбиеден бастау алатыны жайлы айтқан. «Педагогика» атты еңбегінде былай дейді: «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет ететін болғандықтан, әрбір тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті».

Ұлттық тәрбие барысында ұлттық сананы қалыптастыру ең маңызды шарттардың бірі десек қателеспейміз. Қазіргі жаһандану кезіндегі Батыс өркениетінен біздің алатынымыз да бар, ысырып тастайтын тұстарымыз да бар. Алатын тұстарымыз қатарына батыстың технологиялық жетістіктерін, экономикалық өндірісті ұйымдастыру тәжірибелері мен ғылыми-техникалық мәдениетін қабылдау сияқтыларды атауымызға болады. Батыстың білімі, ғылымы, техникасы, технологиясы, біздер үшін өте қажет десек те, Батыс өркениетіне шамадан тыс еліктеуіш – жақсылықтың нышаны емес. «Батыстың технологиялық жаңалығына ұмтылу, экономикалық өндірісті ұйымдастырудағы жетістіктерін игеру – қажеттілік, ал одан керісінше бүгінгі күнде рухани тапшылыққа айналып отырған ізгілік, кісілік, адамгершілік, бауырмалдық, әдептілік, тәрбиелік мазмұн іздеу – бос әурешілік. Өкінішке орай, Батыс өркениеті бұл тұрғыда ешқандай жетістікке жеткен жоқ, қайта тоқырауға ұшырады. Мысалы, дәстүрлі қазақ қоғамы мәдени құндылықтарды ешуақытта тауар деп қабылдамайды, негізгі ұстанымы бойынша қоғамның шаңырағын шайқалтпай ұстап тұруға тиіс тетік, өмірлік ұстын ретінде қарастырады. Ал Батыс өркениетінде бұл тұрғыдағы ұстаным

мүлдем басқа, олар мәдени құндылықтарды тауар ретінде қабылдайды, мақсат ету – сату (сатылу) және пайда табу. Уақыт қанша аз жұмсалса, сонша пайдасы көп». Қазақ қоғамы қазір қарқынды түрде жүріп жатқан жаһандану үрдісінің ықпалынан өзі қаламаса да, оқшау бола алмайды. Жаһанданудың қауіпті тұсынан арылу үшін, әрбір ұлт, әрбір этнос, әрбір мемлекет өзінің болмысына бейімдеп сіңіре алу керек.

Әрине жаһанданудан ешкім де құтыла алмайды. Оған тек бейімделу керек, ал бейімделе алмағандар құриды. Бірақ бейімделу дегенді өзгенікі толық қабылдау деп ұқпау керек. «Бізге дәл қазіргі заманда батыстың желімен домалай жөнелетін қаңбақ ұрпақ керек емес, пайдасын алып, зиянын бойына дарытпай, дауылына міз бақпай қасқайып қарап тұратын тамыры ұлт рухына терең бойлаған мәуелі бәйтерек керек. Сондықтан біздің міндетіміз – рухы биік ұрпақ тәрбиелеу».

Оған қарсы тұру үшін ұлттық тәрбиеге арқа сүйеу керектігін басып айтуға болады. Қазіргі кезеңде әлемнің әр түкпірінде өткір қойыла бастаған ең өзекті жайдың бірі – осы ұлттық тәрбие мәселесі болып отыр. Ұлттық тәрбиенің ең маңызды тұсы – адамды ойлануға үйретуі. Бұлай дегенде әрбір жеке адам ең алдымен өзінің белгілі бір ұлттың мүшесі екенін іштей терең сезініп, санада сілкініс жасауы керек екенін, содан кейін барып жалпыадамзаттық қоғамға лайық орнын белгілеуі қажеттігін сіңіруі болса керек. Бұл жерде негізгі әңгіме арқауы ұлттық тәрбие, ұлттық сана, ұлттық ұстаным, ұлттық мүдде туралы болып отыр. Өйткені біздің төлтума бітімімізді, қайталанбас ұлттық болмысымызды, ұлттық ойлау машығымызды, қала берді ұлттық кейпімізді сақтап қалу бәрінен маңызды. Ол бізге мынау аждаһадай төніп келе жатқан дүлей дүниеде біржола жоғалып кетпеуімізге кепіл болуға тиіс. Қалай десек те ендігі жерде өзіндік «менін» сақтауға ұмтылған жұрт ең алдымен ұлттық тарихи жаздын, бірегей ұлттық ойлау машығын, өзіндік дүниетанымын, ана

тілі мен ділін, дінін, дәстүрлі мәдениетін аман алып қалу және оны одан әрі дамыту жолында күреске түсетіні анық. Олай болса осы айтқанымыздың бәрі ұлттық тәрбиеге тікелей байланысты жүзеге асатынын мойындаймыз.

Белгілі қазақ ақыны, қоғам қайраткері М.Шахановтың «Компьютер басты жарты адамдар» поэмасынан қазіргі заманның хал-жағдайын көруімізге болады. Ұлттық рухы, ұлттық ар-намысы, ұлттық сана-сезімі жоқ қазақтарды ақынның «компьютер басты жарты адамдарға» теңеуі бекер емес. Жүрегінде ұлттық сезімі жоқ, «мен қазақпын» деуге, өзінің ана тілінде сөйлеуге, ата салтын құрметтеуге намыстанатын азаматты нағыз адам немесе Абай айтқандай, «толық адам» деуге бола ма? Оның жансыз компьютерден айырмасы қайсы? Компьютер – ғылым мен техниканың өлшеусіз қуатының арқасында ғана миллиондаған ақпаратты «есінде сақтайтын», мыңдаған операцияларды жаңылыспай жүзеге асыратын «құлтемір». Компьютерде ұлттық нәсілдік ерекшелік, сезім де, рух та болмайды. Ол – тек адамның басқаруымен жұмыс істейтін техника ғана. Бүгінгі замандастарымыз ұлтын, Отанын, елін, жерін, тарихын, тілін, ділін, дінін ата салтын мансұқ еткен мәңгірт ұрпаққа айналып кетпесе деген ақынның жанайқайы, өз ұлтының тағдырына деген жанашырлығының айғағы емес пе? «Тәрбиесіз берген білім қауіпті», – деген екен әл-Фараби. Технологияның дамып, әлемдік жаһандану үдерісі кезінде білім беру жүйесіне ұлттық инновацияны енгізу керектігін көпшілік мойындап отыр. Қоғамға қызмет ететін болашақ жеткіншектерге сапалы білім мен өнегелі ұлттық тәрбие беру – ұстаздар қауымының басты парызы.

Ұлттық тәрбиені ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ маман жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде қарауға болады. Ол үшін ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен

жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеуді мақсат етіп алуымыз жөн. Әрине, тәрбие жалаң болмауға тиіс. Жалаң тәрбие қауқарсыз. Кез келген адамды тәрбиелеудің ұлттық негізі болуы керек. Сонда ғана тәрбие шынайылыққа айналады. Тәрбиенің мақсаты – елдік сананы қалыптастырып, ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді негіздеу, ұлтсыздықпен күресу болса керек. Сондықтан тәрбиенің жүзеге асуының технологиясы қалай дегенде де ұлтымызға ұстын, болашағымызға тұғыр болатын ұлттық тәрбиеде жатыр деп нық сеніммен айта аламыз. «Қазаққа, әсіресе бүгінгі жастарға, ұлттық тәрбие беру керек» деген идеяны басшылыққа алған Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор С.Пірәлиевтің жобасы ойға қонымды.

Ел Президентінің сөйлеген сөзінде: «...Барлық дүние мектептен басталады. Сондықтан әлемдік стандартқа сай жалпы орта білім беретін жүйеге көшіп, педагогтардың кәсіби деңгейі мен жаңа оқулықтар мен біліми технологиялардың сапасын арттыруымыз қажет...», – деп, атай келе «Қазақстан – 2030» бағдарламасында: «...Біздің жас мемлекетіміз өсіп-жетіліп кемелденеді. Біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді. Олар өз заманының жауапты да жігерлі, білім өресі биік, денсаулығы мықты өкілдері болмақ. Олар бабаларының игі дәстүрлерін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады...», – делінген.

Оқу мен тәрбие егіз. Оны бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Тәрбиенің өзі күнделікті сабақтың әрбір кезінде-ақ оқушы бойына сіңе бастайды. Қазіргі кезде ұлттық тәрбиенің көздері – фольклор, ауыз әдебиеті, ұлттық әдебиет, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ұлағатты қағидалар, шешендік сөздер, өнеге өсиеті бар мақал-мәтелдер, туған топырағымызда дүниеге келген

ойшыл ғұламаларымыздың еңбектеріндегі тәрбие қағидалары элементтерін бастауыш сыныптарда қазақ тілі, ана тілі, математика, дүниетану, бейнелеу өнері, денешынықтыру сабақтарында кеңінен қолданудың маңызы артып келеді. Мысалы: математика сабағында ақыл-ой қабілетін дамытатын ойындармен, ән-күй сабақтарында түрлі әуендермен, дүниетану сабағында табиғи денелерді қолдануды және хайуанаттар дүниесін елестететін, денешынықтыру сабақтарында ұлттық ойындармен, ал еңбекке баулуда түрлі ою-өрнектермен және т.б. танысады.

Қоғамның белгілі қайраткері, ақын М.Шахановтың: «Халықта ең бірінші ұлттық рух болуы керек», – дегенін әр кез есте сақтап, еліміздің жарқын болашағы үшін атсалысуымыз қажет. Ол үшін біз, ұстаздар қауымы, оқушыларға салт-дәстүрлерді жай ғана үйретіп қана қоймай, олардың тәрбиелік түп-тамырын, мәнін, алтын діңгегін түсіндіре білуіміз керек. Ұлттық тәлім-тәрбиенің іргетасын дұрыс қалай білу мұғалімдердің ата-аналармен қосылып жүргізген шараларына байланысты болмақ. Өйткені бірінші ұлттық тәрбиенің ошағы – отбасында, екінші – мектепте болғандықтан, ата-ана мен мектеп, яғни мұғалімдер мен жұртшылықтығыз байланыста болуы шартты нәрсе екені баршамызға аян. Қазақтың айтулы қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай былай дейді: «Ұлттық мәдениеттен жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды». Яғни елдің туын көтеріп, тәуелсіздік талаптарын орындау ісіне батыл бетбұрыс жасаған бүгінгі таңда адамзаттық игіліктерді, халқымыздың ғасырлар бойы армандаған мәдени-рухани мұрағаттары мен ұлттық тәлім-тәрбие саласындағы, білім жүйесіндегі ізденістерін көрсету – басты міндетіміз.

Ұлы бабамыз Әбу Насыр әл-Фараби: «Адамға біліммен қатар, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың хас жауы», – деген екен. Ұрпақ тәрбиесінде

ежелден қалыптасқан халқымыздың мүмкін емес. Осындай ұлы тәрбие ізгіліктері жақсы дәстүрлерін оқып үйрену, өнеге бала кезден, бұла кезіңнен бастау алмаса, тұту, жас ұрпақты ізгілікке баулу үлкен кейін өте қиынға соғатыны – дәлелдеуді жауапкершілікті талап етеді. Ұлттық қажет етпейтін ақиқат. тәрбиенің құдыретін қанша айтсақ та, түгесу

Резюме

В статье рассматривает проблему объединения образования и национального воспитания.

Summary

The paper considers the problem of combining education and national education.

ОТБАСЫНЫҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ РОЛІ

Урисалиева Г.И. –

*Абай атындағы ҚазҰПУ,
Магистратура және PhD докторантура
институтының, психология
мамандығының 1-курс магистранты*

Отбасы күрделі әлеуметтік институт. Соңғы статистикаға жүгінсек үйленіп отбасын құрудан ажырасу 28-30 пайызға көтерілген. Бұл қоғамды алаңдататын әлеуметтік мәселе. Отбасы оның тұрақтылығы, функциясы жұмыла жұмыс жасауды қажет етеді.

Егер бұрын отбасын сыртқы формальді факторлар (құқық, адамгершілік, қоғамдық пікір, дәстүр және т.б.) біріктірсе, қазір жаңа отбасы түрлерін біріктіретін бір-біріне деген жеке қатынасы, мүшелерінің өзара түсіністігі, құрметі, адалдығы, сүйіспеншілігі, өзара қатынасы өте күрделі болып табылады.

Неке – ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік және мүліктік емес жеке қатынастарды туғызатын отбасын құру мақсатымен белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және келісімі жағдайында жасалған еркек пен әйелдің арасындағы тең құқықтық одақ. Неке – отбасын құрудың негізі болып табылады [1].

Отбасы – бұл адам тәрбиелейтін негізгі орта. Ол жерде рухани, эстетикалық, саяси және философиялық әлемді меңгерудің

алғашқы қадамдары басталады. Отбасы – бұл еңбек мектебі, ұрпақтар мектебі. Баланы отбасында тәрбиелеу – бұл жеке тұлғаны қалыптастырумен пара-пар. Жан-жақты жетілген тұлғаны қалай тәрбиелеу керек, бұл кезде қандай мақсаттар көзделеді, осыларды анықтап алмай тұрып тәрбие үрдісін ұйымдастыру қиынға соғады.

Отбасы дегеніміз – әр түрлі жыныстағы адамдардың өзара көзқарастары мен іс-әрекеттері үйлескен, тығыз қарым-қатынаста болатын әлеуметтік топ.

Салауатты отбасы – өркениетті қоғамның талабы. Қазіргі заманғы отбасы тәрбиесінің жағдайына әлемдік деңгейде мән беріліп отыр. Әрбір отбасы қоғамның кішкене бір бөлігі болып табылатындықтан, қоғамды өркениеттілікке жеткізу, ең алдымен, әр отбасындағы өмірді дұрыс ұйымдастырудан басталмақ. Оған дәлел 1989 жылы Біріккен Ұлттар ұйымында қабылданған, кейіннен 1995 жылы Қазақстанда қабылданған «Баланың құқығы туралы Конвенция» бола алады. Онда **«Бала толық және үйлесімді дамуы үшін, ол мейірім мен өзара түсіністігі бар, қызығушылыққа көп**

көңіл бөлетін бақытты ахуалдық ортасы бар отбасында өсуі қажет. Сондай-ақ бала әлі де дене, ақыл-ой жағынан толыққанды жетілмегендіктен, олар туылғанға дейін де, туылғаннан кейін де ерекше мейірімділікке, қамқорлыққа, әсіресе, құқықтық қамқорлыққа мұқтаж» [2].

Неке жасы – адамның некеге тұру құқығына жеткендегі жасы.

Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасында және Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз жергілікті деңгейде де отбасын, әйелдің жүкті кезін және балаларды тәрбиелеуді қолдаудың жаңа жолдарын табу керекпіз.

Неке мен отбасы институтын нығайтудың жолдарын мұқият талдау, жалғызбасты аналар проблемасын шешу керек. Егер біз адамгершілігі жоғары қоғам болғымыз келсе, жұбайлардың бір-бірінің алдындағы, ал ең бастысы, балаларының алдындағы жауапкершілігін күшейтуге тиіспіз. Ата – аналар балаларына, ал балалар өздерінің қартайған ата-аналарына қамқор болғанда, әйел отбасы мен қоғамда құрметке ие болғанда-еліміз үшін алаңдамауға да болады. Қандай жағдайда да, әйелдің өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмейтін отбасын жоспарлаудың өркенкениетті жолына түсуіміз керек. Жас шамасына қарай жүргізілетін саясатта біз жастар мен жеткіншек ұрпаққа, сондай-ақ жас отбасыларға көңіл бөлуді күшейтуге тиіспіз», – деп атап көрсетті [3].

Біздің қоғамның маңызды мәселелерінің бірі-отбасы тұрақтылығын, отбасылық қатынасты нығайту, отбасы-некелік өмірге жастарды даярлауды жетілдіру. Некеге және отбасына қатысты рухани өмірдің жұтандығы, халықтық дәстүрді естен шығару, осал некенің пайда болып, ажырасуына әкеліп соғады.

Мемлекет балалық шақты адам өмірінің маңызды кезеңі деп таниды және балаларды қоғамдағы толыққанды қағидаттарын негізге алады.

Қазақстан Республикасы 1994 жылы Бала құқықтары туралы конвенцияны (бұдан әрі-Конвенция) ратификацияланды. Осы Конвенция ережелерін, балалардың жағдайы жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясын-ың сессиясында қабылданған.

Отбасында бала тәрбиесіне де әсер етуші жағдайлар да әртүрлі. Бала психологиясына отбасында ерлі-зайыптылардың өзара қарым-қатынас жүргізу тәсілі де әсер етпей қоймайды. Күнделікті тұрмыста әке мен ананың өнегесін көріп өскен бала, әдепті адал азамат болады. Дегенмен де түрлі себептерге байланысты ерлі-зайыптылар ажырасып жатады. Ал, отбасының айрылысу қазіргі кезде біздің қоғамның басты проблемасы болып отыр. Бүгінгі таңда толық емес отбасыларының саны артуда. Статистикалық мәліметтер толық емес отбасында тәрбиеленетін мектеп жасына дейінгі кезде меңгерілген сапа қасиеттер, баланың барлық ересек өмірінде көрініс табатынын көрсетеді.

Отбасы сәтсіздігі көбіне өмір сүру циклындағы отбасы қалыпты және қалыпты емес дағдарыстар көлеміндегі мәселелерге қоса, әлеуметтік, экономикалық, демографиялық дағдарыстармен қатар келуі күрделеніп отыр.

Жас отбасы өзін әлеуметтендіруде білім мен қолдауды қажет етеді. Бұрын тәрбие мектебі – тұрақты ұжым болатын және үлкендер, ата-ана, қолдау тауып, соны көріп тәрбиеленіп сомданатын, ал қазір жеке тұрғанды дұрыс деп шешетін жастар. Өмір мектебінен өтуде белгісіз жағдайларға кездесіп жекелей шеше алмайтын тұстарда жолығады.

Отбасы психотерапиясында нобелдік сыйлықтың иегері Вирджания Сатирдің отбасы түсінігінде: отбасы қуаты, отбасы қызметі, отбасы шекарасын бөліп қарастырады.

Ғалым В.Сатир отбасының әсерін былай-ша көрсетеді:

1. Отбасы – біз одан өсіп шықтық,

ол күнделікті мінез-құқымыз бен ұстанымыздан көрінеді.

2. Отбасы – жүйе, ол тепе-теңдікке негізделген, отбасы мүшелеріне берілген, тыйым салынған рольдер (жеке қажеттіліктерге байланысты отбасы мүшелерін де шиеленіс туындайды).

3. Отбасы – күш, жеке белсенді өмір сүруге жетелейді.

4. Отбасы – өзіндік бағалау, мінез-құлықта қорғану пайда болады.

5. Отбасы – процесс, жеке басты жетілдіруге мүмкіндік береді.

6. Отбасы өзгеру, ол бірнеше кезеңнен тұрады. [4]

Маман иелері (психолог, педагог, заң) отбасы дағдарыс процесінің түрлерін оның қалыптасу деңгейін анықтап: көп балалы отбасы және нашар қамтамасыз етілген отбасына жағдай жасалумен, нашар отбасының, бала тәрбиесіндегі мәселелеріне бірге жауап іздеп, психологиялық көмек көрсетілуде. Ғылыми тұрғыда отбасы дағдарысы психологиялық жағынан зерттеудің қажет етілуі арнайы теориялық жағынан немесе психотерапевтік әдістермен психокоррекциялық жұмыстарды жүйеге келтіріп бейімделуді қажет етеді. Отандық зерттеулерде психокоррекциялық жұмыс: отбасы дағдарысында адамдардың уайымы, қиындықты жеңу құралы мен жағдайы сирек психологиялық зерттеу пәні болып табылады. Нақты отбасы дағдарысына арналған (бөгетті) жеңуге деген механизм мен факторлар, таңдауға қатысу, одан шығу жолдарын қалыптастыру, психологиялық көмекке тепе-тең ықпал ету. Мемлекетіміздің 50 дамыған елдің қатарына енуі үшін отбасы татулығының мәні ерекше.

Біздің қоғамның маңызды мәселелерінің бірі-отбасы тұрақтылығын, отбасылық қатынасты нығайту, отбасы некелік өмірге жастарды даярлауды жетілдіру. Некеге және отбасына қатысты рухани өмірдің жұтандығы, халықтық дәстүрді естен шығару, осал некенің пайда болып, ажырасуына әкеліп соғады. Ажырасу

статистикасы республикамызда әрбір үшінші неке бұзылатынын көрсетіп отыр. Ажырасудың басым көпшілігін мүлдем жас некелер, жаңадан қосылған отбасылар құрайды. Тарихымызға көз салсақ, ежелгі қазақ елінде отбасылардың ажырасуы өте сирек болған. Мұның себебі бұрын халық некеге орнықты, мәңгілік институт ретінде қарады. Мұндай жағдай жұбайлардың төзімділігін, бірін-бірі сынап-мінеудің аз болуын және отбасының тұрақтылығының жоғары көрсеткішін құрады.

Ажырасу – әлеуметтік-рухани құбылысқа қарсы жағдай, әрі қоғамға теріс ықпал жасайды. Ол ұзаққа созылған ерлі-зайыптылардың өзара келіспеушілігі, қақтығысы, ұрыс-керісінің соңғы нәтижесі. Ал, бұл құбылыстардың куәсі болып өскен балада агрессия қаттыгездік, эгоизм т.б. жағымсыз тәртіп ерекшеліктері қалыптасады [5].

Қазақ отбасына көп балалы тән. Бала үшін отбасындағы ата, әже, әке ана тәрбиелері үлкен мектеп. Отбасы мүшелерінің қаншалықты көп болуы, ол жерде өсіп келе жатқан балаға да көпжақты ықпал жасайды. Бала отбасы мүшелерінің түрлі назарын басынан өткізіп, олардың дағды-іскерліктерін меңгереді, жасы үлкендерді сыйлап, құрметтеуді үйренеді.

Ал, керісінше отбасы мүшелерінің санының аздығы баланың әлеуметтену үрдісінің ауқымын әлдеқайда шектейді. Бала отбасында еліктеуге тұрарлық бейне таба алмаса, ол адамды шеттен іздестіреді. Қазіргі таңда жастардың жасы үлкен қария адамдармен қарым-қатынасқа түсуі сирек болғандықтан, оларға деген ізет, құрметін де аз мөлшерде білдіретіндігі байқалуда. Бала қарт адамдармен өзара қарым-қатынас жасамаса, ол қартаю үрдісінің мазмұнын да түсіне алмайды. Ал, қазіргі таңда көп ұрпақты отбасы тұрмақ, толық отбасылар санының да күрт төмендеуімен толық емес отбасылар санының өсуі байқалуда. Толық емес отбасында тәрбиеленетін баланың өмір тіршілігі әке мен ананың тәрбиесін көрген

бала тіршілігінен айтарлықтай ерекше, өзіндік тұрпатқа ие.

Толық емес отбасында өскен ер бала еркекке тән келбетін жоғалтып, ер адамның барлығы жаман деп қабылдайды. Ал қыз бала анасының әлсіздігін көріп өсіп, ер адамдарға деген жағымсыз, теріс қатынаста болады. Олар өсе келе сезімдерін отбасын құрғанда ұстанып, өздерінің ер адамдардан ешбір тәуелсіз екендігін көрсетуге тырысады. Отбасындағы микроклимат, ол жердегі психологиялық ахуал ата-ананың өзіндік мінез-құлық, тәртіп ерекшеліктеріне де тікелей байланысты. Отбасында әкенің нағыз, қайырымды, отбасы басшысы бола алуы, керісінше, оның қатыгез, жазалаушы болуы да-отбасындағы психологиялық көңіл-күйді өзгертеді.

Отбасында шаңырақ иесі ретінде әкенің ролі ерекше. Егер отбасында әкенің қадір-қасиеті бағаланбаса, ол ең алдымен балаға, оның бүкіл тәрбиесіне әсер етеді. Мұндай отбасындағы бала анасының «айрықша артықшылығын» өзіне тағылым етіп, анасындай болуға бейімделеді, есейе келе еріне анасынан қабылданған «артықшылығын» көрсетуге тырысады, осылайша отбасы бұзылуына келіп тіреледі.

Жалғыз басты ана бала тәрбиесіндегі жауапкершілікті толықтай атқаруға тырысқанымен, бала үшін әкенің орнын толықтыра алмайды. Оның әке мен ана міндетін біріктіре жүзеге асырғанымен де, әкелік, аналық ұстанымды бір мезетте орындауы мүмкін емес. Солай дегенмен, әлеуметтік, психологиялық, рухани, экономикалық себептерге байланысты ажырасқан, толық емес отбасындағы мектеп жасына дейінгі бала мен ол жердегі ата-анаға

кейбір кеңестер беруге болады:

1. Отбасы ажырасқан жағдайда ешбір адамды кінәләмей балаға түсіндіру керек. Әкесіз қалған бала өзін қажетсіз, ата-анасына кедергі ретінде сезінеді. Бұл жағдайда балаға әкесінің жақсы көретінін айту керек. Әкенің кететіні нақты белгілі болған жағдайда.

2. Отбасында баланы әкесінің кетуіне дайындаған дұрыс. Әкенің баламен қарым-қатынасқа түсуі, бірлесе уақыт өткізуі қаншалықты сирек болған сайын, бала өзін барынша керексіз сезбейтіндей жағдай туғызу керек.

3. Баланың тұрғылықты мекен-жайын ауыстырмауға тырысу керек, себебі, осы кезде бала ескі достық, таныстық байланыстардың сақталуын аса қажетсінеді.

4. Баланың қарым-қатынас шеңберін барынша арттырып, уақыттарын қызықты өткізуге жағдай жасап, қызығушылықтарын әр түрлі үйірмелермен қамту керек. Әке немесе ана балаға деген махаббатын үнемі білдіріп, оның тілек, ниеттерін сыйлауы тиіс. Балаға деген ата-ана махаббаты өте кең ұғым. Бұл сезім бір ғана адамға тән емес. Ол отбасының барлық мүшелеріне ортақ болған жағдайда ғана, бала үшін бақыт әкеледі. [6]

Отбасының негізгі функциясы ұрпақ желін, оны саналы азамат етіп тәрбиелеу. Тәрбие үлгінің негізінде әсерлі де мәнді болатындықтан, некеге тұрарда ер азамат та әйел адам да осы функциясына жауапкершілікпен қарауы тиіс. Эгоизм бала тәрбиесінде жағымды нәтиже берген емес.

Қорыта келе, мемлекеттің болашағы білімді, мәдениетті ұрпақты тәрбиелеп, оны тұлғалық деңгейге жеткізудегі отбасының орнын, қызметін әр адам барынша нақты сезінуі керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ковалев С.В. Психология семейных отношений. М., 1987
2. Асанова Г. Отбасы – бастапқы тәрбие мектебі. /Г.Асанова /Қазақстан мектебі. – 2007. №1. 16 б.
3. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2030» бағдарламасы.
4. Сатир В. Как строить себя и свою семью. М., 2002 г.
5. Оразбекова Қ.А. Отбасы психологиясы. Алматы, – 1997 ж.

6. Ғабдуалиева О. Отбасындағы әдептілік/Ғабдуалиева О.//сынып жетекшісі. – 2002. №4.-1-56.

Резюме

В статье рассматривается роль семьи в развитии национального воспитания.

Summary

The article discusses the role of families in the development of national education.

«КӨКШЕТАУ» ПОЭМАСЫН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРҒА ТАНЫМДЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МӘНІ

Жылқайдарова Ж.С. –

*қазақ тілі мен әдебиет пәнінің оқытушысы
Семей қаласы, Шұльбинск орта мектебі*

Бүгінгі таңда еліміз өз тәуелсіздігіне жетіп, саяси-әлеуметтік және экономикалық дамудың жаңа кезеңіне қадам басқан уақытта сапалы білім, сауатты ұрпақ тәрбиелеу – негізгі міндеттердің бірі болды. Қоғамдағы еліміздің басты байлығы – адам, халыққа сапалы білім мен тәрбие, рухани азық беру – білім саласындағы қызметкерлердің басты міндеті. Осы білім саласындағы қызметкерлердің басты міндеті оқушыларға білім мен бірге тәрбие беру. «Жастай берген тәрбие – жас шыбықты игендей» деп біз балаларды өз халқының алтын қорынан нәр алып, сусындауға дағдыландыруымыз керек. Елімізді алтын қоры бірі – әдеби көркем туындыларымыз.

Әдебиет пәнін оқыту – айрықша көңіл бөлуді қажет ететіндігі еліміздің ертеңгі болашағына деген үлкен міндеттен туындап отырғаны бәрімізге мәлім. Көркем шығарма адамға өмірді танытады, сонымен қатар адамды тәрбиелейді. Әдебиеттің қоғамдағы мәні ерекше. Ол адамдарға өмірді танытып қана қоймайды, олардың сол өмірге көзқарасын қалыптастырады, мінез-құлқына ықпал етеді, күллі тұрмыс-тіршілігіне әсер етеді. Зерттеуші-ғалым М.А. Рыбникованың пікірінше: «Көркем шығарманы талдамас бұрын оны дауыстап оқып, дауыстап жеткізу керек. Сонда ғана шығарма балаға барынша әсер етеді», – дейді. Міне, біздің

осы жұмысымыздың өзектілігі осы пікірге сайып келеді.

Оқушыларға әдебиеттің күдіретін, оның адам баласы жаратылғаннан бері бірге жасасып келе жатқандығын, мәңгілік жаңарып, жасарып отыратын үрдіс екенін айтып, түсіндіре отырып, сол әдебиетті жасаушылар, ақын – жазушылар туралы, олардың көркем шығармалары жайында айтуымыз керек.

Белгілі ғалым Қажым Жұмалиев: «Көркем шығарма – әдебиеттің құндылығы. Көркем шығарманы оқыту – оқушының сөз қадірін түсінерлік ойлау әрекетін дамыту, рухани дүниесін байыту, эстетикалық талғамын жетілдіру, адамгершілік қасиетін қалыптастыру» – деген болатын. Осыдан барып түйетініміз, яғни оқушы әдебиет сабағында көркем шығарманы түбегейлі қабылдау керек. Бұл – оңай үрдіс емес. Оны түбегейлі қабылдау үшін М.А. Рыбникованың пікірінше дауыстап оқыту керек. Қабылдау деген сіз бере салғанды ол ала қоятын зат емес. Ол – оқушының өзінің жан қалауымен, жүрек сезімімен, рухани әрекетімен жүзеге асатын дүние болуы шарт. Қай көркем шығарма болмасын оқушы қабылдау үшін оны түбегейлі оқып, автордың жай күйзелісін, шалқар шабытын бойынан өткізіп, көркем суретті көз алдына елестетіп, келтіре алмаса бәрі

бос сөз болары анық. Сол үшін осы көркем шығарма арқылы оқушының сезімін ояту – мұғалімнің қолында, яғни, оқушыға әдеби білім беру, әдеби, эстетикалық, адамгершілік қасиеттерін дамыту үшін мұғалім әдебиетті оқыту барысында әдіс – тәсілдерді орнымен қолдану қажет.

Осы орайда айта кететініміз, ғұлама ойшыл **Әл-Фараби** пікіріне тоқталсақ: «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы». Міне, біздің мақсатымыз әдеби білім берумен қатар, оның оқушы тәрбиесіне де көңіл бөлуіміз. Тәрбие – қоғамның негізгі қызметтерінің бірі, жеке адамды мақсатты, жүйелі қалыптастыру процесі, аға ұрпақтың тәжірибесін кейінгі буынға меңгертіп, олардың сана-сезімін, жағымды мінез-құлқын дамытушы.

Әдебиет пәні – оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін дамытуда маңызы зор пәндердің бірі. Жас ұрпақтың азаматтық сана-сезімін, белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру да әдебиет сабағының міндеті. Әдебиет – тұнып тұрған тілдік байлық. Мұнда тілдің эмоциялық, эстетикалық әрекеттері ерекше көренеді. Бұл дегеніміз қазақ тілін жоғары деңгейде үйренуге мүмкіндік беретін күш.

«Көкшетау» поэмасын оқытуда оқушыларға танымдық тәрбие беудің әдіс-тәсілдерін қарастыру міндетіміз.

Көкшетау поэмасы 1929 жарық көрді. Бұл кезең советтік өмірдің ең бір белсенді уақытымен шендесіп жатыр. Бұл поэма ҚазААП-тың сынағына көп ұшырады. Сәкенге бүгіннен алшақтап өткенді аңсадың, өткен дәуірге көңіл бөлдің деген айып тағылды. Осындай жан-жақты қысымға қарамай Сәкен құнды шығарманы дүниеге әкелді. Поэма 4 бөлімнен, 47 тараудан құрылған. Бастала бере Көкшенің әдемі табиғатын көлі мен терегін, қарағайы мен қайыңын, тау мен тасын, ауасы мен суын тамылжыта суреттейді. С.Сейфуллин «Көкшетау» поэмасынан үзінді:

Арқаның кербез сұлу Көкшетауы,
Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын.

Жан-жақтан ертелі-кеш бұлттар келіп,
Жүреді біліп кетіп есен-сауын.

Сексен көл Көкшетаудың саясында,
Әрқайсы алтын кесе аясында,
Ауасы-дертке дауа, жұпар иісті,
Көкірек қанша жұтса, тоясың ба?

Табиғат сұлулығына, ел мен жер тарихын, ескі ақындарын, шежіресін қосып сұлулық пен рухани байлық үйлесімділігін жыр етеді. Ақын Оқжетпес, Жеке батыр, Бурабай атаулары жөнінде аңызды ел, жер тарихымен бірге береді. Өнер адамдары өмірін айтады. Поэманың ең негізгі арқауы – қалмақ қызы мен Адақ батыр арасындағы сюжеттік желі жаугершілікте қолға түскен сұлулығымен талай ержүрек батырларды таластырып қойған қалмақ қызының тағдыры арқылы шешіліп, осы ақылды ұға білген Адақ батыр арқылы толықтырады. Ақын табиғат сұлулығына адамдар сұлулығын, жер, ел тарихының терең тамырын көркем бейнелер жан дүниесінің ізгілігіне сәйкестендіріп, Көкшенің қадір-қасиетін жерімен, онда тіршілік еткен елімен бірге жырлайды.

Өнер болсын, әдебиет болсын баланың бойында туған топырағына деген сүйіспеншілігін, ыстық ықыласын оятуы тиіс. Біздің айтып отырған көркем туындымыз «Көкшетау» поэмасы. Бұл көркем туындыны оқыту шығармашылық құбылыс болуына байланысты, оның жемісті, нәтижелі болуы тәрбиені ұлттық бағытта өрістету, сол бағытта әдіс-тәсілдерді жүйелі қолдана білуде жатыр. Мәселен, сөздік әдіс, зерттеу әдісі, көркемдеп, мәнерлеп оқу әдісі салыстырмалы әдістер мен көрнекілік әдістердің әдебиет сабағына берері мол. Сөздік әдіс арқылы көркем шығармадағы сөздің мағынасын түсінеді, егер ғасырлар бойы сақталып келген құнарлы бай әдебиетіміздің тілдік құрамына тереңнен бойламаса, одан ешқандай нәтиже шығара алмайтынымыз анық. Осы қымбат дүниелер арқылы жастардың бойында тілді үйренуге, таңсық сөзді білуге деген құштарлық сезім қалыптасады. Ал,

мәнерлеп оқыту арқылы оқушының ана тілін тез меңгеруіне, оны бірден қабылдауына әсерлі болып жетуіне тиімді ықпал етуші тәсіл болмақ. Осы көркем туындыны оқыта отырып, сол туындыдағы кейіпкерлерді бір-бірімен салыстырмалы әдіспен түсіндіру де пайдалы. С. Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасы, онда оқиға болған жер – жер сұлуы Көкше. Кейіпкерлері: Абылай хан, батыр Баян, қалмақ қызы. Ерекшелігі – халқының намысы үшін туған бауырын аямаған патриот. Шығармаларды оқи отырып жастардың еліне деген сүйіспеншілігі мен туған еліне деген сүйіспеншілігін арттыруда ой толғау әдісін қолданудың да маңызы зор. «Көкшетау» поэмасын оқытудың тиімділігін өз жоспарымнан үзінді ретінде көрсетейін. Яғни сабағымның тақырыбы: Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасы. Сабағымды жүргізу барысында поэманың мазмұны мен идеясына тоқталдым. Поэманың мазмұнын өздеріне оқып, танысып келу алдыңғы сабақта тапсырылады. Осы сабақты жүргізудегі мақсат: поэманың мазмұнына, жазылу тарихына, көтерген проблемасына тоқталу. Поэманың нақты идеясын ашу. Кейіпкерлер образдарына мінездеме беру, іс-әрекеттерін талдау. Мұның бәрі көркем әдебиеттің өмір танытудағы маңызын дәлелдейді. Өмірді тану арқылы қоғам тәрбиеленеді. Қоғамның айнасы – жас буындар.

Поэманы оқытудағы тәрбие берушілік мақсат оқушыларды өз Отанына, туған жерге, туған елге деген сүйіспеншілікке, ең бастысы адалдыққа тәрбиелеу. Сабағымның түрі: аралас сабақ, жарыс түрінде өтеді. Бір-бірімен жарысқан оқушылардың жан-жақтылығы, жылдамдығы, тиянақтылығы, ой-өрісі шапшаң дамиды. Бірінің сөзін бірі тыңдай білу мәдениетіне тәрбиеленеді. Сабақты өткізудегі әдісім: мазмұндау, көркем шығарма идеясына тоқталу, сюжеттік желі, сұрақ-жауап, салыстырмалы-зерттеу әдісі, пікірталас (дебат), әдеби айтыс. Сабақта қолданылған көрнекілігі: суреттер (Абылай, Сәкен), плакаттар, қаттама кітапшалар,

ұнтаспа («Біржан-Сара» операсынан үзінді).

Сонымен қатар, сабақты өткізуде оқушыларды топқа бөліп, әр топ өздеріне ат қояды, тапсырма беру арқылы жан-жақтылығын, шығаманы талдай оқыту арқылы танымын дамытамыз.

Әр топқа жеке тапсырмалар беріледі.

I топ тапсырмасы: Сәкен – табиғатты суреттеуші. Ақын неге «Жеке батыр», «Бурабай», «Оқжетпес», «Жұмбақтас» аңыздарын поэманың негізгі арқауы етіп алды? Ақынның мақсаты не?

II топ тапсырмасы: поэмада басқыншылық саясатының әшкереленуі. Қара күшке қарсы сұлулық, адамдық, ақыл, тапқырлық, таза махаббат, шынайы ерліктің жырлануы қалай суреттеледі?

III топ тапсырмасы: поэманың бас кейіпкері қалмақ қызы. Ол – махаббат, шынайы достық, адамгершілік символы. Адақ- халықтың жиынтық образы. Әділдіктің, адалдықтың, ер жүректіліктің, нағыз батырлықтың символы екенін дәлелдендер. Көкше өңірінің сал-серілері, әнші-ақындары қалай жырланады? Ақынның туған жерге деген махаббаты қалай көрінеді?

Шығармашылық тапсырма: «Сәкенмен сырласу». Әр топ Сәкенге өз наздарын, бүгінгі күн мәселелерін айтып шағым жасайды. Міне, осындай жұмыс жүргізу арқылы қазақтың маңдайына біткен шоқ жұлдызы, қазақтың сөз өнерінің асау тұлпары, сымбаттылығымен алаш жұртының жүрегінен орын алған Сәкен Сейфуллиннің ең үздік шығармасы «Көкшетау» поэмасымен таныстық. Оның басты идеясына, басты кейіпкерлерге мінездеме жасадық. Осындай зерттеулер жүргізу арқылы оқушының танымдық көзқарастарын дамыттық, тәрбиеледік. Осындай талдаулардың нәтижесінде көркем шығарма адамға өмірді танытады; таныта тұра, адамды тәрбиелейді және өмірге көзқарасын қалыптастырады.

Қазақ әдебиеті халқымыздың асыл да мол мұрасы. Ол талай ғасырдың жемісі болғандықтан, халқымыз рухани қазына

ретінде сақтап ұрпақтарын сонымен тәрбиелей отырып, бүгінгі күнге жеткізген.

Резюме

В данной статье автор рассматривает элементы воспитания ученика через поэму «Көкшетау».

Summary

In this article the author examines the elements of education of the student through the poem “Kokshetau.”

ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕЛЕУ ЕРЕКШЕЛІГІ



Қаржабаева Л.Т. –

Алматы қаласының

*№42 жалпы білім беретін орта мектебінің
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары*

Әр адам өзінің ұлттық тамырын, әдет-ғұрпын, мәдениетін түсіне алады. Өз халқына деген сүйіспеншілігі, өзінің туған жеріне өз халқы өмір сүретін ортаға деген сезіммен ұласып жату керек. Халықтық әдет-ғұрып, салт-санасының байлығы, патриоттық сезім Отанға деген сүйіспеншілігін қалыптастырады.

Қазақ отбасында дене, еңбек, ақыл-ой, адамгершілік, экономикалық, экологиялық, құқықтық, сұлулық тәрбиелері жүргізілген. Қазақ отбасында аталған тәрбие түрлерін жүзеге асырудың мақсаты жан-жақты жетілген азамат тәрбиелеу болды. Отбасындағы дене тәрбиесінің мақсаты бала денесін дамыту, денсаулығын нығайту, ағзасын шынықтыру және күн тәртібін дұрыс ұйымдастыруға, салауатты өмір салтына тәрбиелеу болды. Сондай-ақ қазақ

отбасында адам зиялылығының негізі – ақыл ой тәрбиесі деп есптелінеді. Ақыл-ой тәрбиесі арқылы баланы ойлау іс-әрекетінің шарты болатын білім қорымен қаруландыру, негізгі ойлау операцияларын меңгерту, зиялылық біліктері мен дүниетанымын қалыптастыру міндеттері шешіледі. Қазақ халқында ерекше құрметтелетін адамшылдық қасиеттің бірі – ар болып есептеледі. Ары бар адамда намыста, әділдікте, адамгершілік пен имандылықта болары сөзсіз.

Ұлттық тәрбие – біздің ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін асыл қазынамыз [1]. Ал мұндай мәселелерді зерттеп, көпшіліктің ой-пікірлерін қаум елге жеткізетін негізгі құрал – бұқаралық ақпарат құралдары екені даусыз.

Ұлттық тәрбиенің негізгі қағидалары:

- Ақылды, намысқор және көпшіл болу. Өнегелі және арманшыл болып өсу. Айтқан сөзді тыңдау. Адамгершіл, шыншыл және байсалды болу;

- Өскен ортаның ықпалдарына мән беру. Табиғат заңдылықтарын, жануарлар дүниесін, өсімдік жамылғысымен танысу;

- Ақылды, білімді болып өсу. Ақыл-ойды дамыту әрекеттері. Дамыта отырып тәрбиелеу үрдістері;

- Қонақжайлылық. Сыпайылық. Мейірбандылық. Әдет-ғұрыптарды қастерлеу. Үлкен адамдарды сыйлау. Бата-тілектерді дәріптеу;

- Парасатты, қанағатшыл, елжанды және отансүйгіш болып өсу. Қайратты, әділетшіл һәм адалдық қасиеттері бойына сіңірген тұлға болу;

- Тыйым сөздер мен ырым-сырымдарды сақтау және қастерлеу;

- Тәлім-тәрбиенің біртұтас этнокомплекті түрде жүргізілуі;

- Денсаулықты шындау және тазалықты (гигиенаны) сақтау. Салауатты өмір салтын қалыптастыру;

- Үлкенді өнеге тұту. Кішіге ізет көрсету. Ұлттық қазыналарды қастерлеу. Өсиеттер мен аманаттарға назар аудару.

Халық өнерінің адам жандүниесінің ішкі рухани қазынасы екенін сезген қазақи сана, өскелең ұрпағының бойына аталмыш ұлы дүниелерді сіңіруді басты мақсат еткені – ұлттық тәлім-тәрбиенің негізгі қағидаларына жатады. Қазақ өнерінің қаншалықты мәнді, мазмұнды және әрқилы екені өнертанушы ғалымдардың ғылыми зертеулері мен шығармалары (Ә.Марғұлан, Ө.Жәнібеков, Х.Арғынбаев т.б.) негізінде нақты көз жеткіземіз.

«Ұлттық тәрбие дегеніміз – қоршаған ортаның талап-тілегіне сай дені сау, ұлттық сана- сезімі оянған, отаншыл, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, еңбекқор, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан қоғамның белсенді мүшелерін, яғни өзі өмір сүріп жатқан ортаның моральдық нормаларына, заң және құқықтық талап-

тілектеріне мойынұсынатын, сонымен қатар халықтық ой-арманы, салт-санасы, жөн-жосық, жол-жоралғы, әдет- ғұрыптарының қажеттісін бойына сіңірген жаңа тұрпаттағы жеке тұлға тәрбиелеу».

Қазақ халқында отбасылық ұлттық тәрбие беру ана құрсағынан басталып, адамды өмір бойы және оны о дүниеге шығарып салумен аяқталатын әдет-ғұрыптар мен салт- дәстүрлер негізінде үздіксіз жүргізіліп отырған. Халқымыз ұл бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Оны мал бағуға, шөп және отын шабуға, аң аулауға, мылтық атуға, мерген құруға, қолөнер шеберлігіне үйренуге, мал тауып, отбасын асырауға, әсіресе ұл баланың елін, жерін, халын қорғауға тәрбиелеген. Ол үшін ұл бала тәрбиесінде жас кезінен ауыз әдебиеті шығармаларын, оның ішінде батырлар жырын кеңінен пайдаланған.

Халқымыз қыз баланы адалдыққа, әділдікке, имандылыққа, таза махаббатқа тәрбиелейді. Қыз бала – болашақ ана, аяулы жар. Жатжұрттыққа жаралған қыз баланы айрықша мәпелеп, бұлғақтатып әлпештеп өсіре отырып, оның тәрбиесіне, бой түзеуіне ерекше мән берген. Қыз баланы жастайыннан үй ішінде тұрмыс-тіршіліктегі кесте тігу, ою- өрнек, киім тігу, шай құю, нан пісіру, түрлі тағамдар әзірлеу, ет мүшелуе, оны сақтау, үй ішін күту, тағы басқа да сан алуан істерге машықтандырып, баулыған. Осы ретте, Жүсіпбек Аймауытовтың бала мінезін жас шыбыққа теңегенін атап өтуге болады. Жас кезінде дұрыс тәрбие алмаған бала өскенде қисық ағаш сияқты болып өсетінін отбасында теріс тәрбиеленген баланы қайта тәрбиелеудің үлкен қиындық туғызатынын айтқан. Әр бір отбасы шаңырақтағы жас буынды – өмір жалғасы, қоғам тірегі ұлт болашағы деп танып, оларға деген берік сенім мен оның көз қарасты жоғалтпауға, төмендетпеуге тиіс.

Ұлттық мәдениет ұлттық тәрбие арқылы қалыптасады. Тәрбие дүние таныммен, өмір заңдылықтарымен тығыз байланысты. Ұрпақты адамгершілікке, еңбекке, әсемдікті

сезінуге, тіл мәдениетіне құштарландыра тәрбиелейтін құдыретті құрал – қазақ халқының ауыз әдебиеті десек болады. Әдебиет әуелі жеке дарындардың дуалы ауыздарынан шығып, кейін халық қалап, қастерлеп, жаттап, жадында қалдырып, ғасырлар бойы өңдеп, өркендетіп, қадірлеп, асылым деп ақыл- санасына сіңірген. Ұлттық тәрбиенің тағы өзекті арқауы – халықтық әдеп. Әдептің өмір қолданысына айналуы – әдет-ғұрып, ал өмір заңдылығының айналуы – салт- дәстүр деп аталады.

Ұлттық тәрбие деп жеке тұлғаның ұлттық сана-сезімі мен мінез-құлқының ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасуын айтамыз.

Ұлттық мәдени құндылықтар – белгілі бір ұлтқа, ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни халық ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар.

Адамдардың бойында қалыптасқан имандылық қадір-қасиеттер рухани құндылықтарға, ал адамдардың қолымен жасалған тұтыну заттары мен кәсібі материалды құндылықтарға жатады [2].

Біздің, мұғалімдердің, ата-аналардың, балалардың тәрбиесіне қатысушылардың мақсаты – ұлттық құндылықтарын бойына сіңіру арқылы бүкіл адамзаттың құндылық тұғырнамасында қалыптасқан тәні және жаны сұлу, өзіне-өзі сенімді, ғылыми-теориялық білімділігі мен тәжірибелік қабілеттері арқылы күрделі әлемдік, өмірлік әрі әлеуметтік кеңістікке еркін ене алатын қасиеттерге ие және әлемдік бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру.

Өзімізді өзіміз бағалай білуге бет бұру – ұлттық байлығымызды игеру, ұлттық санамызды дамыту. Ұлттық құндылықтарды іріктеп, оқыту үрдісіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығынан болашақта ел билейтін ұрпақтарды сусындатып, отбасында да, мектепте де ұлтжандылық пен отаншылдыққа баулып, өз халқын, өз

мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеп шығару.

Өз ұлтын қадірлеп-қастерлеген, ұлт қадірін білген азаматтың бірі Ж.Аймауытов: «Мен халыққа кіндігіммен байланып қалғанмын. Оны үзе алмаймын. Ұзу қолымнан келмейді» – дейді. Сырым Датұлы: «Мен ағайынды екеумін: бірі – өзім, екіншісі – халқым» – дейді. Қазақ халқының осындай дәріптеуге, қастерлеуге, дамытуға тұрарлық ұлттық рухани және материалдық құндылықтары туралы ұлағатты, құнды ойларын халық игілігіне, келешек ұрпақты, ел-жұртқа ие болар азаматтарды тәрбиелеуге қолдануымыз қажет.

«Ел болсам десен, бесіңді түзе» – дейді ұлы жазушы Мұхтар Әуезов. Біздің халқымыздың тәрбие тәсілдері мен тәжірибелері көп. Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүр, әдет-ғұрып үлгілері мен өнегелері соның айғағы. Елін сүйген адам сол елдің салт-санасын, мәдени мұрасын қастерлеп, өнеге тұтуы тиіс.

Қандай мемлекеттің де ертеңі еңселі, бала-шағаның баянды болуы жастардың тағдыр - талайының қалай қалыптасқанына байланысты. Сондықтан мектептер мен өзге де оқу орындарының басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды игеруге қабілетті, ғылым мен тәжірибие жүзінде терең білім ала отырып, жеке тұлға болып қалыптасуға дайын ұрпақ тәрбиелеу [3].

Жастарымыздың бойына елжандылық, азаматтық, жоғары ізгілік пен адамгершілік сезімдерді жан-жақты жетілгенде ғана Қазақстандық патриотизм сезімі асқақтай түседі. Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің бағдарлы идеялары еліміздің Президенті Н.Назарбаев мемлекеттік идеология мәселесін ұдайы есте ұстауымызды ескере келе былай деп жазады: «Бес арыстарымызға арналған тарихи зерде кешенінде мен Қазақстандық отаншылдық сезімін тәрбиелеуге көңіл бөлген едім. Қазақстанда тұратын әрбір адам осы елдің перзенті ретінде сезінбейінше, оның өткенін біліп,

болашағына сенбейінше біздің жұмысымыз ілгері баспайды...». Осы қағиданы әр ұстаз басты мақсат етіп алдына қойса, оқу тәрбие үрдісін ұйымдастыруда әр ата-ана мектепке көмек берсе, сонда ғана Президентіміздің қойған мақсатының бәсекелестікке сай 50 елдің қатарына кіруге еңбек ететін ХХІ ғасырдың азаматын тәрбиелейміз.

Олай болса, қазіргі кезеңде мектеп табалдырығынан бастап білім беруде ел тарихын терең қозғап, тәрбие сағаттарында қазақ зиялы қауымының еңбектерін, қоғам дамуына қосқан үлесін айтып түсіндіру арқылы жастардың адами құндылық қасиеттерін қалыптастыра аламыз. Сондай-ақ ұлттық салт-сананың өмірдегі қолданылмалы көріністері: рәсімдер, рәміздер, ырымдар, тыйымдар, жөн-жоралғылар, діни уағыздар, сенімдер, кісілік рәсімдері, перзенттік парыз, адамгершілік борыш, ұрпақтық міндет арқылы іске асырылып, ұлттық қасиеттерге айналады. Жастардың ұлттық қасиеттері: меймандостық, кісілік, сыйласымдылық, имандылық, кішпейілділік, кеңпейілділік, салауаттылық, тіршілікке бейімділігі, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, сыпайылығы, мәдениеттілігі, т.б. қасиеттері арқылы ерекшеленеді.

Осыған орай мұғалім (тәрбиеші, сынып жетекшісі, ата-ана) қазақ жастарының келбетін қалыптастыруда мектеп, ЖОО тәрбие жұмысында төмендегідей қасиеттерді қалыптастыру керек:

- өзгеріп жатқан өмір жағдайларына бейімделе білу;
- әлеуметтік-саяси жағдайда, өз көз-қарасы мен сеніміне, идеалына және ізгіліктік құндылықтарға сүйене отырып мақсат қоя білуі керек;
- ұлттық санасы, азаматтылық отангерлік қасиеттері болып елінің экономикалық және мәдени дамыған, әлемдік қоғамда сай орны бар зиялы мемлекет болып қалыптасуына қатысуға талпынуы керек;
- заңды сыйлап және әлеуметтік жауапкершілікті болуы қажет, азаматтық

ерлігі, ішкі еркіндігі мен өзіндік ар-намысы болуы керек;

- өзін объективті бағалайтын және өзін дамытатын қабілеті болып, өз әлеутін сезініп, оны іске асыра білуі керек, өздігінен шешім қабылдап, оны шеше білуі керек;
- өмірде бар жағынан жоғары әлеуметтік белсенді болуы керек, жаңаны іздеуге өмірлік және кәсіптік мәселелердің стандартты емес шешімдерін табуға, әлеуметтік-экономикалық жағдайда бәсекелестікке қабілетті болуы керек;
- жанашыр, өнегелі, парасатты, басқа ұлтты, басқа діндегі, басқаша ойлайтын адамға шыдамсыздық пен жаугершілік көрсетпейтін қабілеттері болуы керек;
- өз денсаулығын қалпына келмейтін өмірлік ресурс ретінде бағалау;
- әлемдік және ұлттық мәдениет байлықтарын бағалай білуі керек.

Жан-жақты жарасымды дамыған, көркіне ақылы сай, адамгершілігі мол жігіттің сұлтаны, асыл ару тәрбиелеу халық арманы. Жан-жақты дамыған нағыз ер-азамат тәрбиелеу қазақ мектебінің басты мақсаты болуы керек екенін әр ұстаз есінде сақтау қажет.

Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

- оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;
- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;
- ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;
- жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана басты мақсатқа жетеміз.

Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды жетім балалар, «қиын» балалар, қарттар үйлеріндегі әжелер мен

аталар, нашақорлыққа салынған жастар, сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі да ұлттық тәрбие – ел болашағы жолы. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1) Б.И.Иманбекова. Тәрбиеге жетекші. Алматы, 2004.
- 2) М.С.Керімбаева. «Ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы мектептің рөлі». Астана, 2007 ж.
- 3) С.Әбішқызы, Ж.Сарманов. «Ұлттық тәрбие – құндылығы мол дүние». 2008 ж.

Резюме

В статье рассматриваются особенности национального воспитания казахского народа, привитие у детей любви к своим обычаям, традициям и к своему народу.

Summary

The article deals with the peculiarities of national education of the Kazakh people, instilling in children the love of their customs, traditions, and to his people.



«Қазақстанның бірегей халықтарының ұлтаралық және мәдениетаралық ынтымағы мен жетілуін қамтамасыз ете отырып, қазақ халқының көп ғасырлық дәстүрлерін, тілі мен мәдениетін сақтаймыз және дамыта түсеміз»

Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауынан

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

Самал Дәрібайұлы Арманы көп еді ғой Алма апайдың.....	6
Жұматаева Е. Ұлттық тәрбиенің интеллектуалды ұлт құрау мүмкіндігі.....	11
Совет-Хан Ғаббасов Тәрбие мен білім берудің жаңа көзқарасы.....	16
Бөлеев Қ., Бұзаубақова К.Ж., Керімбаева Р.Қ., Досмұханбетова К.С. Бастауыш мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие беру(бағдарлама).....	21
Жарықбаев Қ. Ұлттық болмаса, ұлттық мемлекет болмайды (сұхбат).....	26
Ізтілеуова С.Д. Абай шығармаларындағы тәрбие мәселесі.....	29
Қосанов Б.М. Қазақтың халық санамақтарындағы әдістемелік-математикалық тенденциялар.....	34
Әбжан Г.М. Жанұя тәрбиесіндегі ым-ишараттың рөлі.....	38
Садықова А.Е., Құрманғали А.К. Оқушы әлеуетін қалыптастырудағы отбасы тәрбиесінің рөлі.....	43
Қожабеков Д.А. Әлеуметтік құндылықтар және олардың маман тұлға болмысын қалыптастыруға ықпалы.....	45
Хинаят Бабақұмар Қой жауырынының киелі қасиеті және оның дәстүрлі мәдениеттегі орны.....	50
Еримбетова А.М., Исмаилова Ш.А. Олимпиада по русскому языку как эффективный метод инновационных технологий обучения и воспитания.....	57
Құрсабаев М.Қ. Ұлттық тәрбиенің технологиялық картасы.....	63
Мырзаханова С.А. Мүмкіндігі шектеулі мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың теориялық негіздері.....	67
Туребаева Б.З., Савчиц Н.Е. Популяризация русского языка и культуры во внеучебном воспитательном процессе в вузе.....	71
Дюсембекова Г.А. Воспитание культуры межэтнического согласия в рамках проекта «Диалог культур через русский язык».....	76
Сулейменова А.А. Жүсіпбек Аймауытұлының шығармашылық жолы және психологиялық еңбектеріне талдау.....	82
Сарсенова А. Ұлттық тәрбие – құндылық бастауы.....	87
Урисалиева Г.И. Отбасының бала тәрбиесіндегі ролі.....	90
Жылқайдарова Ж.С. «Көкшетау» поэмасын оқытуда оқушыларға танымдық тәрбие берудің мәні.....	94
Қарғабаева Л.Т. Халқымыздың ұлттық тәрбиелеу ерекшелігі.....	97

Мақалаларды журналға басып шығарудағы талаптары

Мақаланы «Ұлттық тәрбие» журналына тапсыру үшін журналдың жауапты хатшысына қағаз түрінде басылып шыққан файл көшірмесімен кез келген электронды таратушыда өткізу керек. Дискетадағы ақпарат қағаз түрінде басылып шыққан ақпаратқа сай келуі қажет.

Мәтін Microsoft Word мәтіндік редакторда, Times New Roman шрифтпен, шрифтін өлшемі № 12 терілуі қажет. Мақаланың көлемі 5-беттен кем болмауы тиіс. Беттің параметрлері: үсті – 2 см, асты – 2 см, сол жағы – 3 см, оң жағы – 1,5 см. Жоларалық интервал – дара (одинарный).

Мақала автордың аты-жөні, қызметі, ғылыми лауазымы, мақаланың атын көрсетумен басталады, мақаланың соңында екі тілде түйін беріледі (егер мақала қазақ тілінде жазылса, онда түйін орыс және ағылшын тілдерінде, егер мақала орыс тілінде жазылса, онда түйін қазақ және ағылшын тілдерінде жазылады т.с.с.). Мақала терілгеннен кейін автор өзі тексеріп, қателерін түзеп, соңғы нұсқасын беруі қажет. Мақала мазмұнына автор өзі жауап береді.

Әдебиеттерге сілтеме міндетті түрде жасалсын. Олар мәтінде аталуына қарай таяқшада сан түрінде көрсетіледі. Мақаланың соңында берілетін әдебиеттер тізімінде алдымен автордың аты-жөні, мақаланың немесе кітаптың аты, сонан кейін кітаптың жалпы мәліметтері көрсетіледі.

Мақаланың соңында қызмет және үй телефон нөмірлерін көрсетулеріңіз қажет.

Түп нұсқалар, қойылған талаптарға сай келмеген жағдайда баспаға қабылданбайды. Мақалалар кері қайтарылмайды және өңделмейді.

Мақаланы баспаға шығару ақысы университеттің қассасына төленеді немесе банк арқылы төлеуге болады. *Қойылған талаптарға сәйкес мақаланы журналға шығару бағасы 1500 теңге.

Бір жылға жазылу бағасы 3104 теңге. Журналға жазылу «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жыл бойына жүреді. **Индекс 74310**

*Реквизиты: РГП ПХВ Абай атындағы Қаз ҰПУ
ИИН KZ17856000000086696
БИН 031 240 004 969
РНН 600900529562
АГФ ОАО «БанкЦентрКредит»
МФО 190501719, код 16
Свидетельство о постановке на учет по НДС:
Серия 60305 № 0005741 от 13.01.04

Ескерту:

Жекелеген авторлардың журналда жарияланған мақалаларындағы пікір-ұсыныстары редакцияның түбегейлі көзқарасын білдірмейді.

Мазмұнды, әрі мағыналы жазылған мақалалар редакцияда қаралып, ақысыз жарияланатын болады.

Требования к оформлению статей, публикуемых в журнале

Материалы для журнала «Ұлттық тәрбие» сдаются ответственному секретарю журнала в распечатанном виде с приложением копии файла на любом электронном носителе. Информация на электронном носителе и в распечатанном виде должна быть идентичной.

Набор должен быть произведен в текстовом редакторе Microsoft Word шрифтом Times New Roman, кегль – 12. Статья должна быть не менее 5 страниц. Параметры страницы: верхнее – 2 см, нижнее – 2 см, слева – 3 см, справа – 1,5 см. Междустрочный интервал – одинарный.

Статья должна начинаться с указания ФИО автора, занимаемой должности, ученой степени, названия статьи. В конце статьи обязательно наличие резюме на двух языках (если статья написана на казахском языке, то резюме должно быть написано на русском и английском, а если статья написана на русском языке, то резюме следует писать на казахском и английском). Текст должен быть тщательным образом выверен и отредактирован автором после набора. Автор сам отвечает за содержание статьи.

Ссылки на литературные источники обязательны. Они даются в тексте цифрами в сносках по мере упоминания. В списке литературы, который дается в конце статьи, вслед за фамилией и инициалами автора идут название статьи или книги, а затем остальные выходные данные.

В конце статьи необходимо указать номер служебного и домашнего телефона.

Оригиналы, оформление которых не будет соответствовать указанному требованию, к публикации не принимаются. Статьи не возвращаются и не рецензируются.

Материалы, поступившие в редакцию, в дальнейшем не будут использоваться в других изданиях.

Оплата за публикацию вносится в кассу университета, либо производится по безналичному расчету. *Стоимость статьи в журнал 1500 тенге.

Подписная цена за год 3104 тенге. Подписка на журнал проводится в течение года в отделах «Казпочта». **Индекс 74310**

Примечание:

Мнения и предложения авторов статей опубликованных в журнале могут не совпадать со взглядами и мнением редакции.

Лучшие статьи по мнению редакции будут печататься в журнале бесплатно.

Құрметті оқырмандар!

«Ұлттық тәрбие» журналын «Қазпошта» АҚ мекемесінің кез келген бөлімшесінен жаздырып ала аласыз. Журналға жазылу жыл бойына жүргізіледі.

«Ұлттық тәрбие» журналын жаздырып алуға және мақала жариялап, өзіндік тың ой қосуға асығыңыз, ағайын!

Мына мекен-жайға хабарласуларыңызға болады: Жамбыл көшесі, 25 үй, 24 каб. Тел: 291-88-83. E-mail: nitso@mail.ru

050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Ұлағат» баспасының баспаханасында басылды
Издательство «Ұлағат» Казахского национального педагогического
университета имени Абая

Тікелей репродукциялық әдіспен басылады
Печатается методом прямого репродуцирования

Жауапты редактор/Ответственный редактор – Жанар Сейсенбаева
Жауапты хатшы/Ответственный секретарь – Анар Құрманғали
Беттеген/Верстка – Анар Құрманғали

Редакция мекен-жайы:

050010, Алматы қ., Жамбыл к-сі 25 үй, Жанартпа технологиялар және
білім беру мазмұнын ҒЗИ, каб. 24.
Тел/факс: 8(727) 291-88-83, 8702 951-87-61,
электрондық мекен-жай: nitso@mail.ru

Басылымға жіберілді: 29.06.2012 ж. Пішімі 60x84 ¹/₈.
Қағазы сықтықар. Басылым – офсет. Көлемі 13 б.т.
Таралымы 500. Тапсырыс №253.



АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ НАЦИОНАЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ

Екі айда бір рет шығатын

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

2010 ЖЫЛДЫҢ НАУРЫЗ АЙЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

3 (11) 2012

(мамыр-маусым)

3

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ
НАЦИОНАЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ

3(11)2012
(мамыр-маусым)

